Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Republic of Kazakhstan Ministry of Science and Higher Education
Committee on Language Policy

Министерства науки и высшего образования
Комитет языковой политики Республики Казахстан

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖУРНАЛЫ

«TIL ZHANE KOGAM»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC ELECTRONIC JOURNAL

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ ЖУРНАЛ

№3 (67) 2026

Астана, 2026
Astana, 2026

ТІЛ және ҚОҒАМ

Халықаралық ғылыми журнал

Алғашқы есепке қою нөмірі мен мерзімі: 2993-Ж; 27. 05. 2002 жыл
«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі берілген.
Куәлік нөмірі: №KZ68VPY00111810
Атауы: «Тіл және қоғам»
Шығу жиілігі: жылына 4 рет
Тілі: қазақ, ағылшын және орыс
Тақырыптық бағыты: халықаралық ғылыми электрондық журнал, лингвистика және жасанды интеллект, терминология, тіл оқыту әдістемесі
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс-жақын шетелдер

Бас редактор
А. ҚОЖАХМЕТ

Жауапты редактор
Ж. ИСКАКОВА

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Primary registration number and date: 2993-ZH; May 27, 2002
A certificate of re-registration of the periodic printed publication has been issued by the Republican State Establishment «Committee of Information of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan»
Certificate number: №KZ68VPY00111810
Title: «Тіл және қоғам» *(Language and Society)*
Publication frequency: 4 times a year
Languages: Kazakh, English, and Russian
Thematic focus: International scientific electronic journal, linguistics and artificial intelligence, terminology, language teaching methodology
Distribution area: Republic of Kazakhstan, near and far abroad

Первичный регистрационный номер и дата: 2993-Ж; 27.05.2002 год
Выдано свидетельство о повторной регистрации периодического печатного издания Республиканским государственным учреждением «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан».
Номер свидетельства: №KZ68VPY00111810
Название: «Тіл және қоғам» *(Язык и общество)*
Периодичность выхода: 4 раза в год
Языки: казахский, английский и русский
Тематическое направление: международный научный электронный журнал, лингвистика и искусственный интеллект, терминология, методика преподавания языков
Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Отандық ғалымдар

Ербол Тілешов	*филология ғылымдарының кандидаты*
Шерубай Құрманбайұлы	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Бекен Сағындықұлы	*филология ғылымдарының докторы, профессор,*
Гүлбаршын Сыздықова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Алмагүл Әділова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Сабира Исакова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Шынар Қапантайқызы	*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
Болат Хасенов	*философия докторы (PhD), профессор*
Бану Ергеш	*философия докторы (PhD)*

Шетелдік ғалымдар

Валентина Маслова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Марина Пименова	*филология ғылымдарының докторы, профессор*
Рустам Шадиев	*философия докторы (PhD), профессор*

EDITORIAL BOARD

Domestic experts

Erbol Tileshov	*Candidate of Philological Sciences*
Sherubay Kurmanbayuly	*Doctor of Philology, Professor*
Beken Sagyndykuly	*Doctor of Philology, Professor*
Gulbarshyn Syzdykova	*Doctor of Philology, Professor*
Almagul Adilova	*Doctor of Philology, Professor*
Sabira Isakova	*Doctor of Philology, Professor*
Shynar Kapanatayeva	*Doctor of Pedagogical Sciences*
Bolat Khasenov	*PhD in Philosophy, Professor*
Banu Ergesh	*PhD in Philosophy*

Foreign Scientists

Valentina Maslova	*Doctor of Philology, Professor*
Marina Pimenova	*Doctor of Philology, Professor*
Rustam Shadiev	*PhD in Philosophy, Professor*

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Отечественные ученые

Ербол Тлешов	*Кандидат филологических наук*
Шерубай Курманбайулы	*Доктор филологических наук, профессор*
Бекен Сагындыкулы	*Доктор филологических наук, профессор*
Гульбаршын Сыздыкова	*Доктор филологических наук, профессор*
Алмагуль Адилова	*Доктор филологических наук, профессор*
Сабира Исакова	*Доктор филологических наук, профессор*
Шынар Капантайкызы	*Доктор педагогических наук*
Болат Хасенов	*Доктор философии (PhD), профессор*
Бану Ергеш	*Доктор философии (PhD)*

Иностранные ученые

Валентина Маслова	*Доктор филологических наук, профессор*
Марина Пименова	*Доктор филологических наук, профессор*
Рустам Шадиев	*Доктор философии (PhD), профессор*

МАЗМҰНЫ

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ., ШАЯХИМОВ Д.Қ., АЯН Э.
ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ..... 8

АРЫСБЕК С.Қ., ТӘУБЕЕВА Т.Ә.
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН АУДАРУ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ СЫНАУ..... 26

РЕЗУАНОВА Г.К., УӘЛИ М.
НЕОЛОГИЗМДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ТОЛЫҒУЫ..... 40

ТЕРМИНОЛОГИЯ

АХМЕТ А.Н.
«НҰСҚАУ» СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ (prompt және instruction ұғымдары)..... 53

ЖҰБАТХАНОВА К.Қ.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БИОТЕХНОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ..... 67

ҚОЖАХМЕТ А.Қ.
Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН «ҚАЗАҚША – ОРЫСША ТІЛМАШТАҒЫ» ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ..... 80

ТІЛ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ДАНИЯР Ә.А.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ГЕЙМИФИКАЦИЯ: «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ» ЖӘНЕ «СӨЗДІЛ» ОЙЫН ПЛАТФОРМАЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ..... 93

МҰХТАРОВА Ф.С.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ..... 110

CONTENT

LINGUISTICS AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

TANGSYKBAY A.K., SHAYAKHIMOV D.K., AYAN E.
TEXTUAL CRITICISM OF SHAKARIM QUDAYBERDIULY'S WORKS..... 8

ARYSBEK S.K., TAUBYEVA T.A.
TRANSLATING THE MORPHOLOGICAL SYSTEM OF THE KAZAKH LANGUAGE USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS: EXPERIENCE AND TESTING..... 26

REZUANOVA G. K., UALI M.
REPLENISHMENT OF MODERN KAZAKH VOCABULARY WITH THE NEOLOGISM..... 40

TERMINOLOGY

AKHMET A.N.
THE SEMANTIC FIELD OF THE WORD "NUSQAU" (THE CONCEPTS OF PROMPT AND INSTRUCTION)..... 53

ZHUBATKHANOVA K.K.
THE STRUCTURAL SYSTEM OF BIOTECHNOLOGY TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE..... 67

KOZHAKHMET A.Q.
FORMATION OF REDUPLICATIVE COMPOUNDS IN THE KAZAKH–RUSSIAN DICTIONARY EDITED BY Q. KEMENGERULY..... 80

LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

DANIYAR A.A.
GAMIFICATION IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE: THE LINGUODIDACTIC POTENTIAL OF THE "TORTEU TUGEL" AND "SOZDIL" GAME PLATFORMS..... 93

MUKHTAROVA F.S.
EFFECTIVE METHODS FOR TEACHING AND LEARNING KAZAKH ETHNOGRAPHIC VOCABULARY..... 110

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА И ИСКУСТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

ТАНСЫКБАЙ А.К., ШАЯХИМОВ Д.К., АЯН Э.
ТЕКСТОЛОГИЯ ТВОРЧЕСТВА ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ..... 8

АРЫСБЕК С.К., ТАУБЕЕВА Т.А.
ПЕРЕВОД МОРФОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С ПОМОЩЬЮ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: ОПЫТ И ТЕСТИРОВАНИЕ..... 26

РЕЗУАНОВА Г.К., УАЛИ М.
ПОПОЛНЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛЕКСИКИ С ПОМОЩЬЮ НЕОЛОГИЗМОВ..... 40

ТЕРМИНОЛОГИЯ

АХМЕТ А.Н.
СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ СЛОВА «НҰСҚАУ» (понятия prompt и instruction)..... 53

ЖУБАТХАНОВА К.К.
СТРУКТУРНАЯ СИСТЕМА БИОТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ..... 67

КОЖАХМЕТ А.К.
ОБРАЗОВАНИЕ ПАРНЫХ СЛОВ В «КАЗАХСКО-РУССКОМ СЛОВАРЕ» ПОД РЕДАКЦИЕЙ К. КЕМЕНГЕРУЛЫ..... 80

МЕТОДИКА ПРЕПОДОВАНИЯ ЯЗЫКА

ДАНИЯР А.А.
ГЕЙМИФИКАЦИЯ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ: ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ИГРОВЫХ ПЛАТФОРМ «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ» И «СӨЗДІЛ»..... 93

МУХТАРОВА Ф.С.
ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОСВОЕНИЯ ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА..... 110

ҒТАХР 17.81.31
DOI

Ә.Қ. ТАҢСЫҚБАЙ[1], Д.Қ. ШАЯХИМОВ[2], Э. АЯН[3]
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті [1, 2]
Мұғла Сыткы Кочман университеті [3]
(e-mail: adilet_2_97@mail.ru [1], DShayakhimov_1@shokan.edu.kz [2], ekremayan@hotmail.com [3])

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын қалпына келтіру мәселесі алғашқы басылымдар, кейінгі жинақтар және көшіруші қолжазбалары негізінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ақын шығармаларындағы мәтіндік айырмашылықтарды анықтау, олардың мағыналық және көркемдік құрылымға ықпалын бағалау, сондай-ақ авторлық мәтінді қалпына келтіруде алғашқы басылымдар мен қолжазба көшірмелерінің маңызын айқындау. Негізгі материал ретінде 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспаханасынан шыққан «Қазақ айнасы» жинағы, оның 1988-2023 жылдар аралығындағы басылымдары және ғылыми айналымға толық енгізілмеген Ш.Көрпебаев көшірмелері пайдаланылды. Зерттеуде салыстырмалы-текстологиялық талдау әдісі қолданылды. Түпнұсқадағы көмескі графемаларды нақтылау үшін факсимиле мәтіндері цифрлық өңдеуден өткізілді. Салыстыру нәтижесінде техникалық және орфографиялық қателермен қатар, шығармалардың мағынасына, ұйқас жүйесіне, поэтикалық тұтастығына және авторлық дүниетанымның берілуіне әсер ететін лексикалық, грамматикалық әрі композициялық өзгерістер анықталды. Зерттеу нәтижелері Шәкәрім шығармаларын қалпына келтіруде алғашқы басылыммен қатар көшіруші қолжазбаларын да кешенді пайдаланудың қажеттігін дәлелдейді және ақын мұрасының ғылыми-сыни академиялық басылымын әзірлеуге негіз болады.

Түйін сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, текстология, Қазақ айнасы, поэзия, қолжазба, көшірме, ғылыми-сыни басылым.

Кіріспе

Жазба ескерткіштері тілін зерттеудің маңызы зор. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық құрылтайда: «Біз сан ғасырлық тарихымызды мақтан етеміз. Тамыры терең төл шежіреміз – халқымыздың мәдени кодының өзегі. Оны жан-жақты зерттеп, ой елегінен өткізуге және барынша дәріптеуге

қажетті жағдай жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің негізгі міндетінің бірі» [1], – деген болатын. Абай мен Шәкәрім өз дәуірінің рухын, қоғамдық қайшылықтары мен рухани ізденістерін шығармаларында дәл бедерлей отырып, ұлт санасын жаңғыртуға бағытталған реформаторлық идеяларын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Абай, Шәкәрім мұрасы ХХ ғасырдың басындағы төте жазумен таңбаланғандықтан, оны қазіргі әліпбиге дәл көшіру – мәтінтану ғылымының өзекті міндеттерінің бірі. Қолжазбаларды оқу барысында жіберілген болмашы қатенің өзі шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын өзгертіп, авторлық ойдың бұрмалануына әкелуі мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрім мұрасындағы мәтіндік ауытқуларды анықтап, оларды түзету ақынның рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа түпнұсқа қалпында жеткізудің басты шарттарының бірі болып табылады.

Шәкәрімнің кейбір қолжазбалары ақынның көзі тірісінде-ақ тәркіленіп, жойылғаны тарихтан белгілі. Саяси-идеологиялық қысым кезеңінде ғалымдар қолжазбаларды жинап, салыстыру және зерттеу жұмыстарын жүргізе алмаған. Соның салдарынан көптеген мұрағаттық материалдар ғылыми айналымнан тыс қалып, кейбір қолжазбалар Қазақстаннан тысқары жерлерге кетіп қалған. Шәкәрімтанушы А.Т. Смагулова, А.С. Еспенбетов, Б.А. Ердембеков пікірінше, бұл – мәтінтанудағы, әсіресе Шәкәрім мұрасын жариялаудағы басты кедергі, ойсыраған олқылық. Қолжазба мұраларының бүгінгі күнге жетпеуі жүйелі, тиянақты ізденістерге қолбайлау болып келе жатқандығы мәтінтанудың көсегесі көгермеуіне басты себеп [2, 119].

Шәкәрімнің өзі шығармаларының бұрмаланып жариялануына көзі тірісінде-ақ көз жеткізіп, бұған аса алаңдаған. 1924 жылы «Қазақ тілі» газетіне жолдаған хатында «Ләйлі-Мәжнүн» дастанына қатысты: «Шолпан» журналында басылған мәтінді «Өлеңімді соқыр, ақсақ, шолақ қол қылыпты» [3, 144], – деп шағымданады.

Абайдың шығармаларын түгендеп зерделеген, сөйтіп отандық текстология ғылымының негізін қалаған ғалым Қ.Мұхамедханов Шәкәрімді Абай шәкірттерінің арасындағы ең көп жазған бірі де бірегейі деп бағалаған. Шәкәрімнің де өлеңдері есімі аяқталған соң қате басылып жүргеніне алғашқылардың бірі болып назар аударды. 1912 жылғы «Қазақ айнасын» кейінгі басылымдармен салыстыра отырып, көптеген қателерді анықтады. Айталық, «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» өлеңіне қатысты: «164 жол өлеңінің 28 жолы қысқартылып, ақынның өзі жазған сөздері өзгертіліп, өлеңнің идеялық мазмұнына байланысы жоқ бөтен, бөгде сөздер кіргізіліп, шығарманың құрылысы бүлінген, ақынның ой жүйесі бұзылған, мазмұнына сай тұрған түр-көркемдігіне нұқсан келтірілген» [3, 165], – деп жазады. Ғалым Шәкәрім мұрасын «мүлтіксіз жариялап, халыққа кіршіксіз

жарқыратып жеткізу – біздің аса жауапты әрі құрметті борышымыз» деп тұжырымдайды [3, 179].

Зобалаң заманда ақын қолжазбаларының бір қатары өртенді, бірі жоғалды, бірі шет елді асып жоғалды. Мұрагерлерінің қолында сақталып, мұрағаттарға табысталған қолжазбаларды кеңестік қуғын-сүргін жылдары зерттеуге тыйым салған. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері ақынның шығармалары да басылып, мәтінтану бағыты бойынша зерттеулер жандана түсті. Десек те, халық арасында тараған қолжазбалардың бәрі бір ортаға жиналып, кешенді зерттелді деуге әлі ерте. А.Т. Смагулова, Ж.М. Әубәкір, Н.Ж. Мағазбеков пікірінше, Шәкәрім өлеңдерінің нұсқалық айырмашылықтары, қолжазба мен баспа мәтіндерінің арақатынасы және редакциялық өзгерістер арнайы кешенді текстологиялық тұрғыдан әлі жүйелі зерттелмеген [4, 138]. Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясына қатысты бірде-бір диссертация қорғалмаған, монография жазылмаған. Осы бағыттағы санаулы еңбектердің бірі ретінде академик Р.Нұрғалидың жетекшілігімен 2007 жылы қорғалған Д.Шаяхимовтың «Шәкәрім поэмаларының текстологиясы» [5] атты кандидаттық диссертацияны ғана айта аламыз. Бұл зерттеуде ғалым Шәкәрімнің көзін көрген, үзеңгілес серігі Ә.Алдажарұлының күйеу баласы болып келетін Шыңғыс Сләмқұлұлы Көрпебаевтың қолындағы қолжазбаларға («Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ пен Айсұлу» атты үш поэма көшірмелері) текстологиялық талдау жүргізілген.

Соңғы жылдары Шәкәрім шығармаларының мәтінтану мәселелері қайтадан ғылыми назарға ілігіп, жекелеген шығармалардың мәтіндік тарихы, басылымдардағы оқылым ерекшеліктері мен қолжазба нұсқаларына қатысты зерттеулер жарық көре бастады [2; 4; 6]. Осы орайда Шәкәрім шығармалары жинағының жекелеген мәтіндік оқылымдарын алғашқы басылымдармен және қолжазба деректерімен салыстыра қарастыру, ғылыми айналымға әлі енбеген қолжазба материалдарының мәтінтанудағы маңызын көрсету және ақын мұрасының сыни басылымын әзірлеу қажеттігін негіздеу осы бағыттағы зерттеулердің заңды жалғасы болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының 2023 жылы жарық көрген репринттік басылымы [7] алынды. Бұл жинаққа ақынның 1912-1924 жылдары көзі тірісінде жарияланған кітаптарының факсимилелік көшірмелері берілген. 1912 жылы «Жәрдем» баспасында (Семей) жарық көрген «Қазақ айнасы» жинағына [8] баса назар аударылды.

Текстологиялық салыстыру жүргізу үшін төмендегі басылымдар пайдаланылды:

1) түпнұсқа («Жәрдем», 1912): бастырушы және редакторы Ш.Құдайбердіұлы;

2) Шәкәрім ұлы Ахаттың кириллицаға аударған нұсқа (баспаға әзірлеген – М. Қайрамбаева) [9];

3) ақын есімі ақталған соң бірінші болып жарияланған жинақ («Жазушы», 1988) [10]: құрастырушылар – М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, [А.Құдайбердиев];

4) дәл сол жылы басылып шыққан «Жолсыз жаза» жинағы («Жалын», 1988) [11]: құрастырушы – М.Мағауин;

5) Х.Сүйіншәлиев әзірлеген «Өлеңдері мен поэмалары» жинағы («Рауан», 1990) [12];

6) Б.Байғалиев, Е.Қасейінұлы дайындап шығарған «Иманым» жинағы («Арыс», 2000) [13];

7) «Атамұра» баспасынан шыққан «Қазақ айнасы: өлеңдер мен поэмалар» жинағы («Атамұра», 2003) [14];

8) Г.Мұқышева құрастырған «Қалқаман-Мамыр; Еңлік-Кебек; Ләйлі-Мәжнүн; Өлеңдер; Проза; Қара сөздер: Шығармалар жинағы» («Өлке», 2013) [15];

9) А.Еспенбетов, А.Смағұлова, М.Өндірқан, Б.Түбекбаева құрастырған жинақ («Фолиант», 2018) [16];

10) А.Смағұлова құрастырған репринтік басылым («Фолиант», 2023) [7].

Қосымша материал ретінде ғылыми айналымға әлі енгізілмеген Ш.Көрпебаевтың қолжазба көшірмелері пайдаланылды. Атап айтқанда, Шәкәрім 1930 жылы 1 наурызда шығарған «Қатты ауырғанда» өлеңінің 1948 жылғы 15 қаңтарда жасалған көшірмесі қолданылды.

Зерттеу барысында салыстырмалы-текстологиялық әдіс қолданылды. Мәтіндегі графемалардың айқындылығын арттыру және жекелеген оқылымдарды нақтылау үшін түпнұсқа мәтіннің факсимилесі Adobe Photoshop бағдарламасында негатив форматқа түрлендіріліп, графикалық өңдеуден өткізілді. Талдау барысында сөздік, графикалық, редакциялық және құрылымдық өзгерістер зерделенді.

Талқылау

Соңғы басылымда анықталған мәтіндік ерекшеліктердің барлығын бір мақала көлемінде қарастыру мүмкін болмағандықтан, мәтіннің мазмұны мен авторлық ойын түсіндіруге ықпал ететін бірқатар мысалдарға ғана тоқталамыз.

2023 жылғы репринттік басылымда «Қазақ айнасының» факсимилесімен қатар қазіргі графикадағы транскрипциясы да берілген. Салыстыру барысында факсимиле мәтіні мен ұсынылған транскрипция арасында жекелеген айырмашылықтардың кездесетіні айнықталды. Олардың бір бөлігі мәтіннің мазмұнына елеулі әсер етпейтін техникалық-орфографиялық сипаттағы ерекшеліктер. Бұған бірнеше мысал келтірейік.

«Көкіректе толған шер, көңіл қаяу» өлеңіндегі سینی آدامدیب ایسکیریب کم ایلایدی [8, 4] «Сені адам деп ескеріп кім елейді» «Жазушы» баспа жинағында [10, 69] *есіркеп кім ойлайды,* А.Шәкәрімұлы көшірмесінде [9, 11] *ескеріп кім ойлайды,* 2023 жылғы басылымда [7, 15] *ескерін кім елейді* деп берілген. «Еске алу, есте тұту, ұмытпай елеп, ойына алу; ардақтау, қадірлеу, құрмет тұту» [17, 417-418] мағыналы *ескеру* (*[р]* әрібі *[к]* әрібінен кейін орналасқаны анық) сөзін «жаны ашу, мүсіркеу, аяу» [17, 441] мағыналы *есіркеу* етістігімен алмастыруға келмейді. Бұл сөздің «Фолиант» баспасында *ескерін* деп берілуі техникалық қатеге ұқсайды.

«Жуандар» өлеңіндегі «Өздеріңе айтқызса әділ-ақсың» жолындағы آیطقزصه [8, 5] айтқызса сөзі «Фолиант» нұсқасында *айтызсаң* [7, 17] деп беріледі. Бұдан басқа жинақтардың барлығында [9, 13; 11, 71; 12, 23; 15, 268] – айтқызса. Соңғы нұсқа дұрыс, себебі сөз соңында «ң» (ڭ) әрібі таңбаланбаған. Екіншіден, өлеңнің ішкі мазмұны аталған тұлғаны талап етеді. Бұл жолда бастауыш жасырын берілген: «(халық) өздеріңе айтқызса – әділ-ақсың». «Мен қарасам, сендердің бетің теріс» деп Шәкәрім көпшілік алдындағы беделге емес, адамның шынайы болмысына қарап төрелік етеді.

«Партия адамдары» өлеңіндегі «Япырым-ау, бұл не деген наданшылық» жолындағы یاقیرماو [8, 17] *япырым-ау* сөзі «Фолиант» баспасында *япырм-ай* (дауыссыздар арасында дәнекер «ы»-сыз) [7, 41] делінсе, оған дейін [9, 37; 10, 82; 12, 40] япыр-ау деп таңбаланып жүрді. Дұрыс оқылуы – *япырым-ау.*

«Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» өлеңіндегі «А, Құдай, оңда деп отыр» деген жолдағы اوڭد [8, 18] *оңда* етістігі «Фолиант» баспасында *онда* [43] деп таңбаланған. Кеңестік атеистік идеологияның ықпалымен *Құдай* сөзінің *тоба* сөзімен алмастырылып жарияланғанын Қ.Мұхамедханов арнайы қарастырған, алайда бұл кейін де жалғасын тапты. «Иманым» (2000) [13, 14] жинағында және «Қазақ айнасының» «Атамұра» баспасынан шыққан басылымында [14, 45] цензура бойынша бұрмаланған жерлер қайталанып берілген.

«Қайтқан шал» өлеңінде«Уақыт толып қалғанын байқаған соң» жолында طولوب [8, 10] *толып* сөзі (сөз басындағы [ط] әрібі) анық басылғанымен, «Жазушы» [10, 72], «Рауан» [12, 30], «Фолиант» баспаларында [7, 27] *болып* деп қате келтірілген. А. Шәкәрімұлы жазбасында ғана дұрыс көшірілген [9, 22].

Бұлардың басым бөлігі техникалық және орфографиялық сипатта болғандықтан, оларды арнайы талдаудың қажеті жоқ деп есептейміз. Төменде қарастырылатын айырмашылықтар мәтіннің мағынасына түрлі дәрежеде ықпал ететіндіктен, мәтінтанулық тұрғыдан арнайы назар аударуды қажет етеді.

«Көкіректе толған шер, көңіл қаяу» өлеңіндегі بر اوزوڭه صیبندیم بار خدایاو [8, 4] «Бір өзіңе сиындым, бар Құдай-ау» жолында *бар* тұлғасы анық таңбаланып,

осыған дейін («Жазушы» баспа жинағында тұтас шумақ қысқартылған) сол күйі таңбаланып келсе [11, 67; 14, 42; 15, 255], бұл жинақта *бір* деп өзгертілді. Оған қоса *сиындым* сөзі *сыйындым* деп емленің фонетикалық қағидасы бойынша таңбаланған. Р.Сыздық: «*С* мен *т*-дан басталатын және осылардан кейінгі дыбысы *и* болып келетін сөздердің қалғаңдарында жалаң *и* жазылады: ... *сиыну* (айтылуы: *сыйыну*)» [18, 158], – дейді. Қазіргі қазақ тілінің емле ережесіне сүйенсек, *сиындым* деп жазылуы тиіс. *Бір Құдай-ау* қолданысын қосымша дәйектеу үшін ақынның стиліне де жүгінген артық болмас. Шәкәрімнің поэтикалық тілін зерделеген ғалым Б.Момынова ақынның қайталауды өзіндік стильдік тәсіл ретінде кең қолданғанын айтады. «Шәкәрім қайталаудың жаңа түрлерін қалыптастырумен жаңалық енгізді» [19, 76], – деп тұжырымдайды. Шынымен де, «Қазақ айнасында» бұл тәсіл жиі байқалады. Өлеңнің бас жағындағы بر اوزوڭ صيينديم بار خدايا [8, 4] «Бір өзіңе сиындым, бар Құдай-ау» өлеңнің соңғы بار سويانش اوموتى بر خدايده [8, 4] «Бар сүйеніш, үміті – бір Құдайда» жолымен сабақтас. *Бір, бар, Құдай* сөздері әдейі орны ауыстырылып қайталанып берілген. Бұл арқылы жалғыз Жаратушыға деген сенім идеясы беріледі. Бірден бір *Құдай* түрінде таңбаласақ, авторлық идеяға нұқсан келтірілуі мүмкін.

Аталған өлеңге қатысты сөз соңындағы әріпті алмастыру да тіркелген.

«Көп төбетке жетеді қайдан күшің,

Құтқара алмай адалды пысады ішің.

Қабағыңды қаққанша қас болады,

Жақыным деп болысып жүрген кісің» деген шумақтағы كوشيك *күшің,* ايشيك *ішің,* كسيك *кісің* сөздері «Жазушы» баспасы [10, 68] мен А.Шәкәрімұлы оқуынан [11] басқасында («Жалын» [11, 67], «Рауан» [12, 22], «Атамұра» [14, 43], «Өлке» [15, 256], «Фолиант» [7, 15]) *күшім, ішім, кісім* деп берілген. Сөз соңындағы «ң» (ڭ) әрібі анық таңбаланғандықтан, оған қоса «Қабағыңды қаққанша қас болады» деген жолдағы II жақтағы тәуелдік жалғаудың бар болғандықтан, бірінші нұсқаны дұрыс деп есептейміз.

Шәкәрім өлеңдерінің ішінде ең бұрмаланғаны – «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» өлеңі. Иман мәселесін қозғайтын тұстар аяусыз қысқартылған. А.Т. Смагулова, А.С. Еспенбетов, Б.А. Ердембеков есептегені бойынша, жол саны – 160. Содан бергі жарияланып келе жатқан жинақтарда, атап айтқанда, 1988 жылы «Жазушы» баспасы, 2006, 2008 жылдары «Халықаралық Абай клубы» баспалары мен 2008 жылғы «Арыс» баспасында – 132 жол болып берілген. 2006 жылы «Жібек жолы» баспасынан шыққан жинақта – 144 жол [2, 124]. Қысқартылған шумақтардың өзі қазіргі кезде әртүрлі беріліп жүр. Мәселен, қысқартылған шумақтардың бірі:

««Жәрдемші кім онда?!» де,

«Қаруым қайсы сонда?» де.

Ақ жүрекпен Аллаға:

«А, Құдай, өзің оңда!» де». Қазақ поэзиясындағы реквиемдік жанрдың басында тұрған [20] бұл өлеңде ақын өзіне сұрақтар қойып, ойталқы жүргізеді. Түпнұсқадағы өзара ұйқасып тұрған اوندا *онда де* – صوندا *сонда де* – اوڭدادم *оңда де* [8, 19] сөздері соңғы жинақта *онда да – сонда да – оңда де* [7, 45] болып өзгертілген. Бұл жағдайда ұйқастық жүйесі бұзылған. Жол соңында «де» етістігі қолданылғанын алдыңғы шумақ та аңғартады:

«Жын қақпаса, мұның не?!

«Шынымен, қор болдым» де!

Есіңді жи, ерте ойлан!

Қаза келді, «өлдім» де!».

Назарымызға іліккен келесі айырмашылық – «Партия адамдары» өлеңіндегі طاپطازا باری بردای نیکین بولوب [8, 17] «Тап-таза, бәрі бірдей неген болып» жолында. Осындағы نیکین *неген* (А.Шәкәрімұлы [9, 37], «Жазушы» [10, 82]) сөзі бастапқы жинақта дұрыс таңбаланғанымен, «Рауан» баспасында *деген* [12, 41], «Фолиант» баспасында тіпті *қарау* [7, 41] деп өзгертіліп берілген. Семей өңірінде *неген* сөзі «нақақ, кінәсіз» мағынасында қолданылатыны белгілі [21, 529]. Өлең мазмұнына сүйенсек, адал жолдан тайған адамдар өзін бұлай ақтайды:

«Қайтелік, заман солай деген болып,

Алдаумен бірін-бірі жеген болып,

Менен емес, анадан деп суылдап,

Тап-таза, бәрі бірдей неген болып». Осындағы *тап-таза мен неген* – синонимдер. «Деген» оқылымы бұл мағыналық тұтастықты бұзса, «арам, әділетсіз, қиянатшыл», «сараң» мағыналы қарау сөзі қарама-қайшы болып келеді. Бұл сөз түпнұсқаға сәйкес түзетілуі тиіс.

Элегия жанрындағы туындының бірі «Өлген көңіл – ындынсыз өмір» өлеңі де түрлі таңбаланып келеді. Бұл өлеңнің قاصقارالیمای بیت آوغان [8, 20] «Қасқара алмай бет ауған» деген үшінші жолы жинақтарда төмендегідей берілген (1-кесте):

Кесте 1 – «Өлген көңіл – ындынсыз өмір» өлеңінің 3-жолының таңбалануы

«Жәрдем», 1912 [8, 20]	А. Шәкәрімұлы [9, 43]	«Жазушы», 1988 [10, 87]	«Жалын», 1988 [11, 76]	«Рауан», 1990 [12, 46]	«Өлке», 2013 [15, 262]	«Фолиант», 2023 [7, 47]
Қасқара алмай бет ауған	қасқара алмай бет ауған	қас қарай-май беті ауған	қасқара алмай бет ауған	қас қарай-май беті ауған	қас қарай-май бет ауған	қас қара алмай беті ауған

Бұл тұста «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» жүгінеміз: «*Қасқар* - ет. алған бағытынан қайтпау, қасарысу. Қабағынан қар жауған Қараңғы бұлт жоғалды. Қасқара алмай бет ауған Қаһарлы жел де оңалды (Ш. Құдайбердиев, Шығ.)» [22, 427] және «*Бет аударды.* Беталысын өзгертті, беттеді» [23, 301]. Бұған қоса, қолжазба графикасы да осы оқылымды растайды. Бұл оқуды дұрыс деп есептегендер – А.Шәкәрімұлы, М.Мағауин. Кейінгі басылымдардағы нұсқалар болса, «Қабағынан қар жауған, Қараңғы бұлт жоғалды» деген алғашқы екі жолдағы табиғат көрінісінің ықпалымен оқылғанға ұқсайды. Қас қараю/қасқараю «кеш батты, қараңғы түсті, ымырт жабылды» мағынасында қолданылады. Асылында, қасқара алмай бет ауыы желге қатысты айтылып тұр. Алдағы жинақта түзетілуі қажет деп есептейміз.

«Қазақ айнасы» өлеңдеріндегі баспа қателер тізбесін бұдан әрі жалғастыра беруге болады. Алайда әрбір оқылымның дұрыстығын жан-жақты дәлелдеу факсимилені, транскрипцияны және кейінгі басылымдарды өзара салыстыра отырып, көлемді мәтінтанулық талдау жүргізуді талап етеді. Бір мақала аясында мұндай айырмашылықтардың барлығын толық қамту мүмкін емес. Осыған байланысты зерттеуде мәтіндік алшақтықтардың негізгі түрлері мен жеке мысалдарын ғана қарастырдық.

Назар аударарлық келесі мәселе – Шәкәрім шығармаларының мәтінін анықтауда көшіруші қолжазбаларын ғылыми айналымға кеңінен тарту қажеттігі. Қазіргі кезде ақын мұрасын жинау мақсатында Қазақстан аумағында (және шет елде) жүргізілген экспедициялық жұмыстар толық әрі жүйелі түрде жүзеге асырылды деп айту қиын. Әсіресе еліміздің шығыс өңірінде сақталған қолжазбалар, оларды көшіріп таратқан адамдар және сол көшірушілердің мәтін жеткізудегі қызметі отандық ғылымда лайықты бағасын алмады. М.Мағауин осындағы қолжазбалар хақында: «...кітаптардың бірталайы әлі күнге дейін халық арасында тарап жүргені байқалады. Әрине, қандай күйде, қайда сақталмасын, ескі қолжазбалардың бәрі де мәнді, бірақ нақтылық дәрежесі, ғылыми құндылығы бір деңгейде болмаса керек» [11, 248], – дейді. Осыған үндес пікірді Б.Байғалиев та келтіреді. Ғалымның пікірінше, «...қалайда ақын шығармаларының ел арасында бар қолжазба нұсқалары бір орталыққа жиналуы керек. Әсіресе, Семей (қазіргі Абай облысы – авт.), Шығыс Қазақстан облыстарының территориясында және осыларға қанаттас, жапсарлас өңірлерде ақын шығармаларының қолжазбалары кең тараған» [13, 308]. Бұған Ш.Көрпебаев көшірмелері (1-суретті қараңыз) нақты дәлел бола алады.

Шәкәрім өмірінің соңғы жылдарын елден жырақта, Саят қорада өткізгені мәлім. Осы кезде шығармашылықпен белсенді айналысып, көп өлең жазды. Ақындық шеберханасында өткізген бұл кезең жайлы «Мұтылғанның өмірі» шығармасында, өзге де бірқатар өлеңдерінде бейнелеп қалдырған. Олардың

қатарында «Қатты ауырғанда», «Иесіз қораға екінші барғанда», «Екінші күн қонғанда» секілді өлеңдері бар [24, 33]. Ақынға осы уақытта жанынан табылып, қолдау көрсеткен адамдардың бірі – оның туысы әрі сенімді серігі Әбдіғали Алдажарұлы болды. 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде Шәкәріммен байланысы болғаны үшін тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Бұдан алдын қолжазбалардың жойылу қаупі туындағандықтан, қолда бар қолжазбаларды күйеубаласы Ш.Көрпебаевқа табыстайды. Ол өз кезегінде 1995 жылы Д.Шаяхимовқа аманатқа қалдырады. Бұл жайлы дәл сол жылы жүргізген сұхбат аудиожазбасынан [25] толығырақ білуге болады. Төменде көшіруші қолжазбаларының мәтінді қалпына келтірудегі маңызын айғақтайтын бірнеше мысалға ғана тоқталамыз.



Сурет 1 – Шәкәрімнің 73 жасында ауырып жатқанда жазған өлеңі («Қатты ауырғанда», «Ойладым бір сөз жазайын да...»)

«Қатты ауырғанда» өлеңінде «1930 жылы 1 мартта иесіз қорада жатып жазған» деп берілген. «Ұмытылғанның 73 жасында ауырып жатқанда айтқан өлеңі» деп аталған бұл өлең қазір басылымдарда «Қатты ауырғанда», «Ойладым бір сөз жазайын да...» деп жеке беріліп жүрген екі өлеңнің [16, 310-311] қосындысы. Мәтін соңында: «Шығарған қары шал (Кәрім шал,

Шәкәрім – авт.). Жазуы Шыңғысқан Көрпебайұлы. 1948 жылы 15 январь көшірілді. Түзу – бірақ өзіне лайықты әні бар. Сонымен айту керек, онсыз сұлу көрінбейді. 15/ I / 48 г.». Ә.Алдажарұлы да, Ш.Көрпебаев та әншілік өнерге жақын адам болғандықтан, әуендік нұсқасын таңбалады деуге негіз бар. «Өзіне лайықты әні бар» деген ескертпе өлеңнің арнайы мақаммен орындалғанын көрсетеді.

Баспа нұсқасы 42 жолдан тұрса, көшірме 36 жолды қамтиды. Алғашқы 18 жол негізінен сақталғанымен, жекелеген оқылымдар өзгеше берілген: *жақта – шақта, шаттанып жүрдім шалықтай – мас болып жаттым шалықтай, иесіз тамға – елсіз тамға.* Ең елеулі өзгешелік мәтіннің құрылымынан көрінеді: кей шумақтардың орны ауысқан, ал баспадағы «Жапанда жалғыз жатқаным-ай…», «Бастырмай екі саным-ай!», «Өлімді арман көрмедім-ай» тәрізді жолдар көшірмеде мүлде кездеспейді.

«Иманымды үзбей жаттадым-ай» – «Иманымды үзбей жатқаным-ай». Көшірмедегі «Иманымды үзбей жатқаным-ай» оқылымы авторлық мәтінге жақынырақ көрінеді, өйткені баспа нұсқасындағы «жаттадым» етістігі күмән келтіреді. *Иманды үзбей* тіркесінен кейін «нені жаттады?» деген сұрақ туындайды. Көшірмедегі *жатқаным-ай* сөзі өлеңнің жалпы мазмұнымен үйлеседі. Ақын ауыр дертке шалдығып, қозғала алмай жатқан күйін суреттей отырып, қандай қасіретке душар болса да, иманынан жырақтамағынан меңзейді.

Басылымдарда жеке өлең ретінде беріліп жүрген «Ойладым бір сөз жазайын да...» көшірмеде алдыңғы өлеңнің жалғасы ретінде ұсынылған. Екі нұсқа да 60 жолдан тұрғанымен, ескеруді қажет ететін мәтіндік айырмашылықтары бар. Айталық, «Бұлақтан арман белігі бар» – «Бұлақтан әрмен белігір бар»: «Белігі бар» – техникалық қате. Көшірмеде сақталған بلگیر بار *белігір* («белегір» тұлғасының қолданысы басым) қазіргі әдеби тілде сирек қолданылады. Кей өңірлерде, мысалы Батыс Қазақстан говорында «белес», «дөңес», «асу, қырат» мағынасында қолданылады. Өлең контексінде ақын жерлеу орнын нақтылап, «бұлақтан әрмен белігір бар» деп жерді көрсетіп отыр, сондықтан бұл сөз жер бедерін білдіретін топографиялық атау ретінде түсіндірілуі тиіс.

«Әкемнен өнген бар аулыма, Көрші, дос, құда, бай ұлына» – «Әкемнен өскен бар аулыма, Көрші, дос, құда, Бай аулына». *Өнген* мен *өскен* сөздері мағыналас болғандықтан, нұсқалық айырмашылық деп қана қабылдаған жөн. Келесі айырмашылық авторлық мәтінді қалпына келтіруге септігін тигізеді деп есептейміз. Баспа нұсқасындағы *бай ұлына* тіркесі жеке адамға қатысты жаңсақ мән тудырады. Өлеңнің жалпы контексінде Шәкәрім өзімен туыстық, құдандалық қатынаста болған тұтас ортаға, ауыл-аймаққа сәлем жолдап отыр. Көшірме мәтіндегі بای اؤلنا *Бай аулына* нұсқасы тарихи де-

ректермен де, өлеңнің мазмұнымен де үйлеседі. Мұндағы *Бай ауылы* – нақты топоним. Тарихқа зер салайық. Қазан қаласынан әскерден қашып келіп, Семей өңіріне паналаған татар жігіті Ысқаққа Құнанбайдың Шыңғыстау өңірінен жер бергені белгілі. Кейін бұл қоныс «Бәкең ауылы» немесе «Бай ауылы» аталып кеткен. Ысқақ әулеті мен Құнанбай ұрпақтарының арасындағы құдандалық байланыс уақыт өте тереңдей түседі. Әсіресе Ысқақтың інісі Махмұттың қызы Айғаншаны Шәкәрімнің алып қашып, кейін кіші әйелі етуі бұл байланысты одан әрі нығайтқан. Осы тарихи контексті ескерсек, «Көрші, дос, құда, Бай аулына» жолының логикасы толық ашылады. Ақын өзімен аралас-құралас болған, құдандалы ортаға сәлем жолдап отыр. Мұндағы «көрші, дос, құда» сөздерінің тізбектеле келуі де «Бай ауылы» атауымен семантикалық жағынан тұтасып тұр. Ал баспа мәтініндегі бай ұлына формасы осы тарихи-әлеуметтік мағынаны көмескілендіріп, тіркесті кездейсоқ бір адамға бағытталғандай етіп көрсетеді.

«Өмірге жоқ қой құмарым да» – «Өмірде жоқ қой құмарым да». Бір ғана септік жалғауының өзгеруі арқылы ақынның дүниетанымдық ұстанымын басқа арнаға бұрып жібереді. Біріншісінде өмірдің өзінен түңілу, тіршіліктен безіну сарыны сезіледі – бұл Шәкәрімнің философиясына сәйкес емес. Ақын дүниені өткінші деп танығанымен, адам өмірін, рухани ізденісті, ақыл мен ар ілімін жоғары бағалаған тұлға. Фәнидің жалғандығы жиі айтылса да, өмірдің өзін жоққа шығару яки нигилистік сарын басым болмаған. Екінші нұсқаға жүгінсек, өмірдегі өткінші қызықтар мен нәпсілік құмарлықтардан бойын аулақ ұстағанын аңғартады. Яғни «өмірде қатты байлап тұрған, ерекше әуестендірген дүние жоқ» деген ой меңзеледі. Бұл ақын моральдық-этикалық ұстанымына жақын.

«Айтқанмын: «Өлсем, жылама», – деп» – «Айтқамын: «Өлсем, жылама», – деп». Айтқанмын және көшірмедегі يتقامس! *айтқамын* тұлғаларының айырмашылығы қазақ тіліндегі ықшамдалған етістік формаларымен байланысты. Р.Сыздық: «*барғанмын, келгенмін* дегендерді ақын, жазушы не драматург барғамын, келгемін тұлғасында қолдануы да әбден ықтимал. Ықшам тұлғалар әсіресе поэзияда көбірек ұшырасады. Мұндайда тұлғаларды қалай берілсе (ықшам не толық), солай айту керек» [26, 284-285], – деп жазады. Бұл қолданыс Абай тіліне тән дейді. Шәкәрімде де солай болса керек.

Нәтижелер

Зерттеуде Ш. Құдайбердіұлының 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Қазақ айнасы» жинағы, оның кейінгі басылымдары және Ш.Көрпебаев көшірмелері текстологиялық талданды.

«Қазақ айнасы» жинағының түпнұсқасы мен соңғы баспа нұсқасын (2023 жыл) салыстыру нәтижесінде негізінен техникалық және орфографиялық

сипаттағы айырмашылықтар анықталды *(ескерін – ескеріп, толып – болып, япырм-ай – япырым-ау, айтқызса – айтызсаң, оңда – онда т.б.).*

Бар Құдай-ау – бір Құдай-ау; күшің, ішің, кісің – күшім, ішім, кісім; онда де, сонда де, оңда де – онда да, сонда да, оңда де; неген – қарау; қасқара алмай бет ауған – қас қара алмай беті ауған сияқты мәтіннің мағыналық және көркемдік келбетіне елеулі ықпал ететін айырмашылықтар қарастырылды. Алдағы зерттеулерде жинақтағы барлық өлең нұсқаларын қамту жоспарланған.

Ш.Көрпебаев көшірмелерін баспа мәтіндерімен салыстыру барысында мәтінтанулық тұрғыдан назар аударуды қажет ететін бірқатар айырмашылықтар анықталды. Олардың қатарында композициялық-құрылымдық алшақтықтар (екі өлеңнің көшірмеде біртұтас мәтін ретінде берілуі, шумақтардың орын ауыстыруы, кейбір жолдардың қысқартылуы), *жақта – шақта, иесіз – елсіз, өмірге – өмірде, айтқанмын – айтқамын* тәрізді лексика-грамматикалық нұсқалар, сондай-ақ мағынаны нақтылайтын *жаттадым-ай – жатқаным-ай, бай ұлына – Бай аулына, белігі бар – белігір бар* сияқты оқылымдар кездесті. Қолжазбадағы бірқатар нұсқалар өлеңнің мазмұнына, тарихи ортасына және автордың дүниетанымдық ұстанымына баспа мәтінінен гөрі жақын деп топшылаймыз.

Алынған нәтижелер Шәкәрім шығармаларының мәтінін алғашқы басылымдар мен көшіруші қолжазбаларын қатар пайдалана отырып қайта қарау және ақын мұрасының ғылыми-сыни басылымын әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы ұлттық рухани құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде тарихи, мәдени және ғылыми тұрғыдан айрықша маңызға ие. Осыған байланысты ақын шығармаларының түпнұсқа мәтінін ғылыми негізде қалпына келтіру, дәл анықтау және кейінгі ұрпаққа өзгеріссіз жеткізу – текстологияның басым бағыттарының бірі. Ол үшін Шәкәрімнің алғашқы басылымдарын, қолжазбаларды, көшіруші нұсқаларын, мерзімді баспасөздегі жарияланымдарды және кейінгі жинақтарды өзара салыстыра зерттеу қажет. Кешенді текстологиялық талдау мәтіндік айырмашылықтардың пайда болу себептерін айқындауға, редакциялық өзгерістер мен көшіру барысында кеткен қателерді ажыратуға және авторлық оқылымдарды ғылыми негізде анықтауға мүмкіндік береді.

Алдағы кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі – Шәкәрім мұрасына қатысты барлық мәтіндік деректерді жүйелі түрде жинақтау, цифрландыру және олардың негізінде көпнұсқалы электрондық мәтіндік қор қалыптастыру. Мұндай ғылыми қор мәтіндердің шығу тегі мен өзара сабақтастығын, нұсқалық айырмашылықтарын, лексика-грамматикалық, поэтикалық және редакциялық өз-

герістерін кешенді зерттеуге мүмкіндік беріп, цифрлық текстология бағытындағы зерттеулердің дамуына негіз қалайды.

Осы жұмыстардың түпкі мақсаты – Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының академиялық ғылыми-сыни басылымын әзірлеу. Онда негізгі мәтінмен қатар барлық маңызды нұсқалар, мәтіндік айырмашылықтар, олардың деректік негіздері мен ғылыми түсіндірмелері толық қамтылуы тиіс. Мұндай басылым ақын шығармаларының канондық мәтінін ғылыми тұрғыдан орнықтырып, Шәкәрім мұрасын кейінгі зерттеулерде пайдаланудың сенімді мәтіндік негізін қалыптастырады.

Мақала Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2026-2027 ж. үшін «Нәтижелі ғылым» гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан «Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясы» атты ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 (қаралған күні: 12.09.2025)

2 Смагулова, А.Т., Еспенбетов А.С., Ердембеков Б.А. Шәкәрім поэзиясындағы текстология мәселелері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №29, 1(113). – Б. 119-127.

3. Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас / Құраст.: Қайым Мұхамедхановтың балалары. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.

4. Смагулова, А.Т., Әубәкір Ж.М., Мағазбеков Н.Ж. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқасын түзудегі мәтінтану және деректану принциптері // Керуен. № 4 (89). 2025. Б. 136–146.

5. Шаяхимов, Д. Қ. Шәкәрім поэмаларының текстологиясы: филол. ғылымд. канд. дис. – Астана, 2007. – 129 б.

6. Шаяхимов, Д.Қ., Тансыкбай Ә.Қ., Кенжалин Қ.К., Аубакирова Б.К. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бояулы суыр» өлеңінің текстологиясы // Turkic Studies Journal. – 2026. – Т. 8. №2. – Б. 202-227.

7. Құдайбердіұлы, Ш. Шығармалары: репринттік басылым / Жалпы редакциясын басқарған А.С. Еспенбетов; құрастырған: А. Смағұлова. – Астана: Фолиант, 2023. – 328 б.

8. Құдайбердіұлы, Ш. Қазақ айнасы. – Семей: Ярдамъ, 1912. – 49 б.

9. Құдайбердіұлы, Ш. Қазақ айнасы (бірінші бөлім). – Семей: Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2013. – 105 б.

10. Құдайбердиев, Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер / Құраст. Жамрұхамедов, М., Дәуітов С., Құдайбердиев А. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

11. Құдайбердіұлы, Ш. Жолсыз жаза: өлеңдер мен поэмалар / Құраст. Мағауин М. – Алматы: Жалын, 1988. – 253 б.

12. Құдайбердіұлы, Ш. Өлеңдері мен поэмалары / Құраст. Х. Сүйіншәлиев. – Алматы: Рауан, 1990. – 208 б.

13. Шәкәрім. Иманым / Құрастырғандар: Б. Байғалиев, Е. Қасейінұлы. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.

14. Құдайбердіұлы, Ш. Қазақ айнасы: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 294 б.

15. Құдайбердіұлы, Ш. Қалқаман-Мамыр; Еңлік-Кебек; Ләйлі-Мәжнүн; Өлеңдер; Проза; Қара сөздер: Шығармалар жинағы / Құрастырған Г.Мұқышева. – Алматы: Өлке, 2013. – 416 б.

16. Құдайбердіұлы, Ш. Шығармалары / Құраст. А. Еспенбетов. – Астана: Фолиант. – 2018. – 460 б.

17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков [ж.б.]. – Алматы: Арыс, 2007. –5-том. Д-Ж. – 751 б.

18. Сыздық, Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.

19. Момынова, Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: Арыс, 2008. – 256 б.

20. Кемел, М. Абай және Шәкәрім // Абай әлемі. URL: https://ftp.soyle.kz/ru/post/view?id=1441 (қаралған күні: 21.07.2026)

21. Қалиев, Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі: 22000 сөз. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.

22. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – 9-том. Қ-Қ. / Құраст. Ә.Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 742 б.

23. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / құраст.: Б.Сүйерқұлова, С.Жапақов, Т.Жанұзақов [ж.б.]. – Алматы: Арыс, 2006. – 3-том. Б-Б. – 744 б.

24. Сыдықов, Е., Шаңбай Т. Шәкәрімнің «Саят қорасы» тарихи-мәдени құндылық: жалғыздық пен еркіндік мәселесі // Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. – 2025. – № 3(152). – Б. 19-36.

25. Көрпебаев Шыңғыс Сләмқұлұлымен сұхбат / сұхбаттасқан Д.Қ. Шаяхимов. – Аягөз, 1995. – Аудиожазба. URL: https://osf.io/cz9hm/files/tmnp8 (қаралған күні: 26.05.2026)

26. Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.

Ә.Қ. ТАҢСЫҚБАЙ[1], Д.Қ. ШАЯХИМОВ[2], Э.АЯН[3]
Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова [1, 2]
Университет Мугла Сыткы Кочман [3]

ТЕКСТОЛОГИЯ ТВОРЧЕСТВА ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы восстановления литературного наследия Шакарима Кудайбердиулы на основе первых изданий, последующих публикаций и рукописных копий. Цель исследования заключается в выявлении текстологических расхождений в произведениях поэта, оценке их влияния на смысловую и художественную структуру текста, а также в определении значения первых изданий и рукописных копий для восстановления авторского текста. В качестве основного материала использованы первое издание сборника «Қазақ айнасы», опубликованного в 1912 году в семипалатинской типографии «Ярдамъ», его издания 1988-2023 годов, а также рукописные копии Ш. Корпебаева, до настоящего времени не получившие полного введения в научный оборот. В исследовании применён сравнительно-текстологический метод. Для уточнения нечётко читаемых графем оригинала факсимильные тексты были подвергнуты цифровой обработке. В результате сопоставления наряду с техническими и орфографическими ошибками выявлены лексические, грамматические и композиционные изменения, оказывающие влияние на смысл произведений, систему рифмовки, поэтическую целостность и передачу авторского мировоззрения. Полученные результаты свидетельствуют о необходимости комплексного использования не только первых изданий, но и рукописных копий при восстановлении авторского текста и создают основу для подготовки научно-критического академического издания литературного наследия Шакарима Кудайбердиулы.

Ключевые слова: Шакарим Кудайбердиулы, текстология, Қазақ айнасы, поэзия, рукопись, копия, научно-критическое издание.

A.K. TANGSYKBAY[1], D.K. SHAYAKHIMOV[2], E. AYAN[3]
Shokan Ualikhanov Kokshetau University [1, 2]
Muğla Sıtkı Koçman University [3]

TEXTUAL CRITICISM OF SHAKARIM QUDAYBERDIULY'S WORKS

Abstract. This article addresses the restoration of Shakarim Qudayberdiuly's literary heritage on the basis of early printed editions, subsequent collections, and manuscript copies produced by copyists. The study aims to identify textual variants in the poet's works, assess their impact on the semantic and artistic structure of the texts, and determine the significance of early editions and manuscript copies for reconstructing the authorial text. The primary sources include the 1912 edition of the collection Qazaq Aynasy, published by the Zhardem Printing House in Semey, its subsequent editions issued between 1988 and 2023, and Sh. Korpebayev's manuscript copies, which have not yet been fully introduced into scholarly circulation. The study employs comparative textual analysis. To clarify indistinct graphemes in the original edition, the facsimile images were digitally processed. The comparison revealed not only technical and orthographic errors but also lexical, grammatical, and compositional changes affecting the meaning of the works, their rhyme system, poetic integrity, and the representation of the author's worldview. The findings demonstrate the need for the comprehensive use of manuscript copies alongside early printed editions in reconstructing Shakarim's works and provide a foundation for the preparation of a scholarly critical edition of the poet's literary heritage.

Keywords: Shakarim Qudayberdiuly, textual criticism, Qazaq Aynasy, poetry, manuscript, copy, critical edition.

References

1. Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Ūlttyq qūryltaidyñ «Ädılettı Qazaqstan – Adal azamat» atty ekınşı otyrysynda söilegen sözı [Speech by President Kassym-Jomart Tokayev at the Second Meeting of the National Kurultai "A Just Kazakhstan – An Honest Citizen"] // Qazaqstan Respublikasy Prezidentınıñ resmi saity [Official Website of the President of the Republic of Kazakhstan]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 (accessed: 12.09.2025).

2. Smagulova, A.T., Espenbetov, A.S., Erdembekov, B.A. Şäkärım poeziasyndağy tekstologia mäseleleri [Textual Criticism Issues in Shakarim's Poetry] // Qarağandy

universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy [Bulletin of Karaganda University. Philology Series]. – 2024. – № 1(113). – P. 119-127.

3. Şäkärım men Qaiym. Tağdyrlas [Shakarim and Kaiym: Kindred Fates] / Qūrast.: Qaiym Mūhamedhanovtyñ balalary [Comp. by the Children of Kaiym Mukhamedkhanov]. – Astana: Foliant, 2009. – 336 p.

4. Smagulova, A.T., Äubäkır, J.M., Mağazbekov, N.J. Şäkärım Qūdaiberdıūly öleñderınıñ tüpnūsqasyn tüzudegı mätıntanu jäne derektanu prinsipterı [Principles of Textual and Source Studies in Reconstructing the Original Texts of Shakarim Qudayberdiuly's Poems] // Keruen. – 2025. – № 4(89). – P. 136-146.

5. Şaiahimov, D.Q. Şäkärım poemalarynyñ tekstologiasy [Textual Criticism of Shakarim's Poems]: filol. ğylymd. kand. dis. [Candidate of Philological Sciences Dissertation]. – Astana, 2007. – 129 p.

6. Şaiahimov, D.Q., Tansykbai, Ä.Q., Kenjalin, Q.K., Aubakirova, B.K. Şäkärım Qūdaiberdıūlynyñ «Boiauly suyr» öleñınıñ tekstologiasy [Textual Criticism of Shakarim Qudayberdiuly's Poem "Boiauly Suyr"] // Turkic Studies Journal. – 2026. – Vol. 8. – № 2. – P. 202-227.

7. Qūdaiberdıūly, Ş. Şyğarmalary: reprinttık basylym [Works: Reprint Edition] / Jalpy redaksiasyn basqarğan A.S. Espenbetov; qūrastyrğan A.Smağūlova [General ed. by A.S. Espenbetov; comp. by A.Smagulova]. – Astana: Foliant, 2023. – 328 p.

8. Qūdaiberdıūly, Ş. Qazaq ainasy [The Mirror of the Kazakhs]. – Semei: İardam, 1912. – 49 p.

9. Qūdaiberdıūly, Ş. Qazaq ainasy (bırınşı bölım) [The Mirror of the Kazakhs. Part One]. – Semei: Abaidyñ memlekettık qoryq-mūrajaiy, 2013. – 105 p.

10. Qūdaiberdiev, Ş. Şyğarmalary: Öleñder, dastandar, qara sözder [Works: Poems, Narrative Poems, and Prose] / Qūrast. M.Jamrūhamedov, S.Däuıtov, A.Qūdaiberdiev [Comp. by M.Zhamrukhamedov, S.Dautov, and A.Kudaiberdiev]. – Almaty: Jazuşy, 1988. – 560 p.

11. Qūdaiberdıūly, Ş. Jolsyz jaza: öleñder men poemalar [Punishment without Cause: Poems and Narrative Poems] / Qūrast. M.Mağauin [Comp. by M.Magauin]. – Almaty: Jalyn, 1988. – 253 p.

12. Qūdaiberdıūly, Ş. Öleñderı men poemalary [Poems and Narrative Poems] / Qūrast. H.Süiınşäliev [Comp. by H.Suinshaliev]. – Almaty: Rauan, 1990. – 208 p.

13. Şäkärım. İmanym [My Faith] / Qūrastyrğandar B.Baiğaliev, E.Qaseiınūly [Comp. by B.Baigaliev and E.Kaseinuly]. – Almaty: Arys, 2000. – 321 p.

14. Qūdaiberdıūly, Ş. Qazaq ainasy: öleñder men poemalar [The Mirror of the Kazakhs: Poems and Narrative Poems]. – Almaty: Atamūra, 2003. – 294 p.

15. Qūdaiberdıūly, Ş. Qalqaman-Mamyr; Eñlık-Kebek; Läilı-Mäjnün; Öleñder; Proza; Qara sözder: Şyğarmalar jinağy [Kalkaman-Mamyr; Enlik-Kebek; Layli-

Majnun; Poems; Prose; Didactic Prose: Collected Works] / Qūrastyrğan G.Mūqyşeva [Comp. by G. Mukysheva]. – Almaty: Ölke, 2013. – 416 p.

16. Qūdaiberdıūly, Ş.Şyğarmalary [Works] / Qūrast. A.Espenbetov [Comp. by A.Espenbetov]. – Astana: Foliant, 2018. – 460 p.

17. Qazaq ädebi tılınıñ sözdığı: on bes tomdyq. 5-tom. D-J [Dictionary of the Kazakh Literary Language: In Fifteen Volumes. Vol. 5. D-Zh] / Qūrast. B.Äbılqasymov, S.Bizaqov, Ä.Jünısbekov [j.b.] [Comp. by B.Abilkassymov, S.Bizakov, A.Zhunusbekov et al.]. – Almaty: Arys, 2007. – 751 p.

дегі ғылыми тұжырымдар мен ой-пікірлер басшылыққа алынды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік материалдары, интернет ресурстар мен қазіргі қазақ сөздіктеріндегі жаңа қолданыстар зерттеу дереккөзі ретінде қарастырылды. Жоғарыда аталған ғалымдардың ішінде академик Р.Сыздық әдеби тіл нормасының тарихи өзгеруі мен сөздік құрамның жаңару үдерістерін өз еңбектерінде жан-жақты сипаттай келіп, жаңа атаулардың өмір қажеттілігінен туындайтынын айтады. Ал ғалым Н.Уәли қазақ әдеби тілінің нормалану үдерісінде жаңа сөздердің табиғи сұрыпталуы маңызды орын алатынын айтады [2]. Жалпы неологизм дегенде ол жайлы ғалымдар мен зерттеушілер арасында әртүрлі пікір бар екендігін де айтқанымыз жөн. Атап айтсақ, бірқатар зерттеушілер оны белгілі бір тарихи кезеңде пайда болған жаңа сөз ретінде қарастырса, екінші топ ғалымдары жаңа мағына алған бұрыннан бар сөздерді де неологизмдер қатарына жатқызады. Сол себепті қазіргі тіл білімінде неологизм ұғымы екі түрлі бағытта түсіндіріледі: 1) құрылымдық жағынан мүлдем жаңа сөздер; 2) бұрыннан бар сөздердің жаңа семантикалық мағынаға ие болуы. Осыған орай, неологизмдерді лексикалық неологизмдер және семантикалық неологизмдер деп те жіктеу орын алған. Мәселен, Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев авторлығымен жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбекте «Неологизмдер лексикалық және семантикалық болып, екі түрде кездеседі. Лексикалық неологизмдерге жаңа ұғымдардың тууымен бірге шыққан жаңа терминдер жатса, семантикалық неологизмдерге калька тәсілімен сөзбе-сөз аудару арқылы төл сөзге қосылған жаңа мағыналы сөздерді жатқызамыз», - деп көрсетілген [5, 178]. Сонда лексикалық неологизмдерге: бұрындары неологизм деп есептелген *телефон, баспасөз, аялдама, ноутбук, атом, теледидар, космос, ракета, редактор, анализ, компьютер* және қазіргі кездегі *смартфон, подкаст, флаер, майкап,* т.б. сөздерді, ал семантикалық неологизмдерге *кесте, шарт, шөгінді, компьютерлік жүйе, ғаламтор, тінтуір, үнтаспа, үндеухат* немесе соңғы жылдарда енген *бейнеқоңырау, бейнебаян, ақылды үй, қашықтан оқыту, әуе шары, су энергиясы* сияқты жаңа атаулар жатады.

Талқылау

Неологизмдер – бүгінгі қазақ қоғамының рухани және заттық әлеміне енген жаңалықтарды бейнелейтін, қазақ тілінің лексикалық қазынасын толықтыратын жаңа тілдік бірліктер [6, 10]. Қазақ тілінің лексикасы да басқа тілдердің сөздік құрамы сияқты ғасыр, не жыл санап өспейді, ол күн өткен сайын толығып, үздіксіз өзгеріс үстінде болады. Қоғам өмірінде жаңа заттар мен құбылыстардың пайда болуымен бірге жаңа сөздер пайда болады. Алайда, тіл білімінде жаңа сөздердің тек пайда болуы ғана емес, олардың әдеби тілге орнығуы, сөздіктерге енуі және қоғамдық қабылдануы да ғылы-

ми маңызды мәселе. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі неологизмдердің қалыптасуы – қоғамдағы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени өзгерістердің тікелей нәтижесі. Егер XX ғасырда қазақ тілінің сөздік құрамына енген жаңа сөздер көбінесе қоғамдық-саяси терминологияның қалыптасуына ықпал етсе, XXI ғасырдағы неологизмдердің негізгі ерекшелігі – олардың цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, биотехнология, жасыл және цифрлық экономика, экология және жаһандық коммуникация, білім мен ғылым салалары арқылы өте жоғары қарқынмен жасалып, дамуында. Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптасуы ұлттық сөзжасам жүйесінің ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы тілдік ықпалдың өзара әрекеттесуінен туындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдердің пайда болу көздерін ішкі (лингвистикалық) және сыртқы (экстралингвистикалық) факторлар тұрғысынан қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді болып саналады.

Ғалым Р.Сыздық та лексикалық құрамның толығуына себепкер болатын екі факторды көрсеткен: 1) тілдің өзіне тән ішкі даму заңдары, яғни лингвистикалық фактор: сөз мағынасының кеңеюі, әр затты, әр құбылысты, әр ұғымды даралап жеке-жеке атау қажеті; 2) экстралингвистикалық факторлар: термин жасау процесі, аударма әдебиетінің дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық революция [7, 119]. Осы сыртқы (экстралингвистикалық) факторды іштей былайша топтап көрсетуге болады:

- цифрландыру үдерісі;
- ғылыми-техникалық прогресс;
- экономикалық қатынастардың өзгеруі;
- әлеуметтік желілердің ықпалы.

Елімізде цифрландыру үдерісімен байланысты электрондық мемлекеттік қызметтер қарқынды дами бастады және осымен байланысты *электрондық үкімет, электронды құжат, цифрлық қолтаңба, биометриялық сәйкестендіру, цифрлық әмиян, құжат айналымы* сияқты жүздеген жаңа атаулар қалыптасып, күнделікті қолданысқа енді. Сол сияқты ғылыми-техникалық прогресс негізінде жасанды интеллектінің пайда болуымен байланысты *нейрожелі, нейрожаттығу, генеративті жасанды интеллект, үлкен тілдік модель* тәрізді жаңа ұғымдар қазақ тіліне енді. Мемлекеттік және мемлекет аралық экономикалық қатынастардың дамуына орай нарықтық экономикамен бірге *стартап, франчайзинг, маркетплейс, коворкинг* іспеттес халықаралық терминдер қолданысқа түсті. Неологизмдердің таралуына бірден-бір себепші болып отырған, әрине де, әлеуметтік желілер. Жалпы қазіргі кезеңде неологизмдердің өріс алуының ең белсенді көзі – интернет-коммуникация. Соңғы жылдары *подкаст, стрим, блогер, влог, лүпіл (лайк) басу, бөлісу, тікелей*

эфир сияқты неологизмдер жалпыхалықтық интернационалдық қолданысқа толығымен өтті деуге болады. Көріп отырғанымыздай, неологизмдердің ішінде таза интернационалдық қолданыстағы сөздермен қатар қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалануды да аңғаруымызға болады. Мәселен, *желі, жаттығу* сөздерінің *нейрожелі, нейрожаттығу* түрінде жаңа сипат алуы немесе терминдерді қазақ тілінің ішкі грамматикалық жүйесіне бейімдеп жұрнақ жалғау арқылы *биометриялық, цифрлық, генеративті, генерациялау, роботтану,* т.с.с. түрлендіруі қазақ тілінің оларды өзіне бейімдеу қабілетінің жоғары екендігін дәлелдейді. Енді осыған тоқталатын болсақ, қазіргі кезде неологизмдердің жасалуында төмендегідей сөзжасам тәсілдерін көрсетуге болады:

- **синтетикалық//аффиксация тәсілі** (жұрнақ жалғау арқылы): *цифр+ландыру, баспа+гер, баспа+хана, бағдар+лама, робот+тандыру, сан+дық* т.б.

- **аналитикалық тәсіл** (түбірлерді біріктіру арқылы, сөз тіркесі арқылы): *бейнебақылау, бейнеқоңырау, зейнетақы, тілашар, қызыл кітап, еңбеккүн, шетел, үндеухат, шаруа қожалығы,* т.б. Осы типтес аналитикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер қатарын басқа да кірме терминдерді қазақтың байырғы сөзімен тіркестіру арқылы кеңейтуге болады. Мысалы, бір ғана электротехникаға байланысты мына тіркестерді атауға болады: *абонент байланысы, абонент желісі, абонент қондырғысы, абонент қорабы, абонент телеграфы, абсорбциялық тыну, автобұғаттау* т.б. [3, 73].

- **лексика-семантикалық тәсіл** (бұрынғы сөзге жаңа мағына қосу арқылы): *сапар, желік, талқылау, тайғақтау, жақтау, сызу,* т.б.

Нәтижелер

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері әр сала өз қажетіне қарай даму жолында келе жатыр. Сол себепті түрлі мағынадағы жаңа сөздер көп. Қазіргі қазақ тілінідегі неологизмдерді мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлуге болады:

1. Саяси және әлеуметтік саладағы неологизмдер: *ұлттық жоба, әлеуметтік пакет, инклюзивті қоғам, қауырт желі, әлеуметтік карта, пандемиялық шектеу, локдаун, халықтық бақылау, цифрлық құжат, урбанистикалық саясат, қоғамдық мониторинг,* т.б.

2. Экономика және қаржы саласындағы неологизмдер: *субсидиялау, монетизация, фрилансер, краудфандинг, маркетплейс, кэшбек, криптовалюта, токен, блокчейн, аутсорсинг, токенизация, венчурлық капитал, әмиян-қосымша, стратегиялық менеджмент,* т.б.

3. Ғылым мен білім саласындағы неологизмдер: *жасанды интеллект (AI), наноматериал, биоқорғаныс, биохакинг, ақпараттық қоғам, биожүйе, робототехника, нейротехнология, кванттық есептеу, биотрасса, STEM, soft skills, аралас оқыту, инклюзивті оқыту, қашықтықтан оқыту, академиялық*

адалдық, электронды оқулықтар, интерактивті тақта, цифрлық-интерактивтік мультимедиялық білім беру қоры.

4. Ақпараттық технология (IT) лексикасы: *онлайн, оффлайн, стриминг, QR-код, чатбот, киберқауіпсіздік, бұлттық есептеу, дата-центр, смарт құрылғы, метағалам, алгоритмдеу, платформа, интерфейс, контент, бұлттық қызмет, инфографика, фэйк, электрондық сканерленген көшірме, инновациялық инфоқұрылым,* т.б.

5. Медиакеңістік және әлеуметтік желі тілінің неологизмдері: *хайп, тренд, фейк, краш, мем, рилс, сторис, блогинг, лайфхак, диз, челендж, стример, тиктокер, репост, фолловер, фандом,* т.б.

6. Әлеуметтік-психологиялық неологизмдер: *эмоциялық интеллект, менталды денсаулық, буллинг, моббинг, абьюз, токсик, коучинг, фасилитация, медиация,* т.б.

7. Экология саласындағы неологизмдер: *жасыл экономика, қайта өңдеу, экосана, экожүйе, нөлдік қалдық, карбон ізі, көміртек бейтараптылығы, жасыл инфрақұрылым, экологиялық апат,* т.б.

8. Тұрмыстық және күнделікті қолданыстағы жаңа сөздер: *жеткізім, қолма-қол төлем, қосалқы бөлшек, шаңсорғыш-робот, смартфон, элеватор (үйдегі лифт), донорлық пункт, вендинг аппарат, смарт-үй, онлайн-касса, QR-төлем, электромобиль, зарядтау станциясы,* т.б.

9. Мәдениет, өнер және индустрия саласындағы неологизмдер: *арт-кеңістік, креативті индустрия, стрит-арт, урбанистика, фестиваль-хаб, метафестиваль, иммерсивті театр, перформанс, фан-база, плейлист, шорт-фильм, фан-сервис, премьера-ивент, кавер, лайв-формат, трейлер, байопик, фотосет,* т.б.

10. Медицина саласындағы неологизмдер: *бустер-доза, ревакцинация, штамм, постковидтік синдром, геном редакциялау, биомаркер, иммуномодулятор*, т.б.

11. Ғарыш саласы және аэронавтика терминдері: *жерсерік, космос, ракета, орбиталық модуль, ғарыш станциясы, телеметриялық деректер,* т.б.

12. Спорт және фитнес лексикасы: *кроссфит, функционал жаттығу, фитнес-трекер, марафон-ивент, стречинг, спорттық аналитика,* т.б.

13. Ауыл шаруашылығы және агротехнология неологизмдері: *агродрон, агроскаутинг, смарт-ферма, цифрлық агрокарта, тамшылатып суару, гидропоника, аквапоника, агроинновация, дәлме-дәл егіншілік, агрохаб, биотыңайтқыш, органоминералды қоспалар, агромониторинг, цифрлық ауыл шаруашылығы, органикалық және экологиялық фермерлік, биотехнологиялық агрономия,* т.б.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында тілдің дамуы мен өзгеру үдерісі

бұқаралық ақпарат құралдары және интернет кеңістігімен тығыз байланысты. Ақпарат тарату жылдамдығының артуы, жаңа технологиялардың енгізілуі және әлеуметтік желілердің кеңінен қолданылуы тілдік жүйеде жаңа сөздердің пайда болуына және олардың белсенді қолданысқа енуіне ықпал етіп, таралу үдерісін одан әрі жеделдетті. Интернет кеңістігі тілінің ерекшелігі – еркіндік, бейресмилік және экспрессивтілік. Мұнда жаңа сөздер қысқарту, сленг, ағылшын тілінен тікелей алынған нұсқалар арқылы кең қолданылады. Кейбір сөздер эмоциялық реңкке ие болып, контекстке байланысты мағынасы өзгеріп отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасқан неологизмдер көбіне жастар тілі арқылы таралып, кейіннен жалпы қолданысқа енуі мүмкін. Мысалы, соңғы жылдары БАҚ беттерінде жиі кездесетін «онлайн» сөзі бастапқыда ағылшын тілінен енген кірме сөз болып табылады. Бұл сөз алғашында тек интернетке қосылу мағынасында қолданылса, қазіргі кезде «онлайн оқу», «онлайн жиналыс», «онлайн қызмет» сияқты тіркестерде кең мағынада қолданылады. Бұдан сөздің семантикалық кеңеюі байқалады. Тағы бір мысал – «блогер» сөзі. Бұл неологизм интернет кеңістігінде пайда болып, кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне енді. Алғашында жеке күнделік жүргізуші адамды білдірсе, қазіргі кезде бұл сөз кәсіби қызмет иесін, яғни әлеуметтік желі арқылы аудиторияға ықпал ететін тұлға дегенді білдіреді. БАҚ-та «танымал блогер», «блогерлер қауымдастығы» сияқты тіркестердің жиі қолданылуы бұл сөздің тілдік қолданыста орныққанын көрсетеді.

Интернет кеңістігінде жаңа сөздердің өмір сүру циклі әлдеқайда жылдам. Кейбір неологизмдер қысқа уақыт ішінде кең таралып, кейін қолданыстан шығып қалуы да мүмкін. Бұл құбылыс интернет тілінің динамикалық сипатын көрсетеді. Әлеуметтік желілерде пайда болған сөздер көбіне бейресми сипатта болады және эмоционалдық-экспрессивтік реңкі басым келеді. Мұндай сөздер сөйлеушінің көңіл күйін, бағалауыштық қатынасын білдіру үшін қолданылады. Осы арқылы интернет тілінде жаңа сөздер прагматикалық қызмет атқарады.

Неологизмдер қазақ тілінің дамуына бірнеше бағытта ықпал етеді:

- олар тілдің лексикалық қорын байытып, жаңа ұғымдарды атауға мүмкіндік береді;
- қазақ тілінің функционалдық аясын кеңейтіп, оны ғылым, техника және медиа салаларында қолдануға бейімдейді;
- неологизмдер тілдің заман талабына сай икемді әрі өміршең болуына жағдай жасайды.

Қорытынды

Қазіргі қазақ тілі лексикасының неологизмдермен толығуы тіл дамуы-

ның ішкі заңдылықтарына сәйкес жүріп жатқан үдеріс болып табылады. Тіл қоғамдағы өзгерістерге бейтарап қарай алмайды, сондықтан жаңа қоғамдық, ғылыми және технологиялық құбылыстардың тілдік бейнесі ретінде неологизмдердің пайда болуы заңды құбылыс саналады. Осы тұрғыдан алғанда, неологизмдер қазақ тілінің қазіргі кезеңдегі даму деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Зерттеу барысында анықталғандай, неологизмдер қазақ тілінің лексикалық жүйесіне әртүрлі жолмен еніп, белгілі бір уақыт аралығында қолданысқа түседі. Олардың бір бөлігі тілдік қажеттілікке байланысты тұрақтанып, әдеби тіл нормасының құрамына енсе, енді бір бөлігі уақытша сипатта болып, қолданыстан шығып қалады. Бұл жағдай тілде сұрыптау және реттеу механизмдерінің бар екенін көрсетеді және әдеби тілдің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар неологизмдердің әдеби тілге ену үдерісі тіл мәдениетімен тығыз байланысты. Жаңа сөздердің мағыналық айқындылығы, құрылымдық сәйкестігі және функционалдық қолайлылығы олардың қолданыста сақталу-сақталмауын айқындайды. Осы талаптарға сай қалыптасқан неологизмдер ғана қазақ әдеби тілінің дамуына нақты үлес қоса алады.

Осылайша неологизмдер қазақ тілінің лексикалық қорын толықтырушы құрал ғана емес, оның даму бағытын, тілдік саясаттың тиімділігін және тілдік сананың деңгейін көрсететін күрделі тілдік құбылыс ретінде бағалануы тиіс. Қазіргі қазақ тілінің болашақтағы тұрақты дамуы неологизмдерді ғылыми тұрғыдан жүйелеу мен олардың әдеби нормаға ену үдерісін мақсатты түрде реттеуге тікелей байланысты.

Әдебиеттер

1. Неологизм // Википедия — ашық энциклопедиясы. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Неологизм

2. Уәли, Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Uali N. Qazaq soz madenietinin teoriyalyq negizderi. – Алматы: «Ата мұра», 2021.

3. Әбенова, Г.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі терминдік неологизмдер сипаты // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары. – 2017. - №6 (316).

4. Crystal, D. Language and the Internet. – Cambridge University Press, 2001.

5. Қалиев, Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 б.

6. Оразбаева, Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхамади Қ., Рахметова Р., Көпбаева Ж.. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 535 б.

7. Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 292 б.

8. Sager, J.C. A Practical Course in Terminology Processing. – John Benjamins, 1990.

9. Cabré, M.T. Terminology: Theory, Methods and Applications. – John Benjamins, 1999.

10. Қайдар, Ә. Тіл – ғұмыр. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 360 б.

11. Сарыбаев, Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2000. – 624 б.

Г.К. РЕЗУАНОВА[1], М.УАЛИ[2]

Международный университет Астана [1,2]

ПОПОЛНЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛЕКСИКИ С ПОМОЩЬЮ НЕОЛОГИЗМОВ

Аннотация. В данной статье комплексно рассмотрена тенденция пополнения лексической системы современного казахского языка неологизмами. На конкретных примерах показано, что модернизация казахского языка, формирование и развитие неологизмов тесно связаны с глобализацией, новыми общественно-социальными отношениями, научно-техническим прогрессом, развитием цифровых технологий и культурно-информационного пространства. Авторы анализируют структурно-семантические особенности и сферы применения неологизмов, условия и проблемы кодификации вхождения в норму литературного языка и их роль в удовлетворении коммуникативных потребностей в обществе. На основе теоретического анализа и фактического языкового материала определяется динамика обновления казахской лексики. Авторы доказывают, что неологизмы не только дополняют словарный состав современного казахского языка, но и являются языковым показателем социальных, культурных и технологических изменений в обществе. В исследовании рассматриваются источники возникновения, способы создания неологизмов, их влияние на языковые нормы и роль в удовлетворении коммуникативной потребности в обществе. На основе теоретического анализа и фактического языкового материала определяется динамика обновления казахской лексики.

Ключевые слова: неологизм, лексический неологизм, семантический неологизм, словарный состав, языковая система.

G.K. REZUANOVA[1], M.VALI[2]
Astana International University [1, 2]

REPLENISHMENT OF MODERN KAZAKH VOCABULARY WITH THE NEOLOGISM

Annotation. This article comprehensively examines the trend of replenishing the lexical system of the modern Kazakh language with neologisms. Concrete examples show that the modernization of the Kazakh language, the formation and development of neologisms are closely related to globalization, new socio-social relations, scientific and technological progress, the development of digital technologies and cultural information space. The authors analyze the structural and semantic features and areas of application of neologisms, the conditions and problems of codification of the entry into the norm of the literary language and their role in meeting the communicative needs in society. Based on the theoretical analysis and the actual linguistic material, the dynamics of updating the Kazakh vocabulary is determined. The authors prove that neologisms not only complement the vocabulary of the modern Kazakh language, but also are a linguistic indicator of social, cultural and technological changes in society. The study examines the sources of occurrence, ways of creating neologisms, their influence on linguistic norms and their role in meeting the communicative need in society. Based on the theoretical analysis and the actual linguistic material, the dynamics of updating the Kazakh vocabulary is determined.

Keywords: neologism, lexical neologism, semantic neologism, vocabulary, language system

References

1. Neologizm // Vikipedia: aşyq ensiklopediasy. – Oqu kezeñı: 10.08.2026. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Neologizm
2. Uäli, N. Qazaq söz mädenietınıñ teorialyq negızderı. – Almaty: Atamūra, 2021.
3. Äbenova, G. Ä. Qazırgı qazaq tılındegı termindık neologizmder sipaty // Qazaqstan Respublikasy Ūlttyq Ğylym akademiasynyñ habarlary. – 2017. – № 6 (316).
4. Crystal, D. Language and the Internet. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001.
5. Qaliev, Ğ., Bolğanbaev Ä. Qazırgı qazaq tılınıñ leksikologiasy men frazeologiasy: oqulyq. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2006. – 264 b.
6. Qazırgı qazaq tılı: oqulyq / F. Ş. Orazbaeva, G. Sağidolda, B. Qasym [jäne t.b.]. – Almaty: Print-S, 2005. – 535 b.
7. Syzdyqova, R. Tıldık norma jäne onyñ qalyptanuy (kodifikasiasy) // Köptomdyq şyğarmalar jinağy. – Almaty: El-şejıre, 2014. – 292 b.

8. Sager, J. C. A Practical Course in Terminology Processing. – Amsterdam: John Benjamins, 1990.

9. Cabré, M. T. Terminology: Theory, Methods and Applications. – Amsterdam: John Benjamins, 1999.

10. Qaidar, Ä. Tıl – ğūmyr: ğylymi maqalalar jinağy. – Almaty: A. Baitūrsynūly atyndağy Tıl bılımı instituty, 2018. – 360 b.

11. Sarybaev, Ş. Qazaq tıl bılımı mäseleleri. – Almaty: Arys, 2000. – 624 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Резуанова Ғалияпану Қабиевна – ф.ғ.к., Астана халықаралық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан;

Резуанова Галияпану Кабиевна – к.ф.н., профессор Международного университета Астана;Астана, Казахстан;

Rezuanova Galiyapanu Kabievna – The candidate of philological sciences., Professor at Astana International University, Astana, Kazakhstan;

Уәли Маржан – Астана халықаралық университетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан;

Уали Маржан – студент 2-курса Международного университета Астана, Астана, Казахстан;

Uali Marzhan – is a 2nd year student at Astana International University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАХР: 16.01.33
DOI:

А.Н. АХМЕТ
Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
(e-mail: akjibekkz@gmail.com)

«НҰСҚАУ» СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ: PROMPT ЖӘНЕ INSTRUCTION ҰҒЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада ағылшын тіліндегі prompt және instruction терминдерінің этимологиясы, семантикалық өрісі және қазіргі жасанды интеллект дискурсындағы қолданысы талданады. Зерттеудің мақсаты – осы ұғымдарды қазақ тілінде «нұсқау» сөзі арқылы берудің тілдік уәжділігін көрсету және аталған атаудың терминологиялық жүйедегі орны мен шектеуін айқындау. Материал ретінде ағылшын тілінің түсіндірме және этимологиялық сөздіктеріндегі анықтамалар, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдер және жасанды интеллект саласындағы қолданыс мысалдары алынды. Талдау нәтижесінде «нұсқау» сөзінің жөн-жоба, бағыт беру, белгі беру, кеңес және әрекетке жетелеу мағыналары prompt ұғымының түрткілік әрі мәтіндік тапсырма мәнімен, сондай-ақ instruction ұғымының бағыттау, бұйыру, үйрету семантикасымен сәйкес келетіні анықталды. Сонымен бірге prompt пен impromptu сөздерінің этимологиялық түбірі жақын болғанымен, қазіргі мағыналық өрістері бөлек екені көрсетілді. Зерттеу қорытындысы қазақ тіліндегі жасанды интеллект терминологиясын ұлттық тілдің ішкі мүмкіндігі негізінде жүйелеуге бағытталған ұсыныс ретінде беріледі.

Түйін сөздер: терминология, термин шығармашылығы, нұсқау, prompt, instruction, жасанды интеллект, семантикалық өріс, балама.

Кіріспе

Терминология – белгілі бір ғылым саласының ұғымдық жүйесін тілдік тұрғыдан бейнелейтін, ғылыми ойды дәл жеткізуге қызмет ететін арнаулы лексикалық қабат. Академик Ө. Айтбайұлы терминологияны ұғымдар жүйесін тілдік материал арқылы таңбалайтын, ғылымның логикалық мазмұнын айқындайтын сала ретінде қарастырады [1]. Демек, жаңа ұғым пайда болған сайын оны ұлттық тілде атау, мағынасын дәл беру және қолданысын бірізденді́ру – тілдің ғылыми әлеуетін арттыратын маңызды үдеріс.

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологияларының кең таралуына байланысты қазақ тілінде жаңа терминологиялық сұраныстар көбейді. Солар-

дың бірі – ағылшын тіліндегі prompt сөзі. Бұл сөз жасанды интеллект жүйесіне берілетін мәтіндік тапсырма, сұрақ, белгі немесе әрекетке итермелейтін кіріс дерек мағынасында жиі қолданылады. Қазақ тіліндегі ақпараттық-технологиялық мәтіндерде prompt кейде аударылмай, «промпт» түрінде беріледі. Мұндай қолданыс уақытша түсінікті болғанымен, ұзақ мерзімді терминологиялық жүйе үшін ұлт тілінің ішкі мүмкіндігін ескеретін балама қажет.

Мақалада prompt және instruction ұғымдары бір-бірінен бөлек қарастырылмайды. Себебі жасанды интеллект саласында prompt көбіне жүйеге берілетін нақты мәтіндік нұсқау ретінде түсіндіріледі, ал instruction кеңірек мағынада бағыт, тапсырма, бұйрық, үйрету, орындау тәртібі ұғымдарын қамтиды. Сондықтан қазақ тіліндегі «нұсқау» сөзінің осы екі ұғымға қатысты мүмкіндігі арнайы талдауды қажет етеді.

Зерттеудің өзектілігі екі мәселеден туындайды. Біріншіден, жасанды интеллект қазақ тіліндегі қоғамдық, білім беру және кәсіби коммуникацияға жылдам еніп келеді. Екіншіден, жаңа технологиялық ұғымдарды дәл аударма немесе транслитерация күйінде қалдыру терминологиялық ала-құлалыққа әкелуі мүмкін. Осы тұрғыдан «нұсқау» сөзінің семантикалық өрісін анықтау және оны prompt пен instruction ұғымдарына балама ретінде қолданудың негізін көрсету маңызды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеуде сипаттамалы, салыстырмалы-семантикалық және этимологиялық талдау әдістері қолданылды. Сипаттамалы әдіс арқылы «нұсқау» сөзінің қазақ тіліндегі қолданысы, мағыналық компоненттері және терминдік әлеуеті жүйеленді. Салыстырмалы-семантикалық әдіс prompt, instruction және impromptu сөздерінің мағыналық жақындығы мен айырмашылығын көрсетуге мүмкіндік берді. Этимологиялық талдау сөздердің тарихи түбірі мен қазіргі қолданысы арасындағы байланысты нақтылау үшін пайдаланылды.

Материал ретінде Online Etymology Dictionary, Cambridge Dictionary, Britannica Dictionary, Merriam-Webster Dictionary және Collins Dictionary деректері алынды [2–6]. Қазақ тіліндегі материалдар қатарында «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», Республикалық терминология комиссиясының терминологиялық қоры және «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» пайдаланылды [7; 8; 11]. Бұл дереккөздер prompt және instruction ұғымдарының көпқабатты мағынасын, ал қазақ тіліндегі «нұсқау» сөзінің дәстүрлі әрі терминдік қолданысын салыстыруға негіз болды.

Талдау барысында алдымен prompt сөзінің этимологиясы мен қазіргі мағынасы, содан кейін instruction ұғымының сөздіктердегі анықтамалары қарастырылды. Одан әрі қазақ тіліндегі нұсқа- түбірінен тараған бекітілген терминдер талданып, олардың ағылшын тіліндегі instruction өрісімен байланысы

салыстырылды. Соңында prompt және impromptu сөздерінің этимологиялық жақындығы мен мағыналық алшақтығы жеке көрсетілді.

Зерттеу нысаны – «нұсқау» сөзінің семантикалық өрісі. Зерттеу пәні – осы сөздің prompt және instruction ұғымдарын қазақ тілінде беру мүмкіндігі. Негізгі болжам: «нұсқау» сөзі жасанды интеллект жүйесіне берілетін мәтіндік тапсырма мәнін де, кеңірек бағыт беру және орындау тәртібі мәнін де қамти алады, бірақ оның қолданысы нақты контекст арқылы айқындалуы тиіс.

Талқылау

Online Etymology Dictionary деректері бойынша prompt етістігі XIV ғасырдың ортасынан бастап «әрекетке итермелеу», «түрткі болу», «қозғау салу» мағыналарында қолданылған [2]. Сөздің түпкі негізі латынның promptus тұлғасымен байланыстырылады. Promptus «дайын», «көріністе шығарылған» деген мәндерге жақын, ал promere етістігі «алға шығару», «сыртқа шығару» мағынасын береді. Осы тарихи негіз prompt сөзінің қазіргі қолданысындағы «әрекетті бастататын белгі немесе түрткі» мәнін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі ағылшын тілінде prompt бірнеше мағынада жұмсалады: біріншіден, белгілі бір әрекетті бастауға себеп болатын түрткі; екіншіден, біреудің сөзін немесе әрекетін еске салатын белгі; үшіншіден, компьютерлік жүйеге немесе жасанды интеллектке берілетін кіріс мәтін. Бұл мағыналардың барлығында ортақ сема бар: prompt субъектіні немесе жүйені белгілі бір жауапқа, әрекетке не орындауға бағыттайды. Қазақ тіліндегі «нұсқау» сөзінің де басты мағынасы – белгілі бір істің қалай орындалатынын көрсету, жөн-жоба беру, бағыт сілтеу.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «нұсқау» сөзі ақыл-кеңес, жөн-жоба, белгілі бір істің орындалу жолын көрсету мағыналарында беріледі [7]. Бұл мағыналар prompt ұғымының «себеп болу», «еске салу», «әрекетке жетелеу» және «мәтіндік тапсырма беру» мәндерімен қабысады. Әсіресе жасанды интеллект жүйесіне енгізілетін prompt тек сұрақ емес, ол жүйенің жауап беру жолын, стилін, мақсатын және шектеуін белгілейтін нұсқаушы мәтін. Сондықтан «нұсқау» сөзі бұл ұғымды тек аударып қана қоймай, оның қызметін де ашады.

Тілдің тазалығын сақтау мақсатында prompt терминін дер кезінде қазақ тіліне игеру қажет. «Промпт» тұлғасы ағылшын тіліндегі дыбыстық нұсқаны ғана қайталайды және қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесіне толық кірікпейді. Ал «нұсқау» – қазақ тілінде бар, түсінікті, қысқа әрі термин жасауға икемді сөз. Оның негізінде нұсқаулық, нұсқаушы, нұсқау беру, нұсқау мәтіні, жүйелік нұсқау, пайдаланушы нұсқауы сияқты тіркестер табиғи жасалады.

Қазіргі қазақ тілінде «нұсқау» instruction, guideline, direction, указание, ру-

ководство сияқты ұғымдарды беруде кеңінен қолданылады. Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдер қорында нұсқа-түбірінен тараған бірқатар атау бар [8]. Бұл дерек «нұсқау» сөзінің терминологиялық орны қалыптасқанын көрсетеді.

Кесте 1 – Терминологиялық комитет бекіткен нұсқа - түбірлі терминдер

Қазақша термин	**Орысша балама**	**Бекіту жылы**
нұсқаулық беру	инструктаж	2025
нұсқаулық (іс жүргізу)	инструкция	2010
нұсқау хат	письмо инструктивное	2016
нұсқау белгісі	знак предписывающий	2016
нұсқаушы	инструктор	2016
нұсқау беру (көлік)	инструктирование	2015
басшылық; нұсқау	руководство	2025
нұсқау (мем. сатып алу)	указание	1999

Кесте 1-ден көрініп тұрғандай, нұсқа- түбірі қазақ терминологиясында тұрақты қолданылып, өзіндік сөзжасамдық ұя қалыптастырған. Бұл ұяға кіретін терминдердің көпшілігі белгілі бір әрекетті түсіндіру, үйрету, орындау тәртібін белгілеу немесе міндетті бағыт беру мағынасымен байланысты. Демек, «нұсқау» сөзі жасанды интеллект саласына сырттан жасанды түрде енгізіліп отырған жаңа тұлға емес, қазақ терминологиясында бұрыннан қызмет атқарып келе жатқан бірлік.

Instruction терминінің халықаралық сөздіктердегі анықтамалары да осы тұжырымды күшейтеді. Merriam-Webster Dictionary instruction сөзін орындауды талап ететін бағыт, компьютерге белгілі бір операцияны орындауды бұйыратын код, нұсқаулық беру немесе оқыту әрекеті ретінде сипаттайды [5]. Cambridge Dictionary бұл сөзді біреудің не істеу керектігін айтуы, бір нәрсені қалай орындау керектігін көрсететін ақпарат және оқыту қызметі ретінде түсіндіреді [3]. Collins Dictionary да instruction ұғымын бағыт, бұйрық, үйрету және орындау тәртібімен байланыстырады [6].

Қазақ тіліндегі «нұсқау» сөзінің «белгілі бір істің қалай орындалуын көрсететін жөн-жоба, кеңес» мағынасы instruction семантикасымен тікелей сәйкес келеді. Сонымен қатар компьютерлік контексте instruction жеке операцияны орындауға арналған команда немесе бағыт ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан «нұсқау» сөзі жасанды интеллект жүйесіне берілетін command, instruction, prompt тәрізді ұғымдардың мағыналық шекарасын қазақ тілінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Терминдерге қойылатын талаптарда бірмағыналық, жүйелілік және синонимдердің шамадан тыс көбеюіне жол бермеу шарттары жиі аталады [9]. Дегенмен бір сөздің түрлі салада әртүрлі ұғымға қызмет етуі оның терминдік жарамсыздығын автоматты түрде білдірмейді. Маңыздысы – нақты сала ішіндегі ұғымдық шекараның айқын болуы. Жасанды интеллект контексінде «нұсқау» сөзін prompt ұғымына қолданғанда оны «жүйеге берілетін мәтіндік тапсырма» деп нақтылау қажет. Ал instruction кең мағынада «орындау тәртібін белгілейтін бағыт» ретінде қала береді.

Осыған байланысты prompt пен instruction арасындағы айырмашылықты сақтай отырып, екеуін де «нұсқау» семантикалық өрісі арқылы түсіндіруге болады. Instruction – жалпылама ұғым: ол жүйелі нұсқаулықты, оқытуды, бұйрықты және техникалық команданы білдіре алады. Prompt – нақты жағдайда белгілі бір жүйеге немесе адамға берілетін мәтіндік түртті, сұрақ немесе тапсырма. Қазақ тілінде бұл айырмашылық «жүйелік нұсқау», «пайдаланушы нұсқауы», «мәтіндік нұсқау», «нақты нұсқау» сияқты тіркестер арқылы ашылады.

Жасанды интеллект саласындағы prompt ұғымының ерекшелігі оның екі жақты табиғатынан көрінеді. Бір жағынан, ол адам мен жүйе арасындағы коммуникациялық бірлік: қолданушы өз мақсатын табиғи тілмен білдіреді. Екінші жағынан, prompt – алгоритмдік өңдеуге түсетін кіріс дерек: жүйе оны талдап, ықтимал жауап құрастырады. Осы екі қызметтің тоғысуы «нұсқау» сөзінің мағынасымен үйлеседі, себебі нұсқау да адамға немесе жүйеге белгілі бір әрекетті орындаудың бағытын көрсетеді. Бұл жерде «нұсқау» тек бұйрық емес, мақсатты әрекетті ұйымдастыратын мәтін ретінде қабылданады.

Prompt engineering тіркесі қазақ тілінде әртүрлі беріліп жүр: «промпт инженериясы», «нұсқау инженериясы», «нұсқау құрастыру», «нұсқауды жобалау» сияқты нұсқалар кездеседі. Терминологиялық тұрғыдан ең түсінікті жол – түбірді қазақшалап, кейінгі сөзжасамды сол негізден өрбіту. Мысалы, prompt design – «нұсқау жобалау», prompt template – «нұсқау үлгісі», system prompt – «жүйелік нұсқау», user prompt – «пайдаланушы нұсқауы» түрінде берілуі мүмкін. Мұндай тәсіл ұғымды түсінікті етеді және сала ішінде бірізді қолданыс қалыптастырады.

Instruction ұғымы жасанды интеллектте prompt-пен кейде қабаттасып қолданылады. Мәселен, жүйеге «жауапты қысқа бер», «ресми стильді сақта», «кесте түрінде ұсын» деген талаптар беріледі. Бұлар бір жағынан prompt құрамындағы шарттар, екінші жағынан instruction сипатындағы орындау тәртібі. Қазақ тіліндегі «нұсқау» дәл осы аралық қызметті бере алады. Егер мәтін тұтас жүйеге әрекет бағытын белгілесе, ол – нұсқау; егер ол белгілі бір операцияның орындалу тәртібін толық түсіндірсе, ол – нұсқаулық немесе орындау нұсқауы.

Терминологиялық ұсыныстың тағы бір өлшемі – оқырманның қабылдау жеңілдігі. Жасанды интеллект құралдарын тек бағдарламашылар ғана емес, мұғалімдер, аудармашылар, редакторлар, журналистер, мемлекеттік қызметшілер және студенттер де қолданады. Осы кең аудитория үшін «prompt» сөзінің мағынасы бірден түсінікті болмауы мүмкін, ал «нұсқау» сөзі күнделікті тілде де, ресми мәтінде де орныққан. Бұл жағдай терминді қоғамға таратуда маңызды артықшылық береді.

Қазақ тіліндегі термин шығармашылығында шетелдік атауды толық аудару, жартылай аудару немесе транслитерациялау жолдары қатар қолданылады. Қай жолды таңдау ұғымның табиғатына, салалық дәстүрге және ұлттық тілдегі дайын баламаның бар-жоғына байланысты. Prompt жағдайында дайын мағыналық негіз бар: «нұсқау» сөзі әрі жалпы тілде, әрі терминологиялық қорда орныққан. Сондықтан бұл жерде транслитерациядан гөрі ішкі баламаға сүйену қисынды.

Терминнің тұрақтануы үшін оның сөздікке енуі ғана жеткіліксіз. Ол оқу материалдарында, техникалық құжаттамада, интерфейс мәтіндерінде, ғылыми мақалаларда және бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі қолданылуы керек. Мысалы, жасанды интеллектпен жұмыс істеуге арналған қысқа нұсқаулықтарда «нұсқауды нақты жазыңыз», «нұсқауда рөлді көрсетіңіз», «нұсқауда жауап пішімін белгілеңіз» деген тіркестер табиғи әрі түсінікті. Мұндай қолданыс терминнің қызметін нақтылайды.

Семантикалық өрісті анықтау барысында «нұсқау» сөзінің бұйрық реңкі бар екені де ескерілуі керек. Кейбір мәтіндерде prompt міндетті бұйрық емес, сұрақ немесе өтініш болуы мүмкін. Алайда жасанды интеллект жүйесі тұрғысынан кез келген prompt белгілі бір жауап тудыратын бағыттаушы мәтін қызметін атқарады. Сондықтан «нұсқау» сөзі бұйрық мәнмен шектелмей, кеңірек «бағыт беру» мәнінде түсіндірілуі тиіс.

Нұсқаудың сапасы жасанды интеллект нәтижесіне тікелей әсер етеді. Нұсқау неғұрлым нақты, контексті мол, мақсаты айқын болса, жүйенің жауабы да соғұрлым пайдалы болады. Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі «нұсқау» сөзінің прагматикалық мәнін күшейтеді: нұсқау тек атау емес, нәтижені ұйымдастыратын құрал. Осы тұрғыдан «нұсқау құрастыру мәдениеті» немесе «нұсқау сауаттылығы» сияқты жаңа тіркестердің пайда болуы мүмкін.

Кесте 2 – Орысша терминдердің ағылшынша баламалары

Орысша термин	**Ағылшынша нұсқасы**
инструктаж	instruction / instruction session [4]; [2]
инструкция	instruction / instructions [4]; [2]

письмо инструктивное	instruction letter / letter of instruction [4]
инструктор	instructor [4]
инструктирование	instructing / giving instruction [4]
руководство	instructions / instruction manual [4]; [2]
указание	instruction [4]; [2]

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде prompt және instruction ұғымдарын қазақ тілінде «нұсқау» сөзі арқылы беруге бірнеше негіз бар екені анықталды. Біріншіден, этимологиялық тұрғыдан prompt әрекетті алға шығаруға, іске қосуға, түртті болуға байланысты. «Нұсқау» сөзінің бағыт беру және әрекетке жетелеу семасы осы мәнді жеткізеді. Екіншіден, instruction ұғымы орындау тәртібі, бұйрық, үйрету және техникалық команда мағыналарын қамтиды; бұл мағыналар қазақ тіліндегі «нұсқау» сөзінің қалыптасқан қолданысымен сәйкес келеді.



Үшіншіден, «нұсқау» сөзі қазақ терминологиясында жүйе құраушы түбір ретінде орныққан. Нұсқаулық, нұсқаушы, нұсқау беру, нұсқау хат, нұсқау белгісі сияқты атаулардың болуы осы түбірдің термин жасауға қабілетті екенін дәлелдейді. Жасанды интеллект саласында да осы сөзжасамдық әлеуетті пайдалану терминологиялық бірізділікке қызмет етеді.

Төртіншіден, prompt сөзін «промпт» түрінде беру ұғымды халықаралық дыбыстық қабықта сақтағанымен, оның мағынасын қазақ оқырманына толық ашпайды. Ал «нұсқау» сөзі ұғымның қызметін бірден аңғартады. Жасанды интеллект жүйесіне берілетін prompt – жай ғана сөз емес, нәтижені анықтайтын бағыттаушы мәтін. Сондықтан «нұсқау» баламасы коммуникативтік тұрғыдан да тиімді.

Бесіншіден, prompt пен impromptu сөздерінің этимологиялық жақындығы оларды бір мағынада қолдануға негіз болмайды. Impromptu ағылшын тілінде алдын ала дайындалмаған, сол сәтте туған, суырыпсалма әрекет немесе сөз деген мағына береді [3–5]. Қазақ тіліндегі «экспромпт» кірме сөзі де алдын ала дайындықсыз айтылған сөз, өлең немесе музыкалық шығарма мәнінде қалыптасқан [11]. Сондықтан prompt – әрекетті бастататын нұсқау, ал impromptu – сол сәтте дайындықсыз туған әрекет немесе шығарма.



Сурет 1. *Prompt* және *impromptu* ұғымдарының мағыналық өрістерінің арақатынасы

Мағыналық өріс тұрғысынан prompt «түртпі, белгі, кіріс мәтін, бағыттаушы тапсырма» аймағына жатады. Instruction «орындау тәртібі, бұйрық, үйрету, техникалық команда» аймағын қамтиды. Ал «нұсқау» осы екі аймақтың қиылысында орналасады: ол әрі бағыт береді, әрі орындау жолын көрсетеді, әрі белгілі бір әрекетті тудырады. Бұл қиылыс жасанды интеллект терминоло-

гиясында өте маңызды, өйткені жүйеге берілетін мәтін көбіне әрі тапсырма, әрі бағыт, әрі шектеу қызметін атқарады.

Практикалық ұсыныс ретінде prompt ұғымын қазақ тілінде «нұсқау» деп, ал қажет болған жағдайда «мәтіндік нұсқау», «пайдаланушы нұсқауы», «жүйелік нұсқау», «үлгілік нұсқау» сияқты нақтылаушы тіркестермен беру орынды. Instruction ұғымы жалпы контексте «нұсқау», «нұсқаулық», «орындау нұсқауы» нұсқаларымен беріле алады. Мұндай жіктеу ұғымдардың ара жігін сақтайды және бір түбірден тараған жүйелі терминдер қатарын қалыптастырады.

Термин қабылдауда тілдік ықшамдылық та маңызды. Prompt сөзін сол күйінде қалдырғанда, одан қазақ тілінің қосымшалары арқылы «промпттау», «промпттық», «промптшы» сияқты жасанды тұлғалар пайда болуы мүмкін. Бұл тұлғалар кәсіби ортада уақытша қолданылғанымен, жалпы тілдік нормаға орнығуы қиын. «Нұсқау» негізінде жасалған сөздер қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне табиғи бағынады: нұсқау беру, нұсқау құрастыру, нұсқауды нақтылау, нұсқаулық мәтін, нұсқаушы белгі. Сондықтан ұлттық балама тілдік үнемділік пен түсініктілікке қатар қызмет етеді.

Дегенмен «нұсқау» сөзін барлық жағдайда механикалық түрде қолдану дұрыс емес. Кей контексте prompt «ишара», «түрткі», «сұрау», «енгізілім» мағыналарына жақындауы мүмкін. Мысалы, сахна өнеріндегі prompt – актерге сөзін еске салу; психологияда prompt – жауапты шақыратын белгі; компьютер интерфейсінде prompt – команданы енгізуге шақыру белгісі. Мұндай қолданыстарда контекст шешуші рөл атқарады. Жасанды интеллект терминологиясында негізгі балама «нұсқау» болғанымен, қосымша мағыналарды түсіндіруде «ишара», «түрткі», «енгізу жолы» сияқты атаулар да қажет болуы ықтимал.

Сондықтан ұсынылып отырған шешім абсолютті алмастыру емес, терминологиялық басымдық белгілеу ретінде түсінілгені жөн. Яғни prompt ұғымы жасанды интеллект жүйесіне берілетін мәтіндік тапсырма немесе бағыттаушы мәтін мағынасында жұмсалғанда, «нұсқау» баламасы негізгі нұсқа ретінде ұсынылады. Ал өзге салалардағы арнайы қолданыстар жеке терминологиялық саралауды қажет етеді. Бұл тәсіл термин жасаудағы икемділік пен жүйелілікті қатар сақтайды.

Жасанды интеллект қазақ тілінде сапалы жұмыс істеуі үшін терминологиялық біріздiлік ерекше қажет. Бір мәтінде prompt, екінші мәтінде промпт, үшіншісінде сұрау, төртіншісінде нұсқау қолданылса, пайдаланушыда ұғымдық тұрақсыздық туындайды. Сондықтан ресми және ғылыми қолданыста негізгі баламаны бекітіп, қажет болған жерде жақша ішінде ағылшыншасын көрсету тиімді: нұсқау (prompt). Уақыт өте келе қазақша балама дербес қолданылатын деңгейге жетеді.

Бұл ұсыныс басқа түркі тілдеріндегі тәжірибені жоққа шығармайды. Кей тілдерде prompt транслитерация күйінде берілуі мүмкін, кейбірінде мағыналық аударма таңдалуы ықтимал. Қазақ тілі үшін шешім қабылдағанда өз тілдік жүйеміз, қолданыстағы терминологиялық қорымыз және оқырман қажеттілігі басты өлшем болуы керек. «Нұсқау» осы үш өлшемге де жауап береді.

Нәтижелерді практикалық тұрғыдан қолдану үшін терминдерді шағын жүйе түрінде ұсынуға болады: prompt – нұсқау; instruction – нұсқау, нұсқаулық немесе орындау нұсқауы; prompt template – нұсқау үлгісі; system prompt – жүйелік нұсқау; user prompt – пайдаланушы нұсқауы; prompt engineering – нұсқау құрастыру немесе нұсқау инженериясы. Бұл қатар түбір бірлігін сақтайды әрі әр ұғымды нақтылайды.

Болашақта бұл ұсыныс корпус деректері арқылы тексерілуі керек. Қазақ тіліндегі медиа, ғылыми және техникалық мәтіндерден prompt пен «нұсқау» қолданыстары жиналып, олардың жиілігі, контексті және қабылдану деңгейі салыстырылса, терминді бекітуге қосымша дәлелдер пайда болады. Сонымен бірге сала мамандары, аудармашылар және пайдаланушылар арасында сауалнама жүргізу де тиімді болар еді.

Осылайша мақалада ұсынылған балама тек лексикалық аударма емес, тұтас терминологиялық стратегияның бір бөлігі ретінде қарастырылады. Жаңа технологиялық ұғымдарды қазақ тілінде игеру тілдің ғылыми айналымдағы беделін күшейтеді, ал жүйелі балама жасау жасанды интеллектпен байланысты білімді ана тілінде түсіндіруге жағдай жасайды.

Зерттеу шектеуі ретінде мақалада prompt ұғымының барлық техникалық түрлері толық қамтылмағанын атап өткен жөн. Мысалы, мультимодалды жүйелердегі бейнелік немесе дыбыстық prompt, бағдарламалық интерфейстердегі параметрлік нұсқаулар, сондай-ақ агенттік жүйелердегі көпсатылы нұсқаулар жеке талдауды қажет етеді. Дегенмен негізгі тілдік уәж бірдей қалады: олардың бәрінде жүйені белгілі бір әрекетке бағыттайтын белгі немесе тапсырма бар.

Сондай-ақ терминді қолданысқа енгізу барысында түсіндірме материалдардың сапасы маңызды. «Нұсқау» сөзі алғаш ұсынылған мәтіндерде оның ағылшын тіліндегі prompt ұғымымен байланысы ашық көрсетілуі керек. Бұл пайдаланушыға жаңа баламаны тез тануға көмектеседі және терминнің жасанды емес, мағыналық негізі бар екенін аңғартады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, prompt және instruction ұғымдарын қазақ тілінде беруде «нұсқау» сөзі уәжді балама бола алады. Талдау нәтижесінде бұл атаудың әрекетке бағыт беру, белгі беру, түсіндіру, жөн-жоба ұсыну және мәтіндік тапсырма мәндерін қамтитыны анықталды. «Нұсқау» сөзі жасанды интеллект жүйе-

сімен жұмыс істеу барысында қолданушының мақсатын, күтілетін нәтижені және орындау шарттарын белгілейтін мәтінді дәл сипаттайды.

Сонымен қатар prompt пен impromptu ұғымдарының түбірі жақын болғанымен, қазіргі семантикалық өрістері бөлек. Prompt – әрекетті бастататын немесе жүйені жауап беруге бағыттайтын белгі мен мәтін; impromptu – алдын ала дайындықсыз туған сөз, әрекет немесе шығарма. Сондықтан қазақ тіліндегі «экспромпт» сөзі prompt ұғымына балама бола алмайды.

Ұсынылған балама қазақ тілінің ішкі мүмкіндігіне, терминологиялық жүйелілік қағидатына және қолданыстағы нұсқа - түбірлі терминдермен сабақтастыққа негізделеді. Алдағы уақытта жасанды интеллект терминологиясын қалыптастыруда «нұсқау» сөзінің нақты салалық тіркестерін біріздендіріп, оқу-әдістемелік, техникалық және ресми мәтіндердегі қолданысын тұрақтандыру қажет.

Осы бағыттағы келесі қадам – ұсынылған баламаны салалық глоссарийлерде, оқу құралдарында және цифрлық қызметтердің интерфейсінде сынақтан өткізу. Қолданыс тәжірибесі терминнің қай тіркестермен жақсы орнығатынын, қай жерде қосымша нақтылау қажет екенін көрсетеді.

Бұл жұмыс қазақ тіліндегі жасанды интеллект терминологиясын жүйелеуге арналған бастапқы ғылыми негіздердің бірі ретінде қарастырылады.

Ол термин таңдауда мағына, қолданыс және тілдік жүйе бірлігін қатар ескерудің маңызын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы, Ө. Основы казахской терминологии. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 384 с. + 16 с.

2. Online Etymology Dictionary. Prompt (v.). Қолжетімді: https://www.etymonline.com/word/prompt (қаралған күні: 07.04.2026).

3. Cambridge Dictionary. Prompt; Instruction; Impromptu. Қолжетімді: https://dictionary.cambridge.org (қаралған күні: 07.04.2026).

4. Britannica Dictionary. Prompt; Instruction; Impromptu. Қолжетімді: https://www.britannica.com/dictionary (қаралған күні: 07.04.2026).

5. Merriam-Webster Dictionary. Prompt; Instruction; Impromptu. Қолжетімді: https://www.merriam-webster.com (қаралған күні: 07.04.2026).

6. Collins Dictionary. Instruction; Impromptu. Қолжетімді: https://www.collinsdictionary.com (қаралған күні: 07.04.2026).

7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том / құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

8. Республикалық терминология комиссиясы. Терминологиялық қор:

«нұсқау». Қолжетімді: https://termincom.kz/search/?termin=нұсқаусid=0 (қаралған күні: 07.04.2026).

9. Құрманбайұлы, Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 928 + 16 жапсырма бет.

10. Online Etymology Dictionary. Impromptu. Қолжетімді: https://www.etymonline.com/word/impromptu (қаралған күні: 07.04.2026).

11. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / құраст. Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.

12. Azerbaijani Lexicon. Promt. Қолжетімді: https://azleks.az/dictionary/promt (қаралған күні: 07.04.2026).

А.Н. АХМЕТ

Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова

СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ СЛОВА «НҰСҚАУ»: ПОНЯТИЯ PROMPT И INSTRUCTION

Аннотация. В статье анализируются этимология, семантическое поле и употребление английских терминов prompt и instruction в современном дискурсе искусственного интеллекта. Цель исследования – показать языковую мотивированность передачи данных понятий в казахском языке словом «нұсқау», а также определить место и ограничения этого наименования в терминологической системе. Материалом исследования послужили определения, представленные в толковых и этимологических словарях английского языка, данные толкового словаря казахского языка, термины, утвержденные Республиканской терминологической комиссией, а также примеры употребления в сфере искусственного интеллекта. В результате анализа установлено, что значения слова «нұсқау», связанные с указанием порядка действий, направлением, обозначением, советом и побуждением к действию, соотносятся как с побудительным и текстово-задательным значением понятия prompt, так и с семантикой направления, предписания и обучения, характерной для понятия instruction. Вместе с тем показано, что, несмотря на близость этимологических корней слов *prompt* и *impromptu,* их современные семантические поля различаются. Выводы исследования предлагаются в качестве рекомендации, направленной на систематизацию казахскоязычной терминологии искусственного интеллекта на основе внутренних возможностей национального языка.

Ключевые слова: терминология, терминотворчество, нұсқау, *prompt, instruction,* искусственный интеллект, семантическое поле, эквивалент.

A.N. AKHMET
Sh.Shayakhmetov National Scientific and Practical Center «Til-Qazyna

THE SEMANTIC FIELD OF "NŪSQAU": THE CONCEPTS OF PROMPT AND INSTRUCTION

Abstract. The article analyzes the etymology, semantic field, and use of the English terms prompt and instruction in contemporary artificial intelligence discourse. The purpose of the study is to demonstrate the linguistic motivation for rendering these concepts in Kazakh through the word nūsqau and to determine the place and limitations of this designation within the terminological system. The research material includes definitions from explanatory and etymological dictionaries of English, data from the explanatory dictionary of the Kazakh language, terms approved by the Republican terminology Commission, and examples of usage in the field of artificial intelligence. The analysis shows that the meanings of the word *nūsqau,* associated with guidance, direction, indication, advice, and prompting action, correspond both to the prompting and text-based task meaning of the concept *prompt* and to the semantics of direction, command, and instruction inherent in the concept *instruction*. At the same time, the study demonstrates that although the words *prompt* and *impromptu* have related etymological roots, their modern semantic fields are distinct. The findings of the study are proposed as a recommendation aimed at systematizing Kazakh-language artificial intelligence terminology on the basis of the internal resources of the national language.

Keywords: terminology, term formation, *nūsqau, prompt, instruction,* artificial intelligence, semantic field, equivalent.

Reference

1. Aitbaiuly, O. (2014). Osnovy kazakhskoi terminologii [Fundamentals of Kazakh terminology]. Almaty: Abzal-Ai.

2. Online Etymology Dictionary. Prompt (v.). Available at: https://www.etymonline.com/word/prompt (accessed: 07.04.2026).

3. Cambridge Dictionary. Prompt; Instruction; Impromptu. Available at: https://dictionary.cambridge.org (accessed: 07.04.2026).

4. Britannica Dictionary. Prompt; Instruction; Impromptu. Available at: https://www.britannica.com/dictionary (accessed: 07.04.2026).

5. Merriam-Webster Dictionary. Prompt; Instruction; Impromptu. Available at: https://www.merriam-webster.com (accessed: 07.04.2026).

6. Collins Dictionary. Instruction; Impromptu. Available at: https://www.collinsdictionary.com (accessed: 07.04.2026).

7. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. Vol. 11. Almaty, 2011.

8. Republican terminology Commission. Terminological database: “nūsqau”. Available at: https://termincom.kz/search/?termin=нұсқаусid=0 (accessed: 07.04.2026).

9. Kurmanbaiuly, Sh. (2014). Qazaq terminologiyasy [Kazakh terminology]. Almaty: Sardar.

10. Online Etymology Dictionary. Impromptu. Available at: https://www.etymonline.com/word/impromptu (accessed: 07.04.2026).

11. Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi [Dictionary of loanwords in Kazakh]. Almaty: Ulttyq audarma biurosy, 2019.

12. Azerbaijani Lexicon. Promt. Available at: https://azleks.az/dictionary/promt (accessed: 07.04.2026).

Автор туралы мәлімет:

Ахмет Ақжібек Нұрланқызы – PhD, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан;

Ахмет Акжибек Нурланкызы – PhD, ведущий научный сотрудник отдела терминологии Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова, Астана, Казахстан;

Akhmet Akzhibek Nurlankyzy – PhD, leading researcher of the Terminology Department, Sh.Shayakhmetov National Scientific and Practical Center “Til-Qazyna”, Astana, Kazakhstan.

ҒТАХР 16.21.33
DOI

К.Қ. ЖҰБАТХАНОВА
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(e-mail: Zhubathanova@mail.ru)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БИОТЕХНОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі биотехнология терминдерінің ұғымдық өрістері, құрылымдық модельдері және біріздендіру мәселелері қарастырылады. Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі биотехнология оқулықтары, оқу құралдары, глоссарийлер мен үштілді сөздік негізінде жинақталған 973 термин және 104 қысқартылған атау алынды. Терминдер терминологиялық өріс, құрылымдық-семантикалық, сөзжасамдық және терминографиялық талдау әдістері арқылы сараланды. Нәтижесінде биотехнология терминқорының молекулалық-генетикалық, гендік инженерия, жасушалық және ұлпалық биотехнология, иммунобиотехнология, экологиялық биотехнология, зертханалық-технологиялық әдістер сияқты негізгі өрістерден тұратыны анықталды. Құрылымдық тұрғыдан бір компонентті және көп компонентті атаулардың арақатынасы шамалас екені, терминжасамда халықаралық терминбөлшектер, қазақ тілінің қатыстық қосымшалары, калькалау және будан модельдер қатар қолданылатыны көрсетілді. Оқу құралдарындағы жасуша/клетка, ақуыз/белок, антидене/антизат, гендік инженерия/генетикалық инженерия тәрізді жарыспалы қатарлар салалық терминдерді біріздендіру қажеттігін дәлелдейді. Мақалада терминдерді нормалау үшін ұғымдық дәлдік, жүйелілік, тілдік норма, халықаралық сәйкестік және терминографиялық толықтық қағидаттары ұсынылады.

Түйін сөздер: биотехнология терминологиясы, терминологиялық өріс, терминжасам, құрылымдық модель, калька, будан термин, біріздендіру, терминография.

Кіріспе

Қазақ ғылыми тілінің қазіргі даму кезеңінде жаңа салалардың терминқорын жүйелеу ерекше маңызға ие. Биотехнология – молекулалық биология, генетика, микробиология, биохимия, медицина, ветеринария, экология және өндірістік технологиялармен сабақтасқан пәнаралық бағыт. Мұндай күрделі саладағы терминдер жеке сөздердің жиынтығы ретінде

ғана емес, өзара байланысқан ұғымдық жүйе ретінде қарастырылуға тиіс. Себебі биотехнологиялық мәтінде бір атау тірі организмді немесе жасушаны білдірсе, екінші атау сол нысанға жасалатын технологиялық әрекетті, үшінші атау зертханалық құралды, төртінші атау алынатын өнімді немесе қауіпсіздік нормасын атайды.

Биотехнологияның қазақ тіліндегі терминологиясы соңғы онжылдықтарда оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, диссертациялар және сөздіктер арқылы қалыптасып келеді. Дегенмен оқу, ғылыми мәтіндерде жарыспалы қолданыстардың сақталуы, кірме атаулар мен калькалардың әркелкі берілуі, қысқартулардың бірізді жазылмауы және терминдік тіркестердің қазақ тілінің синтаксистік нормасына толық сәйкес келе бермеуі арнайы лингвистикалық талдауды қажет етеді. Мәселен, жасуша/клетка, ақуыз/белок, антидене/антизат, ДНҚ/ДНК, гендік инженерия/генетикалық инженерия қатарлары бір ұғымға бірнеше атаудың жұмсалатынын көрсетеді.

Биотехнология ұғымының өзі де кеңейіп, тұрақты бір ғана дефинициямен шектелмейді. OECD құжатында биотехнология тірі организмдерге, олардың бөліктеріне, өнімдеріне және модельдеріне ғылым мен технологияны қолдану арқылы білім, тауар немесе қызмет алу саласы ретінде сипатталады [1, 8]. FAO глоссарийінде bioprocess, bioreactor, biosafety, bioremediation, recombinant DNA, tissue culture сияқты әртүрлі ұғымдық аймақтарға жататын терминдер бір жүйеде беріледі [2, 20]. Бұл деректер биотехнология терминдерін құрылымдық қана емес, өрістік және функционалдық тұрғыдан талдау қажеттігін көрсетеді.

Қазақ терминологиясы теориясында терминді ұғыммен, анықтамамен және атаумен бірлікте қарастыру орныққан. Ш. Құрманбайұлы термин пайда болуы үшін алдымен белгілі бір терминдер жүйесіндегі орны нақтыланған ұғым болуы қажет екенін көрсетеді [3, 71]. Бұл тұжырым биотехнология терминдері үшін де өзекті: ген, геном, мутация, рекомбинантты ДНҚ, клондау, биореактор, каллус, биоремедиация сияқты атаулардың мазмұны өз өрісіндегі басқа терминдермен байланыста ғана толық ашылады. Сондықтан мақала мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі биотехнология терминдерінің ұғымдық өрістерін, құрылымдық модельдерін және біріздендіру бағыттарын анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі биотехнология оқулықтары, оқу құралдары, дәріс жинақтары, монографиялар, глоссарийлер, үштілді сөздік және терминологиялық база материалдары алынды. Негізгі корпусқа биотехнология бойынша оқу құралдарынан жинақталған 973 термин және 104 қысқартылған атау енгізілді. Сонымен қатар оқу құралдарындағы анықтамалар, терминдік тіркестер, жақша ішінде берілген баламалар, ағылшын және

орыс тіліндегі сәйкестіктер, дереккөз бетін көрсететін библиографиялық мәліметтер ескерілді.

Материалды өңдеу бірнеше кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде терминдер дереккөздерден бастапқы тұлғасында алынып, қайталанатын және жарыспалы нұсқалар белгіленді. Екінші кезеңде әрбір терминнің салалық өрісі анықталды: молекулалық-генетикалық, гендік инженерия, жасушалық және ұлпалық биотехнология, микробиологиялық және ферментациялық, биохимиялық және ферменттік, иммунобиотехнологиялық, өсімдік және жануарлар биотехнологиясы, экологиялық биотехнология, зертханалық-технологиялық әдістер. Үшінші кезеңде терминдердің құрылымы бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті және төрт не одан көп компонентті үлгілерге бөлінді.

Талдауда сипаттамалық, құрылымдық-семантикалық, сөзжасамдық, салыстырмалы және терминографиялық әдістер қолданылды. Құрылымдық талдау термин құрамындағы түбір, терминбөлшек, қосымша, қысқарту, дефис, жақша ішіндегі балама сияқты белгілерді анықтауға мүмкіндік берді. Сөзжасамдық талдау био-, ген-, транс-, крио-, иммун-, -аза, -генез, -логия сияқты халықаралық терминбөлшектердің, сондай-ақ -лық/-лік, -ды/-ді, -у, -ушы/-уші тәрізді қазақ тіліндегі қосымшалардың терминжасамдық қызметін көрсетті. Терминографиялық талдау әрбір атауды дефиниция, микроөріс, балама, қолданыс мәртебесі және ескертпе арқылы сипаттауға бағытталды.

Зерттеу барысында терминдердің сандық көрсеткіштері сапалық талдаумен ұштастырылды. Бұл тәсіл терминқордағы басым үлгілерді ғана емес, нормаға түспеген немесе түзетуді қажет ететін қолданыстарды да анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, «библиотека геномдық» тәрізді калька нұсқалар қазақ тіліндегі анықтауыштық қатынасқа сай келмейтіндіктен, «геном қоры» сияқты табиғи модельмен беруді қажет етеді. Ал «асимметриялық будан», «гетероплазмалы будан», «цитоплазмалық будан» атауларында анықтауыш пен анықталушының орны мен тұлғасы жүйелі сақталуы тиіс.

Талқылау

Биотехнология терминдерінің өрістік құрылымы саланың пәнаралық табиғатын айқын көрсетеді. Корпустық материал негізінде он бір негізгі терминологиялық өріс ажыратылды: жалпы биотехнологиялық және биопроцесс өрісі; молекулалық-генетикалық өріс; гендік инженерия және рекомбинанттық технологиялар өрісі; жасушалық және ұлпалық биотехнология өрісі; микробиологиялық және ферментациялық өріс; биохимиялық және ферменттік өріс; иммунобиотехнологиялық және медициналық-ветеринариялық өріс; өсімдік биотехнологиясы және фитобиотехнология өрісі; жануарлар биотехнологиясы және эмбриоинженерия өрісі; экологиялық биотехнология және биоремедиация өрісі; зертханалық-технологиялық құралдар мен әдістер өрісі.

Ең үлкен қабатты молекулалық-генетикалық өріс құрайды. Бұл заңды құбылыс, өйткені қазіргі биотехнологияның теориялық өзегі ген, геном, ДНҚ, РНҚ, мутация, рекомбинация, транскрипция, трансляция тәрізді молекулалық деңгейдегі ұғымдарға сүйенеді. Гендік инженерия және рекомбинанттық технологиялар өрісі де осы қабатпен тығыз байланысты: рекомбинантты ДНҚ, плазмида, вектор, клондау, рестриктаза, лигаза, трансформация сияқты атаулар бір ұғымдық желіге бірігеді. Бұл терминдерде халықаралық терминбөлшектер мен кірме түбірлердің үлесі жоғары, себебі жаңа ғылыми атаулар көбіне ағылшын тілі арқылы таралады.

Жасушалық және ұлпалық биотехнология өрісі каллус, эксплант, протопласт, жасуша культурасы, ұлпа культурасы, тотипотенттілік, микроклондық көбейту сияқты атауларды қамтиды. Бұл өрісте қазақша баламалар мен кірме атаулар қатар қолданылады. Мысалы, жасуша термині қазақ тіліндегі негізгі балама ретінде орныға бастағанымен, клетка нұсқасы бірқатар оқу құралдарында сақталады. Терминологиялық норма тұрғысынан мұндай қатарлар бір ұғымға бір негізгі атауды бекіту арқылы реттелуі керек.

Иммунобиотехнологиялық және медициналық-ветеринариялық өрісте антидене, антиген, вакцина, иммундық жауап, моноклондық антидене, гибридома, диагностикум, ферменттік иммундық талдау сияқты атаулар жиі кездеседі. Мұнда халықаралық сәйкестік пен ұлттық тіл нормасын қатар сақтау маңызды. Мысалы, antibody ұғымына қазақша антидене нұсқасын негізгі атау ретінде бекіту ұтымды, ал антизат және антитело нұсқалары контекстік немесе ескі қолданыс ретінде белгіленуі мүмкін. Мұндай шешім терминографиялық базаға енгізілгенде ғана тұрақты нормаға айналады.

Экологиялық биотехнология өрісінде биоремедиация, биодеградация, биоиндикация, биосорбция, биогаз, биотыңайтқыш, биоинсектицид сияқты атаулар басым. Бұл атаулардың бір бөлігі био- компоненті арқылы жасалған халықаралық үлгіге сүйенсе, екінші бөлігі қазақ тіліндегі тіркес үлгісімен беріледі. Салааралық сипатқа байланысты кейбір терминдер бірнеше өріспен шектеседі. Мысалы, биомасса термині экологияда тірі организмдер массасын білдірсе, биотехнологиялық өндірісте дақылдау нәтижесінде алынатын жасуша массасын білдіреді. Сондықтан терминнің дефинициясында оның нақты өрісі міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Құрылымдық талдау биотехнология терминдерінің бірсөзді және көпсөзді үлгілері шамалас екенін көрсетті. Бір компонентті атауларға ген, клон, плазмида, мутация, вектор, автоклав сияқты терминдер жатады. Екі компонентті атауларға қоректік орта, иммундық жауап, гендік инженерия, жасушалық селекция, рекомбинантты ДНҚ тәрізді үлгілер кіреді. Үш және одан көп компонентті атауларда ұғымдық иерархия күрделене түседі: бірінші реттік им-

мундық жауап, ДНҚ молекуласының екінші реттік құрылымы, геномдық ДНҚ клондары сияқты тіркестерде анықтауыштық қатынас пен ғылыми сипат қатар беріледі.

Терминжасамдық тұрғыдан биотехнология атаулары бірнеше арна арқылы қалыптасады. Біріншісі – халықаралық терминбөлшектер арқылы жасалған атаулар. Био-, ген-, транс-, микро-, крио-, иммун-, фермент-, -аза, -генез, -логия сияқты компоненттер терминнің ғылыми өрісін бірден танытады. Екіншісі – қазақ тілінің қосымшалары арқылы жасалған атаулар; -лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік қосымшасы қатыстық белгі мен салалық нысанды білдіреді: гендік инженерия, иммундық жауап, жасушалық селекция; -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті қосымшалары рекомбинантты ДНҚ, трансгенді организм, биогенді элементтер сияқты сапалық-қатыстық мағына береді;оқу-ғылыми -у қосымшасы клондау, будандастыру, талдау тәрізді үдеріс және әдіс атауларын қалыптастырады.

Үшінші арна – калькалау. Корпуста 145 калька термин тіркеліп, олардың жалпы 973 термин ішіндегі үлесі 14,9 пайызды құрады. Калька тәсілі шет тіліндегі ұғымды қазақ тілінің сөздерімен беруге мүмкіндік береді. Алайда кальканың сапасы қазақ тілінің сөз тәртібі мен семантикалық дәлдігіне байланысты. Полимеразалық тізбектік реакция, генетикалық талдау, иммундық жүйе сияқты үлгілер ұғымдық құрылымды сақтайды. Ал орысша немесе ағылшынша құрылымды механикалық көшіру арқылы жасалған атаулар терминдік норманы әлсіретеді. Сондықтан калька терминдер терминографиялық сараптамадан өтіп, табиғи қазақша модельге сәйкестендірілуі тиіс.

Төртінші арна – будан терминдер. Биотехнология саласында кірме компонент пен қазақша компоненттің бір термин ішінде бірігуі жиі кездеседі: ДНҚ-лигаза, гендік инженерия, рекомбинантты ақуыз, жасушалық селекция, биоқауіпсіздік. Мұндай терминдер ғылыми ақпаратты қысқа әрі дәл жеткізеді, бірақ олардың графикалық, орфографиялық және қосымшалану нормасы бірізді болуы керек. Әсіресе ДНҚ, РНҚ, ПТР сияқты қысқартулардың бас әріппен жазылуы, дефис арқылы байланысуы, септік жалғауларының берілуі арнайы нормалауды қажет етеді.

Оқу құралдарындағы жарыспалы қолданыстар биотехнология терминологиясының әлі толық тұрақтанбағанын байқатады. Зерттеу корпусында 1565 терминдік жазба, 1078 бірегей атау, кемінде екі дереккөзде қайталанған 236 термин және 638 көпкомпонентті терминдік жазба тіркелді. Бұл дерек бір жағынан терминқордың кеңейгенін көрсетсе, екінші жағынан бір ұғымға бірнеше нұсқаның қатар жұмсалатынын дәлелдейді. Терминологиялық норма үшін мұндай қатарлар кездейсоқ қалдырылмай, ұғымдық дәлдік, қолданыс жиілігі, халықаралық сәйкестік және қазақ тілінің нормасы негізінде саралануы керек.

Кесте 1 – Биотехнология терминдерінің негізгі өрістері

№	Терминологиялық өріс	Термин саны	Үлесі
1	Молекулалық-генетикалық өріс	247	23,3%
2	Жануарлар биотехнологиясы және эмбриоинженерия	159	15,0%
3	Иммунобиотехнологиялық және медициналық-ветеринариялық өріс	113	10,7%
4	Жасушалық және ұлпалық биотехнология өрісі	113	10,7%
5	Гендік инженерия және рекомбинанттық технологиялар	101	9,5%
6	Өзге өрістер	326	30,8%

Ескерту: кесте диссертациялық зерттеу корпусындағы терминологиялық өрістер бойынша жинақталған деректер негізінде жасалды.

Биотехнология терминдерінің құрылымдық жүйесін бағалағанда терминнің сыртқы тұлғасы мен ұғымдық мазмұны арасындағы байланысқа ерекше назар аударылады. Бірсөзді терминдер көбіне халықаралық ғылым тілінде орныққан дайын атауларды қабылдау арқылы қалыптасады. Мұндай атаулардың артықшылығы – ықшамдығы және халықаралық танымалдығы. Алайда олардың мағынасы қазақ тіліндегі оқырманға бірден ашыла бермейді. Сондықтан ген, клон, плазмида, вектор сияқты атаулар оқу мәтіндерінде дефинициямен, мысалмен және қажет болған жағдайда ағылшын-орыс баламаларымен қатар берілуі тиіс.

Көпкомпонентті терминдер ұғымның бірнеше белгісін бір атауға жинақтайды. Мысалы, «бірінші реттік иммундық жауап» тіркесінде реттік белгі, салаға қатыстылық және негізгі ұғым қатар көрінеді. «ДНҚ молекуласының екінші реттік құрылымы» атауында объект, иелік қатынас, реттік сипат және құрылымдық белгі бар. Мұндай атауларды қысқарту әрдайым мүмкін емес, себебі ғылыми дәлдік жоғалуы ықтимал. Бірақ көпкомпонентті терминдерде сөз тәртібі, тәуелдік, септік және анықтауыштық қатынас жүйелі сақталмаса, термин мәтіндегі қабылдауды қиындатады.

Қазақ тіліндегі биотехнология терминологиясында қысқартулардың орны да бөлек. ДНҚ, РНҚ, ПТР сияқты атаулар оқу, ғылыми мәтіндерде жиі қолданылады және халықаралық коммуникациямен тікелей байланысты. Қысқартуларды қолдануда екі мәселе байқалады: біріншісі – кирилл және латын графикасындағы нұсқалардың жарыса берілуі; екіншісі – қысқартуға қосымша жалғау үлгісінің бірізді болмауы. Мысалы, ДНҚ-ның, ДНҚ-ға,

РНҚ-мен сияқты тұлғаларда дефис пен қосымшаның үндесуі нақты сақталуы керек.

Терминбөлшектердің өнімділігі биотехнология терминжасамының халықаралық сипатын танытады. Био- компоненті тірі жүйеге қатыстылықты, ген-/гено- компоненті тұқымқуалаушылық ақпаратпен байланысты, транс- компоненті тасымалдау немесе өзгерту мәнін, крио- компоненті төмен температуралық технологияны білдіреді. Бұл компоненттер қазақ тілінде жеке сөз ретінде емес, термин құрамындағы мағыналық көрсеткіш ретінде қызмет етеді. Сондықтан оларды түсіндіру сөздік мақалада немесе оқу мәтініндегі алғашқы қолданыста берілуі қажет.

Ұлттық тілдің ішкі мүмкіндігі биотехнология терминдерін игеруде тек аударма жасау арқылы емес, жүйелі сөзжасам арқылы көрінеді. Қатыстық сын есім жасайтын -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік қосымшалары салалық атауларда өте белсенді. Бұл қосымшалар гендік, жасушалық, иммундық, ферменттік, экологиялық тәрізді анықтауыштарды қалыптастырып, күрделі терминнің ғылыми белгісін нақтылайды. Ал -у тұлғасы клондау, будандастыру, секвенирлеу, дақылдау сияқты үдеріс атауларын жасауға мүмкіндік береді. Осы үлгілерді бірізді қолдану терминологиялық жүйенің тұрақтылығын арттырады.

Біріздендіруде қолданыс жиілігін ғана басшылыққа алу жеткіліксіз. Кейде жиі қолданылатын нұсқа қазақ тілінің нормасына немесе ғылыми ұғымға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан терминді бағалағанда үш деңгей қатар ескерілуі керек: ұғымдық деңгей, тілдік деңгей және коммуникативтік деңгей. Ұғымдық деңгейде терминнің дефинициясы тексеріледі; тілдік деңгейде сөзжасам, орфография және синтаксис қаралады; коммуникативтік деңгейде терминнің оқулықта, ғылыми мақалада, сөздікте және кәсіби ортада қаншалықты түсінікті екені бағаланады.

Терминологиялық варианттылықты толық теріс құбылыс ретінде қарауға болмайды. Қалыптасу кезеңінде варианттар жаңа ұғымды игерудің табиғи жолын көрсетеді. Дегенмен ұзақ уақыт сақталған жарыспалылық оқу мәтінінің сапасына әсер етеді, студенттің ұғымды меңгеруін қиындатады және аудармада сәйкессіздік тудырады. Сондықтан әр қатардың ішінен негізгі нұсқа, рұқсат етілетін синоним, ескі қолданыс және қолдануға ұсынылмайтын нұсқа бөлек белгіленгені дұрыс.

Терминографиялық жүйелеу осы мәселелерді шешудің тиімді құралы бола алады. Әрбір терминге арналған мақалада атаудың өзі ғана емес, оның салалық өрісі, қысқа анықтамасы, орысша және ағылшынша баламасы, варианттары, қолданылған дереккөзі және нормалау жөніндегі ескертпесі берілуі қажет. Мұндай құрылым терминнің ғылыми мазмұнын да, тілдік тұлғасын да бақылауға мүмкіндік береді. Әсіресе электрондық база үшін

өріс, модель, терминбөлшек, дереккөз және мәртебе сияқты метадеректер өте маңызды.

Нәтижелер

Жүргізілген талдау бірнеше маңызды нәтижені айқындады. Біріншіден, қазақ тіліндегі биотехнология терминологиясы жеке атаулардың механикалық жиынтығы емес, өзара байланысқан терминологиялық өрістер жүйесі екені анықталды. Бұл жүйеде молекулалық-генетикалық өріс жетекші орын алады, өйткені қазіргі биотехнологияның негізгі ұғымдары генетикалық ақпарат, нуклеин қышқылдары, рекомбинация және жасушалық реттелу мәселелерімен тікелей байланысты.

Екіншіден, 973 терминнің құрылымдық талдауы бір компонентті және көп компонентті атаулардың үлесі шамалас екенін көрсетті. Бірсөзді терминдер 485 атау, яғни 49,8 пайыз болса, күрделі және тіркесті терминдер 488 атау, яғни 50,2 пайызды құрады. Бұл биотехнология терминологиясында қысқа халықаралық атаулар мен анықтауыштық тіркестердің қатар қызмет ететінін дәлелдейді.

Үшіншіден, терминжасамда халықаралық терминбөлшектердің белсенділігі жоғары. *Ген-/гено- компоненті, ДНҚ/РНҚ қысқартулары, био-/биотехн- компоненті, транс-, микро-, иммун-, крио-* сияқты бірліктер терминнің салалық мазмұнын тез танытады. Алайда бұл компоненттер қазақ тіліндегі қосымшалармен және тіркес модельдерімен үйлескенде ғана ұлттық ғылыми тілдің табиғатына сай келеді.

Төртіншіден, калькалау биотехнология терминдерін жасауда өнімді тәсіл болғанымен, оны механикалық аудармамен теңестіруге болмайды. Қазақша терминнің табиғилығы анықтауыш пен анықталушының орнына, қосымшалардың дәл қолданылуына, ұғымдық шекараның сақталуына байланысты. Сондықтан геном қоры, асимметриялы будан, гетероплазмалы будан сияқты нұсқалар қазақ тілінің сөзжасамдық және синтаксистік нормасына жақынырақ деп бағаланады.

Бесіншіден, біріздендіру жұмысы тек бір атауды таңдау емес, терминді толық ғылыми-тілдік бірлік ретінде сипаттау үдерісі болуы керек. Терминографиялық мақалада негізгі термин, дефиниция, микроөріс, орысша және ағылшынша балама, варианттар, қысқартулар, дереккөз, қолданылу мәртебесі және ескертпе қатар берілуі қажет. Мұндай модель оқулық авторлары, аудармашылар, редакторлар және салалық мамандар үшін ортақ тірек бола алады.

Кесте 2 – Құрылымдық модельдер және терминжасам көрсеткіштері

Көрсеткіш/модель	**Саны**	**Үлесі**	**Мысалдар**
Бір компонентті атау	485	49,8%	ген, клон, плазмида, мутация

Екі компонентті атау	303	31,1%	қоректік орта, гендік инженерия
Үш компонентті атау	118	12,1%	бірінші реттік иммундық жауап
Төрт және одан көп компонентті атау	67	6,9%	ДНҚ молекуласының екінші реттік құрылымы
Калька терминдер	145	14,9%	полимеразалық тізбектік реакция
Қысқартылған атаулар	104	-	ДНҚ, РНҚ, ПТР

Алтыншыдан, биотехнология терминдерін жүйелеуде терминологиялық өріс пен құрылымдық модельді қатар көрсету тиімді екені байқалды. Бір ғана терминнің қай өріске жататынын анықтау оның дефинициясын нақтыласа, құрылымдық үлгісін көрсету атаудың тілдік табиғатын айқындайды. Мысалы, «моноклондық антидене» иммунобиотехнологиялық өріске жатады, құрылымы жағынан екі компонентті анықтауыштық тіркес, сөзжасамдық тұрғыдан халықаралық түбір мен қазақша қатыстық қосымшаның бірігуі арқылы жасалған.

Жетіншіден, терминдерді ресми бекітуге немесе оқу мәтіндерінде тұрақтандыруға ұсынғанда тек қазақша нұсқаны беру жеткіліксіз. Онымен бірге орысша және ағылшынша баламасы, қысқа дефинициясы, дереккөздегі қолданысы, қажет болса ескі нұсқасы мен ұсынылмайтын нұсқасы берілуі керек. Бұл талап биотехнология сияқты халықаралық сипаттағы салада ерекше маңызды, себебі мамандар ғылыми ақпаратты бірнеше тілде пайдаланады.

Сегізіншіден, терминдердің нормалануы оқулық сапасымен тікелей байланысты. Бір оқу құралында «ақуыз», екіншісінде «белок», үшіншісінде «протеин» нұсқасының негізгі атау ретінде берілуі білім алушыда бір ұғымның шекарасын тұрақсыз қабылдатуы мүмкін. Сондықтан салалық оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде терминологиялық редакциялау міндетті кезең ретінде қарастырылуы қажет.

Тоғызыншыдан, қазақ тіліндегі биотехнология терминологиясын дамытуда халықаралық терминдерді толық ығыстыру емес, оларды сұрыптап, қазақ тілінің заңдылығына бейімдеп қабылдау ұстанымы тиімді. Ғылыми коммуникацияда ген, плазмида, фермент, вакцина сияқты атаулардың халықаралық сипаты сақталуы қажет, ал ұғымдық құрылымы қазақ тілінде табиғи берілетін атауларда ұлттық сөзжасам мүмкіндігі кеңірек пайдаланылуы тиіс.

Оныншыдан, биотехнология терминдерінің электрондық базасын жасау кезінде тек әліпбилік тізіммен шектелмей, іздеу және сүзгілеу мүмкіндігі бар көпөлшемді жүйе қажет. Терминді микроөріс, құрылымдық модель, сөзжасамдық тәсіл, дереккөз, тілдік балама және нормалық мәртебе бойынша белгілеу зерттеушіге де, оқытушыға да, аудармашыға да пайдалы. Мысалы,

пайдаланушы «ген-» компоненті бар атауларды, «-у» тұлғалы үдеріс атауларын немесе экологиялық биотехнологияға қатысты терминдерді бірден таба алуы керек.

Он біріншіден, биотехнология терминдерін лингвистикалық сараптау салалық мамандардың қатысуынсыз толық нәтиже бермейді. Лингвист терминнің тілдік нормасын, құрылымын, сөзжасамдық уәжін және мәтіндегі қолайлылығын бағалайды; биотехнолог маман ұғымның ғылыми дәлдігін, дефинициясының толықтығын және халықаралық баламамен сәйкестігін тексереді. Осы екі сараптама түйіскенде ғана терминді ресми бекітуге немесе оқулық нормасы ретінде ұсынуға болады.

Осыған байланысты мақалада ұсынылған талдау үлгісі биотехнологиямен ғана шектелмей, қазақ тіліндегі басқа да жаңа салалық терминжүйелерді зерттеуге қолданылуы мүмкін. Өрістік топтастыру, құрылымдық модельдеу және терминографиялық сипаттау біріккенде терминқорды жүйелі нормалаудың практикалық тетігі қалыптасады.

Бұл тәсіл терминдерді тек жинақтап қоюдан гөрі, олардың ғылыми ұғымдар жүйесіндегі орнын, тілдік тұлғасын және қолдану нормасын қатар айқындауға жағдай жасайды. Нәтижесінде салалық мәтіндердегі терминологиялық біріздiлік күшейеді.

Қорытынды

Қазіргі қазақ тіліндегі биотехнология терминологиясы қалыптасу және нормалану үстіндегі көпқабатты жүйе ретінде сипатталады. Оның тарихи негізі биология, медицина, табиғаттану және ауыл шаруашылығы атауларымен сабақтас болса, қазіргі қабаты молекулалық биология, гендік инженерия, жасушалық технология, иммунобиотехнология, экологиялық биотехнология және зертханалық әдістер арқылы кеңейіп отыр. Сондықтан биотехнология терминдерін жүйелеу қазақ ғылыми тілінің жаңа салалардағы функционалдық мүмкіндігін арттырады.

Зерттеу нәтижелері биотехнология терминдерін біріздендіруде бес өлшемді қатар қолдану қажет екенін көрсетті: ұғымдық дәлдік, жүйелілік, тілдік норма, халықаралық сәйкестік және терминографиялық толықтық. Ұғымдық дәлдік терминнің ғылыми мазмұнын сақтайды; жүйелілік бір өріс ішіндегі атауларды ортақ модельге түсіреді; тілдік норма қазақша мәтіннің табиғилығын қамтамасыз етеді; халықаралық сәйкестік ағылшын және орыс баламаларымен ұғымдық теңдікті тексереді; терминографиялық толықтық терминді тұрақты дерекқорға енгізуге мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан биотехнология терминдерінің электрондық базасын жасау, оқу құралдарындағы жарыспалы атауларды салыстыру, қысқартуларды стандарттау, үштілді баламаларды толықтыру және терминдерді сала-

лық мамандармен бірлесіп сараптау маңызды. Мұндай жұмыс биотехнология бойынша оқулықтар мен ғылыми мәтіндердің сапасын арттырып, аударма мен редакциялау үдерісін жеңілдетеді. Ең бастысы, қазақ тіліндегі биотехнология терминқоры ұлттық тілдің ішкі мүмкіндігі мен халықаралық ғылым тілінің талаптарын үйлестірген жүйелі арнаға түседі.

Әдебиеттер

1. OECD. A Framework for Biotechnology Statistics. Paris: OECD, 2005. 51 p.

2. Zaid, A., Hughes H.G., Porceddu E., Nicholas F. Glossary of Biotechnology for Food and Agriculture. Rome: FAO, 2001. 192 p.

3. Құрманбайұлы, Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: Сардар, 2014. 952 б.

4. Әубакиров, Х. Ә. Биотехнология: оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. 368 б.

5. Тұрашева, С. Қ. Клеткалық биотехнология: оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. 260 б.

6. Сыман, Қ. Ж. Биотехнология негіздері: оқу құралы. Алматы: Альманахъ, 2019. 86 б.

7. Заядан, Б. Қ. Экологиялық биотехнология: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 316 б.

8. Бейсембаева, Р. У. Медициналық және ветеринариялық биотехнология: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 200 б.

9. Бегімкулов, Б. Молекулалық генетика және биотехнология негіздері. Алматы: Білім, 1996. 200 б.

10. Жатқанбаев, Ж. Ж. Биотехнология: оқу құралы. Алматы: Эверо, 2020. 396 б.

11. Әлмағамбетов, Қ. Х. Биотехнология негіздері. Астана, 2007. 204 б.

12. Myshak, E. Structural and Derivational Analysis of English Biotechnology Terminology // Cogito. 2016. Vol. VIII, No. 4. P. 131-136.

13. Кудинова, Т. А. Структурно-семантические особенности многокомпонентных терминов в подъязыке биотехнологий: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Орел, 2006. 24 с.

14. Cabré, M. T. Terminology: Theory, Methods and Applications. Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins, 1999. 248 p.

15. ISO 704:2022. Terminology work – Principles and methods. Geneva: International Organization for Standardization, 2022. 80 p.

К.К. ЖҰБАТХАНОВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

СТРУКТУРНАЯ СИСТЕМА БИОТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье рассматриваются понятийные поля, структурные модели и вопросы унификации биотехнологических терминов в современном казахском языке. В качестве материала исследования были использованы 973 термина и 104 сокращенных наименования, собранные на основе учебников, учебных пособий, глоссариев и трехъязычного словаря по биотехнологии на казахском языке. Термины были проанализированы с применением методов терминологического поля, структурно-семантического, словообразовательного и терминографического анализа. В результате установлено, что терминологический фонд биотехнологии состоит из таких основных полей, как молекулярно-генетическая биотехнология, генная инженерия, клеточная и тканевая биотехнология, иммунобиотехнология, экологическая биотехнология, лабораторно-технологические методы. С точки зрения структуры показано, что соотношение однокомпонентных и многокомпонентных наименований является приблизительно равным, а в терминообразовании параллельно используются международные терминоэлементы, относительные аффиксы казахского языка, калькирование и гибридные модели. Вариативные ряды, встречающиеся в учебных пособиях, такие как жасуша/клетка, ақуыз/белок, антидене/антизат, гендік инженерия/генетикалық инженерия, доказывают необходимость унификации отраслевых терминов. В статье для нормирования терминов предлагаются принципы понятийной точности, системности, языковой нормы, международного соответствия и терминографической полноты.

Ключевые слова: биотехнологическая терминология, терминологическое поле, терминообразование, структурная модель, калька, гибридный термин, унификация, терминография.

K.K. ZHUBATKHANOVA
L.N. Gumilyov Eurasian National University

THE STRUCTURAL SYSTEM OF BIOTECHNOLOGY TERMS IN KAZAKH

Abstract. The article examines the conceptual fields, structural models, and

issues of unification of biotechnology terms in modern Kazakh. The research material consists of 973 terms and 104 abbreviated names collected from Kazakh-language biotechnology textbooks, teaching aids, glossaries, and a trilingual dictionary. The terms were analyzed using the methods of terminological field analysis, structural-semantic analysis, word-formation analysis, and terminographic analysis. The results show that the terminological fund of biotechnology comprises such major fields as molecular-genetic biotechnology, genetic engineering, cellular and tissue biotechnology, immunobiotechnology, ecological biotechnology, and laboratory-technological methods. From a structural perspective, the study demonstrates that one-component and multi-component designations occur in approximately equal proportions, while international term elements, relational affixes of the Kazakh language, calquing, and hybrid models are used in parallel in term formation. Variant series found in teaching materials, such as *jasusha/kletka, aqūyz/belok, antidene/antizat, and gendik injeneria/genetikalyq injeneria,* demonstrate the need to unify specialized terms. The article proposes the principles of conceptual accuracy, systematicity, linguistic normativity, international compatibility, and terminographic completeness for the standardization of terms.

Keywords: biotechnology terminology, terminological field, term formation, structural model, calque, hybrid term, unification, terminography.

Reference

1. OECD. A Framework for Biotechnology Statistics. Paris: OECD, 2005. 51 p.

2. Zaid, A., Hughes H.G., Porceddu E., Nicholas F. Glossary of Biotechnology for Food and Agriculture. Rome: FAO, 2001. 192 p.

3. Kurmanbaiuly, Sh. Kazakh Terminology: Research, Textbook, Dictionary, Bibliography. Almaty: Sardar, 2014. 952 p. [in Kazakh].

4. Aubakirov, Kh. Biotechnology: Textbook. Almaty: Dauir, 2011. 368 p. [in Kazakh].

5. Turasheva, S. Cellular Biotechnology: Textbook. Almaty: Dauir, 2011. 260 p. [in Kazakh].

6. Syman, K. Fundamentals of Biotechnology: Teaching Aid. Almaty: Almanakh, 2019. 86 p. [in Kazakh].

7. Zayadan, B. Ecological Biotechnology: Teaching Aid. Almaty: Kazakh University, 2014. 316 p. [in Kazakh].

8. Beisembayeva, R. Medical and Veterinary Biotechnology: Teaching Aid. Almaty: Kazakh University, 2009. 200 p. [in Kazakh].

9. Begimkulov, B. Fundamentals of Molecular Genetics and Biotechnology. Almaty: Bilim, 1996. 200 p. [in Kazakh].

10. Zhatkanbayev, Zh. Biotechnology: Teaching Aid. Almaty: Evero, 2020. 396 p. [in Kazakh].

11. Almagambetov, K. Fundamentals of Biotechnology. Astana, 2007. 204 p. [in Kazakh].

12. Myshak, E. Structural and Derivational Analysis of English Biotechnology Terminology. Cogito. 2016. Vol. VIII, No. 4. P. 131-136.

13. Kudinova, T. Structural and Semantic Features of Multicomponent Terms in the Sublanguage of Biotechnology. Abstract of Cand. Philol. Sci. Diss. Orel, 2006. 24 p. [in Russian].

14. Cabré, M.T. Terminology: Theory, Methods and Applications. Amsterdam/ Philadelphia: John Benjamins, 1999. 248 p.

15. ISO 704:2022. Terminology work – Principles and methods. Geneva: International Organization for Standardization, 2022. 80 p.

Автор туралы мәлімет:

Жұбатханова Камшат Қажымұқанқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан;

Жубатханова Камшат Кажымуканкызы – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан;

Zhubatkhanova Kamshat Kazhymukankyzy – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАХР 16.01.09

DOI

А.Қ. ҚОЖАХМЕТ

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы

(e-mail: a_kozhakhmet@mail.ru)

Қ.КЕМЕҢГЕРҰЛЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН «ҚАЗАҚША – ОРЫСША ТІЛМАШТАҒЫ» ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада Алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлының бас редакторлығымен 1925 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» еңбегіндегі қос сөздердің жасалу жолдары мен құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері кешенді түрде зерттеледі. Қазақ тіл білімінің тарихында XX ғасыр

басындағы лексикографиялық еңбектердің ұлттық тілді жүйелеудегі рөлі орасан зор екені белгілі. Осы орайда ұлттық сөздіктердегі бай тілдік қорды, оның ішінде сөзжасамдық және терминологиялық бірліктерді қазіргі ғылыми парадигма аясында қайта зерделеу зерттеу жұмысының басты өзектілігін айқындайды.

Зерттеу барысында сөздіктегі қос сөздердің қайталама, қосарлама және фонетикалық тәсілдер (дыбыс үндестігі, дыбыс алмасуы, сыңарларға дыбыс қосылуы) арқылы жасалу табиғаты терең талданады. Сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи және құрылымдық-семантикалық талдау әдістеріне сүйене отырып, тілмашта кездесетін қос сөздердің қазіргі қазақ әдеби тіліндегі сөзжасамдық нормалармен сабақтастығы айқындалады. Мақалада жалпы заңдылықтарға бағына бермейтін, тілдің тарихи даму үдерісінде қалыптасқан ерекше қос сөздер де лексика-семантикалық тұрғыдан сараланады.

Сонымен қатар автор тілмаштағы қос сөздердің жай ғана лексикалық бірлік емес, белгілі бір ұғымды дәл беретін терминологиялық әлеуетін ашып көрсетеді. XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық және шаруашылық салаларындағы жаңа ұғымдарды білдіруде қос сөздердің ерекше қызмет атқарғаны нақты тілдік фактілермен негізделеді. Осы арқылы мақала авторы олардың заманауи қазақ терминқорын қалыптастырудағы тарихи орнына ғылыми баға береді. Зерттеу нәтижелері тілмаштағы тілдік деректердің қазақ тіл біліміндегі лексикографиялық мұраны зерделеудегі ғылыми-теориялық және практикалық маңызын толық дәлелдейді.

Түйін сөздер: қос сөз, сөзжасам, лексикография, терминология, қазақ тілі, қазақ тіл білімі.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінің қалыптасу тарихы XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының есімдерімен тығыз байланысты. Себебі ұлттың сақталуы мен дамуы тілдің дербестігіне, оның ғылыми негізде жүйеленуіне тікелей тәуелді екенін олар терең түсінді. Осы орайда қазақ тілінің ғылыми тұрғыда жүйеленуінде, әсіресе лексикография саласының дамуында Алаш қайраткері, көрнекті ғалым Қ.Кемеңгерұлының ерен еңбегі бар. Қ.Кемеңгерұлының еңбектері қазақ тілін жүйелеу, оның орфографиясы мен грамматикасын қалыптастыру, сөздік жасау және тіл тазалығын сақтау сияқты іргелі мәселелерді қамтыған.

XX ғасырдың 20 жылдары қазақ қоғамы үшін күрделі әрі жаңашыл кезең болды. Кеңестік жүйенің орнығуы, жаңа әкімшілік-басқару аппараттарының құрылуы, ғылым мен білімнің дамуы қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтуді талап етті. Іскағаздарды қазақшалау, баспасөз бен оқулықтар шығару барысында аударма мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Осы тұста орыс тіліндегі

жаңа ұғымдарды қазақшаға дәл, ұғынықты әрі тілдің табиғатына сай аудару қажеттілігі туындады. Қ.Кемеңгерұлы басқарған авторлар ұжымы бұл тарихи міндетті терең сезініп, тілдің төл заңдылықтарын бұзбай, жаңа сөздер жасауға ұмтылды.

Ғалымның бүгінге дейінгі белгілі еңбектерінің ішінде 1925 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақша – орысша тілмаштың» [1] орны ерекше. Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік университеті студенттерінің қатысуымен, Қ.Кемеңгерұлының бас редакторлығымен дайындалған бұл еңбек – сол кезеңдегі қазақ тіл біліміндегі шоқтығы биік туындылардың бірі. Аталмыш сөздіктің құндылығы – оның тек аудармалық қызмет атқаруында ғана емес, сонымен бірге ұлттық тілдік нормаларды тұрақтандырудағы рөлінде. Алаш оқығандары жат тілдің сөздерін орынсыз қабылдай бермей, ең алдымен, қазақ тілінің өз ішіндегі қорды іске қосуды жөн көрді. Тілмаш авторлары алғысөзде бұл еңбектерін типі жағынан тар ауқымды терминологиялық немесе оқулық сөздік емес, жалпыға бірдей арналған екі тілді аударма сөздік ретінде ұсынады.

Сөздіктің лексикалық қамту аясы өте кең. Тілмаш құрамында күнделікті тұрмыстық және шаруашылық сөздер, табиғат құбылыстары, әкімшілік, оқуағарту терминдері, қоғамдық-саяси атаулар, сондай-ақ халықтық фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер молынан қамтылған. Бұл сөздер қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан бай дүниетанымын танытып қана қоймай, жаңа заман талабына сай туындаған ұғымдарды да сәтті бере алған. Сөздіктің тағы бір ерекшелігі – ондағы сөзжасамдық үлгілердің байлығы. Тіл білімінде қос сөздер – лексикалық қорды байытудың ең өнімді тәсілдерінің бірі. Олар заттың немесе құбылыстың сапасын, көлемін, жиынтық ұғымын білдіруде ерекше стилистикалық және номинативтік қызмет атқарады. Қ.Кемеңгерұлы сөздігіндегі қос сөздер жалаң қайталаулар емес, күрделі лексика-семантикалық процестердің нәтижесі. Олардың қатарында синонимдік, антонимдік қосарланулармен қатар дыбыстық өзгерістерге ұшыраған, мағынасы тұтасып, жаңа ұғым тудырған ерекше үлгілер жетерлік. Әсіресе, тілмаштағы қос сөздер мен жаңадан қалыптаса бастаған терминдер ұлттық тіліміздің ішкі потенциалын айқын көрсетеді.

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты ұлттық терминология мәселесі қайтадан күн тәртібіне шығып отыр. Сондықтан XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің сөзжасам тәжірибесін, соның ішінде Қ.Кемеңгерұлы тілмашындағы қос сөздер арқылы жасалған терминдерді зерттеудің маңызы зор. Осы орайда, сөздіктегі қос сөздердің жасалу жолдары мен мағыналық құрылымын, сондай-ақ олардың терминологиялық әлеуетін қазіргі тілдік нормалармен салыстыра отырып арнайы зерттеу қазіргі қазақ тіл білімі үшін аса өзекті мәсе-

лелердің қатарына жатады. Бұл зерттеу қазақ терминографиясының тарихи негіздерін тануға, сөздікқордағы ұлттық сипатты сақтауға және тілдің сөзжасам жүйесін одан әрі жетілдіруге өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Осы мақаланың ғылыми-зерттеу базасын 1926 жылы Мәскеу қаласында Қ.Кемеңгерұлының бас редакторлығымен жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» еңбегі құрайды. Аталмыш лексикографиялық еңбектің зерттеу нысаны ретінде таңдалуы кездейсоқ емес. Ол – XX ғасыр басындағы қазақ сөзжасамы мен терминографиясының шынайы бейнесін танытатын, тілдік фактілерге бай бірегей тарихи-лингвистикалық дереккөз. Жұмыс барысында сөздік құрамындағы қос сөздер мен қос сөзді терминдер жаппай теріп алу (тұтастай іріктеу) тәсілі арқылы жинақталып, олардың табиғатын кешенді түрде талдау үшін бірқатар ғылыми әдіс-тәсілдер кешені қолданылды.

Зерттеудің негізгі мақсатына қол жеткізу үшін ең алдымен сипаттамалы-талдамалы әдіс басшылыққа алынды. Бұл әдіс арқылы тілмаштағы қос сөздердің жасалу жолдары (қайталама, қосарлама және фонетикалық тәсілдер), олардың лексика-семантикалық мағынасы, сыңарларының өзара байланысы мен құрылымдық ерекшеліктері жан-жақты сипатталды. Ал тілдік бірліктердің жүз жылға жуық уақыт ішіндегі фонетикалық және морфологиялық өзгерістерін, эволюциялық дамуын бақылау мақсатында салыстырмалы-тарихи (диахрондық) әдіс пайдаланылды.

Зерттеу нысанына алынған тілдік бірліктерді ғылыми негізде топтастыру барысында жіктеу (классификациялау) әдісіне жүгіндік. Қос сөздерді жүйелеуде ұлттық тіл білімінің негізін қалаушылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов және кейінгі ірі зерттеушілер еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар негізге алынып, тілмаштағы деректер мағыналық және құрылымдық топтарға бөлінді. Сонымен қатар сөздіктегі лексикалық қордың әлеуетін саралау үшін терминологиялық-концептуалды талдау жүргізілді. Ол арқылы жалпыхалықтық сөздердің терминге айналу үдерісі қарастырылып, олардың бүгінгі ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен ресми атаулармен сәйкестігі анықталып, Алаш кезеңіндегі аударма тәжірибесіне ғылыми баға берілді.

Талқылау

Қ.Кемеңгерұлы редакциясын басқарған «Қазақша – орысша тілмашта» сөздер түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, тіркес түрінде келеді. Солардың ішінде кеңінен қолданылғаны – қос сөздер. Қос сөздер – екі сыңардан тұратын, сыңарлары бір сөздің қайталануынан немесе бір тектес синоним я антоним сөздерден жасалып, бір ырғақпен тұтас айтылатын сөздер [2, 118]. Ғалым А.Байтұрсынұлы сөздерді тұлғасына қарай беске бөледі: 1) Түбір сөз; 2)

Туынды сөз; 3) Қос сөз; 4) Қосалқы сөз; 5) Қосымшалар [3, 76]. Ал Қ.Жұбанов «сөз тұлғаларын алты арысқа» бөліп көрсетеді. Олар: түбір сөз, қосымшалы сөз, кіріккен сөз, қиюулы сөз, қосар сөз, қосалқылы сөз [4, 89]. Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаева сынды ғалымдардың «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында күрделендіру тәсілі дей келе, оларды былайша жіктейді: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту [2, 79]. 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» жаңа сөз жасауға тілдегі түбірлердің барлық түрі қатыса алатындығы айтыла келіп, оларға негізгі түбір, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөздерді жатқызады [5, 199]. А.Байтұрсынұлы қос сөзді қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер десе, Қ.Жұбанов сөздің қосарлануын қосақталып біткен нормалардан айыру үшін қос сөз деп атағаннан гөрі қосар сөз деп атауды дұрыс көрдік деп тұжырымдайды. Ғалым І.Кеңесбаев пікірінше, «Қос сөз бірімен-бірі жымдасып, бірінен-бірін ажыратуға болмайтын арнаулы сөз тобы. Ол өзінің алғашқы, не соңғы компонентімен қатар тұрса ғана қос сөз болады» [6, 134]. Қос сөз де, қосар сөз де, қосарлау да – қазіргі қазақ грамматикасындағы қос сөздер.

Ғалымдар қос сөздерді жасалуына қарай әртүрлі топтастырған. А.Байтұрсынұлы қос сөздердің екі түрін көрсетеді: біріншісі – жалпылағыш қос сөздер, екіншісі – жалқылағыш қос сөздер. Жалпылағыш қос сөздерге *аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, бұта-бұтанақ, жер-су, түйе-мүйе, бұзау-мұзау, қой-қозы, т.б. жатады. Жалқылағыш қос сөздерге жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, піспек-сап, шеге-балға, қауға-шелек, асыл-бек, ес-құл, төре-тай, ер-батыр, есен-аман, өмір-қожа, шекті-бай,* т.б. тілдік бірліктерді мысал ретінде келтіреді. Ғалымдардың ішінде қос сөздердің түрлерін барынша жасалуы мен жұмсалуына қарай терең зерттеген ғалымдардың бірі – Қ.Жұбанов. Ол қосар сөздерді түрліше терминдермен төмендегідей жіктейді:

1. Теңдес қосар *(аяқ-табақ, бала-шаға);*
2. Сөздес қосар *(биік-биік, жылы-жылы);*
3. Матаулы қосар *(бетпе-бет, кезбе-кез);*
4. Тіркеулі қосар *(жігіт-мігіт, шай-пай);*
5. Қосақты қосар *(қып-қызыл, сап-сары)* [4, 165].

Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздерді зерттеген Ә.Қайдардың «Парные слова в современном уйгурском языке» атты еңбегі қос сөзге байланысты жазылған алғашқы көлемді еңбек болып саналады. Кітап ұйғыр тіліндегі қос сөздердің семантикасын ашуға бағытталған. Мысалы: тұрақ – арық-тұрақ қос сөзінің екінші компоненті көне сөз [7, 244]. Ғалым қос сөздерді қосарлы қос сөздер, қайталама қос сөздер деп екі топқа бөледі. «Қазақ грамматикасында» да қос сөздер осы жүйемен екіге топтастырылған. Қос сөздердің бұл түрлері

ғылымда танылған және қалыптасқан. Ғалымдар қос сөздерді талдауда көбіне осы жіктемені негізге алады. Осы мақалада қос сөздерді талдау барысында Н.Оралбай, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаева сынды ғалымдардың «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығындағы қос сөздердің жасалуына қатысты жіктемесі негізге алынды. Нақтырақ айтсақ:

1. Қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табынан болады.

2. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынан қатысы, байланысы бар не синоним, не антоним сөздерден болады. Ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне ешбір қатысы жоқ сөздер бір-бірімен қосылып, қос сөз жасай алмайды.

3. Қос сөздердің сыңарлары бір сөздің қайталануынан жасалады.

4. Қос сөздердің екі сыңары да мағыналы сөздерден жасалады.

5. Қос сөздер сыңарларының буын саны үндесіп келеді.

6. Қос сөздердің басым көпшілігінде буын үндестігі яғни сингармонизм сақталады.

7. Қос сөздердің екі сыңары да көбіне не бірыңғай жуан сөздерден, не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалады [2, 119-121].

Қос сөздердің әртүрлі жолдармен жасалуына олардың лексикалық мағынасы мен құрылымы негіз болады.

Нәтижелер

1926 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген «Қазақша – орысша тілмашта» барлығы 88 қос сөз жинақталған.

Қос сөздердің ішінде бір сөздің қайталануынан жасалатын формасы кең қолданылады. «Қазақша – орысша тілмашта» бұндай формадағы 17 қос сөз анықталды: *алшаң-алшаң, әлсін-әлсін, алуан-алуан, ауық-ауық, бақ-бақ, быж-быж, жар-жар, шау-шау, шошаң-шошаң, даң-даң болмақ, қор-қор, қомша-қомша, құр-құр, маң-маң баспақ, оқтын-оқтын, еміс-еміс, әлди-әлди* [1]. Қазақ тіл білімінде бұндай қос сөздерді қайталама қос сөздер тобына жатқызады. Түбір сөздің ешбір қосымшасыз қайталануы арқылы жасалған қайталама қос сөздер тілімізде көп кездеседі. Бұндай қос сөздердің мағынасы сыңарының дара қолданысындағы мағынасын бермейді. Яғни бұдан қайталама қос сөздердің сыңарларының негізгі мағынасы басқа мағынаға көшетінін аңғарамыз.

«Қазақша – орысша тілмашта» екі сыңары да мағыналы сөздерден жасалатын көптеген қос сөздер бар. Атап айтсақ: *ата-баба, аталы-балалы, ат-шапан айып, арақ-қор, алып-сатар, аяқ-табақ, жүк-аяқ, жер-ошақ, ерлі-байлы, салт-сая, қос-ауыз, ер-тоқым, тас-бақа, ат-шоңқай, адал-бақан, адам-зат, ақ-бор, ақ-борлы, ақ-жаға, ақ-жаулық, ақ-тамақ, ақ-жол, ала-аяқ, әжеп-тәуір, әліп-би, бас-бармақ, бақы-аяқ, тас-жарған, жүк-болмақ, жел-бау, шаш-таразы, дос-жар, мая-жон, өкіл-ата, үрім-бұтақ, ийт-арқа, ийт-мұрын*

[1]. Бұл қос сөздердің сыңарлары екі түрлі сөз болғанымен, олар бір сөз табына жатады. Қазіргі таңда бұл сөздер тілмаштағы тұлғасында қолданылмайды. *Тас-бақа, адам-зат, адал-бақан, әжеп-тәуір, әліп-би, арақ-қор, жер-ошақ, тас-жарған, жел-бау, шаш-таразы, ійт-мұрын* сөздері қазіргі әдебиеттерде, соның ішінде 2015 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *бірге тасбақа, адамзат, адалбақан, әжептәуір, әліпби, араққор, жерошақ, тасжарған, желбау, шаштаразы, итмұрын* [8] түрінде қолданылады. Тілмаштағы *ақ-бор, ақ-борлы, ақ-жаға, ақ-жаулық, ақ-тамақ, ақ-жол, бас-бармақ, жүк-болмақ, өкіл-ата* сөздері қазіргі әдебиеттер мен тілдік қолданыста сөздердің тіркесуі арқылы жұмсалып, дефиссіз жазылып жүр.

Кейбір қос сөздер бірінші немесе екінші сыңарының басына бір дыбыстың қосылуы арқылы жасалады. Көбіне ондай қос сөздердің бір сыңарының лексикалық мағынасы көмескі келеді. Тілмашта бұндай 8 қос сөз анықталды. Нақтырақ айтсақ: *апақ-сапақ, апыл-тапыл баспақ, алау-жалау, үргін-сүргін, ығын-шығын, ым-жым, ыбыр-сыбыр, алқам-салқам* [1]. Бұл жөнінде «Қазақ грамматикасында» былайша тұжырымдайды: «Қос сөздердің сыңарларының дыбыс қосылу, дыбыс түсу, дыбыс алмасу арқылы айтылуына қарай фонетикалық тәсілдің қатысы бары сөз болып жүр. Бірақ сол өзгерістің бәрі де фонетикалық заңға қайшы немесе фонетикалық заңмен түсіндіруге көнбейді» [5, 163]. Сөздердің қосарлануы кезінде сыңарларының бірінде дыбыстық алмасу болуы мүмкін. Оның дәлелі ретінде тілмаштағы қос сөздерден мысал келтіре аламыз: ***м**әңкір-**н**әңкір, **м**әре-**с**әре болмақ, **а**йқұш-**ұ**йқыш, **б**ыт-**ш**ыт.* Бұл қос сөздерде бірінші дыбыстары алмасқан болса, екінші дыбыстары да алмасқан қос сөздер тілмаштан табылды. Атап айтсақ: ***с**атыр-**с**ұтыр, **қ**алт-**қ**ұлт, **т**ақ-**т**ұқ, **ж**алт-**ж**ұлт етпек.* Мысалдағы қос сөздер еліктеуіш сөздер болып саналады. Басқа сөз табынан жасалған қос сөздер сияқты екі түрлі еліктеуіштер де қосарланып, қос сөз бола алады.

«Қос сөздердің жасалуында тағы бір заңдылық бар. Ол – қос сөздердің сыңарларының буын санының үндесіп келуі. Тілдегі қос сөздердің 80-90 пайызы буын саны жағынан тең буынды сөздерден, сыңарлардан тұрады» [5, 257]. Тілмаштан мысал келтірер болсақ: *оқта-текте, бұрқ-сарқ, бұлан-талан, жек-жат, әмпей-күмпей, алай-дүлей, астан-кестен, апыл-құпыл, апалаң-топалаң, абыр-жұбыр, астан-кестен* [1] және т.б. Дегенмен, қос сөздердің жасалуындағы бұл заңдылыққа бағынбайтын да қос сөздер бар. Ондай қос сөздер тілмашта да кездеседі: *құр-құрмалақ, шым-шытырық, шартпа-шұрт.* Бұндай қос сөздер қазақтың тілдік қорында көптеп кездеседі.

Қос сөздердің сын есімнің күшейтпелі шырайы арқылы жасалатын формалары да қолданылады. Бұл жөнінде Қ.Жұбанов толықтай тұжырымдап көрсеткен: «Бұрын қос сөздердің күшейтпе буынын жасаушы дыбыс тек қана

«п» деп танылатын болса, енді соған «з», «с» және «м» дыбыстары да қосылады. Сөйтіп, күшейтпе буынды қос сөздер жасайтын дыбыстар біреу емес, п, з, с, м болып төрт дыбысқа жетеді. Күшейтпе буындар тек қана сын есім түбірлерден жасалады делініп келсе, енді зат есім түбірден де, еліктеуіш сөздер түбірлерінен де, етістік түбірлерден де жасалатындығы айқындалады» [4; 89]. Тілмашта *жырт* еліктеуішінің күшейтпелі формасы арқылы жасалған *жым-жырт* қос сөзі берілген.

Қазіргі таңда әдеби тіл қорындағы бірге жазылып жүрген *бейбақ, баспахана* сөздері тілмашта қос сөз түрінде көрсетілген: *бей-бақ, баспа-хана, кесел-қана. Кесел-қана* қазіргі кезде қолданыста жоқ. Тілдегі *-хана* – иран тілінен ауысқан кірме жұрнақ. Ол иран тілінде жеке қолданылып, «үй» деген мағынаға ие [5, 303]. Қазақ тіл білімінде ол жұрнақ орнына жұмсалып, жеке сөз ретінде қолданылмайды. Бұл жұрнақ буын үндестігіне бағынбағандықтан, тілмашта да сол жуан түрінде берілген *(баспа-хана, кесел-хана).* Бүгінде *кесел-хана* сөзін окказионал қолданыс деп қарастыру да орынды. Бұл жұрнақпен қатар тілімізге енген жұрнақтардың бірі – бей (би). Қазақ тілінде префикс деген тұлға жоқ, дегенмен *беймаза, бейшара, бейбақ, бейқам, бейкүнә* сияқты *-бей* грамматикалық тұлғасы бар сөздер әдебиеттерде қолданылады. Тілмаш авторлары *бей-бақ* сөзін қос сөз түрінде пайдаланып, «несчастный» сөзінің қазақша баламасы ретінде ұсынған. Тілмаштағы кірме жұрнақтармен жасалған осы сөздер қазіргі қазақ тілінде дара сөз ретінде пайдаланылады.

Қазақ терминдерін зерттеуші ғалымдар тілмаштағы сөздердің терминдік сипаты мен мүмкіндіктерін қарастыра келе, тілмаштағы терминқорды толықтырған көптеген терминдерді талдап көрсетті. Оларға *әдістеме – методика, әкім – администратор, власть, әкімдік – административность, зиялы – интеллигент, мінездеме – характеристика, отаршыл – колонизатор, отаршылдық – колонизаторство, сарап – экспертиза, сарапшы – эксперт* [9] сынды қолданыстағы терминдерді жатқызуға болады. Тілмаштағы сөздердің терминдік әлеуеті қазіргі терминқордағы орнынан айқын көрінеді. Тілмаштағы кейбір қос сөздер сол күйінде және тілдік реформалар нәтижесінде біріккен сөзге айналып, Республикалық терминология комиссиясында термин ретінде бекітілді.

Кесте – Тілмаштағы терминдердің қазіргі көрінісі

№	Қазақша	Орысша	Бекітілген жылы	«Қазақша – орысша тілмашта» берілуі
1	Адамзат	Человечество	2018	Адам-зат
2	Алаяқтық	Мошенничество	2006	Ала-аяқ
3	Ата-баба	Предки	2005	Ата-баба

4	Әліпби	Алфавит	2003	Әліп-би
5	Қосауыз	Двустволка	2019	Қос-ауыз
6	Итмұрын	Шиповник	1971-1981	Ійт-мұрын

Сонымен қатар тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет, биология, мәдениет және өнер салаларында қолданылып жүрген *шаштараз – парикмахер, тасбақа – черепаха, ертоқым – верховое седло* терминдері тілмаштағы қос сөздердің терминдік мүмкіндіктерін тағы да дәлелдей түседі.

Қорытынды

Қ.Кемеңгерұлы редакциясын басқарған «Қазақша-орысша тілмаштағы» қос сөздерді саралай келе, олардың бір сөздің қайталануы, сыңарларының біріне дыбыстың қосылуы немесе дыбыстардың алмасуы арқылы жасалатындығы айқындалды. Тілмаштағы қос сөздердің сыңарларында бірдей буын саны сақталып, олар семантикалық тұрғыдан бірін-бірі толықтырып тұрады. Бұл ретте қос сөздердің тек сөзжасамдық қана емес, стилистикалық және эмоционалды-экспрессивті қызметі де ерекше екені көрінді. Дегенмен, бұл мақалада аталған жалпы заңдылықтарға бағынбайтын, тілдік даму үдерісіндегі ерекше қос сөздер де тілмаштағы деректер негізінде талданып көрсетіліп, олардың этнолингвистикалық сипаты ашылды.

Сонымен бірге тілмаштағы көптеген сөздердің терминдік әлеуетінің жоғары екені анықталды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы саясиәлеуметтік, мәдени-ағартушылық өзгерістерге сай туындаған жаңа ұғымдар осы еңбек арқылы жүйеленді. Еңбектегі сөздердің біразы бүгінде Республикалық терминологиялық комиссиясының отырысында бекітіліп, терминқордан өз орнын тапқан. Бұл өз кезегінде тілмаштың тек аударма құралы ғана емес, сонымен қатар Алаш зиялыларының ұлттық қазақ терминологиясының іргетасын қалауға қосқан маңызды лексикографиялық мұрасы екенін дәлелдейді.

Болашақта тілмаштағы қос сөздер мен терминдерді қазіргі тілдік нормалармен салыстырмалы-тарихи тұрғыдан тереңірек зерттеу қазақ тіл біліміндегі сөзжасамдық жүйені дамытуға жаңа серпін берері сөзсіз. Бұған қоса, Қ.Кемеңгерұлы мұрасын цифрлық гуманитаристика бағытында зерделеп, тілмаштағы бай лексикалық қорды қазіргі Ұлттық тіл корпусына енгізу отандық ғылымдағы келешегі зор міндеттердің бірі ретінде саналады.

Әдебиеттер

1. Кемеңгерұлы, Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 3-том. Кімійе (химия). Қазақша-орысша тілмаш. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 382 б.

2. Оралбай, Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Інжу-Маржан, 2014. – 290 б.

3. Байтұрсынұлы, А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

4. Малбақов, М. Құдайберген Жұбанов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 448 б.

5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.

6. Қайрат, А.А., Бүркітбаева Ш.Д. Көне ұйғыр және қазіргі қазақ тілдеріндегі қос сөздер // Тілтаным. – 2024. – №2. – Б. 133-139.

7. Құрманбайұлы, Ш., Әділов М.Е. Абай шығармаларындағы қос сөздердің семантикалық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану» сериясы. – 2023. – № 3 (144). – Б. 242-256.

8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: Арыс, 2011.

9. Қошке Кемеңгерұлы және ұлттық терминжасам. [Электронды ресурс]. – URL: https://termincom.kz/terminology/?id=3 (қаралған күні: 16.07.2026).

10. Терминдер базасы. URL: https://termincom.kz/. Қаралған күні: 29.07.2026.

А.К. КОЖАХМЕТ

Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова

ОБРАЗОВАНИЕ ПАРНЫХ СЛОВ В «КАЗАХСКО-РУССКОМ СЛОВАРЕ» ПОД РЕДАКЦИЕЙ К. КЕМЕНГЕРУЛЫ

Аннотация. В статье комплексно исследуются способы образования и структурно-семантические особенности парных слов, представленных в труде «Казахско-русский словарь», изданном в Москве в 1925 году под общей редакцией деятеля движения «Алаш» К.Кеменгерулы. Известно, что в истории казахского языкознания лексикографические труды начала XX века сыграли огромную роль в систематизации национального языка. В связи с этим актуальность исследования определяется необходимостью переосмысления богатого языкового материала национальных словарей, включая словообразовательные и терминологические единицы, в рамках современной научной парадигмы.

В ходе исследования подробно анализируется образование представленных в словаре парных слов посредством повтора, сочетания парных компонентов и фонетических способов, таких как гармония звуков, чередование звуков и

добавление звука к одному из компонентов. На основе описательного, сравнительно-исторического и структурно-семантического методов анализа устанавливается преемственная связь парных слов, зафиксированных в словаре, со словообразовательными нормами современного казахского литературного языка. С лексико-семантической точки зрения также рассматриваются особые парные слова, сформировавшиеся в процессе исторического развития языка и не всегда подчиняющиеся общим закономерностям.

Кроме того, автор раскрывает терминологический потенциал парных слов, представленных в словаре, показывая, что они являются не просто лексическими единицами, но и средствами точного выражения определённых понятий. На конкретных языковых фактах обосновывается особая роль парных слов в обозначении новых понятий общественно-политической, культурно-просветительской и хозяйственной сфер начала XX века. Тем самым даётся научная оценка их исторического места в формировании современного казахского терминофонда. Результаты исследования подтверждают научно-теоретическую и практическую значимость языкового материала словаря для изучения лексикографического наследия казахского языкознания.

Ключевые слова: парные слова, словообразование, лексикография, терминология, казахский язык, казахское языкознание.

A.Q. KOZHAKHMET

Sh. Shayakhmetov National Scientific and Practical Center «Til-Qazyna»

FORMATION OF REDUPLICATIVE COMPOUNDS IN THE KAZAKH–RUSSIAN DICTIONARY EDITED BY Q. KEMENGERULY

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the formation patterns and structural-semantic features of reduplicative compounds found in the Kazakh–Russian Dictionary, published in Moscow in 1925 under the general editorship of Q. Kemengeruly, a prominent representative of the Alash movement. It is widely acknowledged that lexicographical works produced in the early twentieth century played an essential role in the systematization of the Kazakh national language. In this regard, the relevance of the study lies in the need to re-examine the rich linguistic material contained in national dictionaries, including word-formation and terminological units, within the framework of the contemporary scholarly paradigm.

The study offers an in-depth analysis of the formation of reduplicative compounds in the dictionary through repetition, the pairing of components, and

phonetic processes, including sound harmony, sound alternation, and the addition of sounds to individual components. Drawing on descriptive, comparative-historical, and structural-semantic methods, the study identifies the continuity between the reduplicative compounds recorded in the dictionary and the word-formation norms of contemporary standard Kazakh. It also provides a lexical-semantic analysis of distinctive reduplicative compounds that emerged during the historical development of the language and do not always conform to general word-formation patterns.

Furthermore, the author reveals the terminological potential of the reduplicative compounds in the dictionary, demonstrating that they are not merely lexical units but also serve as precise designations for particular concepts. Specific linguistic evidence is used to substantiate the distinctive role of reduplicative compounds in expressing new concepts in the sociopolitical, cultural, educational, and economic spheres of the early twentieth century. The article thus offers a scholarly assessment of their historical role in the formation of the contemporary Kazakh terminological repertoire. The findings confirm the scholarly, theoretical, and practical significance of the dictionary's linguistic material for the study of the lexicographical heritage of Kazakh linguistics.

Keywords: reduplicative compounds, word formation, lexicography, terminology, Kazakh language, Kazakh linguistics.

References

1. Kemeñgerūly, Q. (2013). Üsh tomdyq shyğarmalar jinağy: Vol. 3. Kïmïye (khimiya). Qazaqsha-oryssha tilmash [Collected works in three volumes: Vol. 3. Chemistry. Kazakh–Russian dictionary]. El-Shezhire.

2. Oralbai, N., Qūrmanäliev, K., Baltabaeva, Zh. (2014). Qazaq tiliniñ sözjasamy [Word formation in the Kazakh language]. Inzhu-Marzhan.

3. Baitūrsynūly, A. (2013). Alty tomdyq shyğarmalar jinağy: Til-qūral (Qazaq tili men oqu-ağartuğa qatysty eñbekteri) [Collected works in six volumes: Language manual – Works on the Kazakh language and education]. El-Shezhire.

4. Malbaqov, M. (2013). Qūdaibergen Zhubanov [Kudaibergen Zhubanov]. A. Baitūrsynūly Institute of Linguistics.

5. Qazaq grammatikasy [Kazakh grammar]. (2002).

6. Qairat, A.A., Bürkïtbaeva, Sh. D. (2024). Köne ūiğyr jäne qazirgi qazaq tilderindegi qos sözder [Reduplicative compounds in Old Uyghur and modern Kazakh]. Tiltanym, 2, 133–139.

7. Qūrmanbaiūly, Sh., Ädilov, M.E. (2023). Abai shyğarmalaryndağy qos sözderdiñ semantikalyq erekshelikteri [Semantic features of reduplicative compounds in Abai's works]. Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National

University: Political Science, Regional Studies, Oriental Studies, Turkology Series, 3(144), 242–256.

8. Qazaq ädebi tiliniñ sözdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] (Vols. 1–15). (2011). Arys.

9. Qoshke Kemeñgerūly jäne ūlttyq terminjasam [Qoshke Kemengeruly and national terminology formation]. (n.d.). Termincom.kz. Retrieved July 16, 2026, from https://termincom.kz/terminology/?id=3

10. Termincom.kz. (n.d.). Terminder bazasy [Terminology database]. Retrieved July 29, 2026, from https://termincom.kz/

Автор туралы мәлімет:

Қожахмет Айгерім Қожабекқызы – PhD, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы ӘдістемеLab бөлімінің жетекшісі, Астана, Қазақстан;

Кожахмет Айгерим Кожабеккызы – PhD, руководитель отдела «ӘдістемеLab» Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова, Астана, Казахстан;

Kozhakhmet Aigerim – PhD, Head of the «ӘдістемеLab» Department, «Til-Qazyna» Sh.Shayakhmetov National Scientific and Practical Center, Astana, Kazakhstan.

ҒТАХР 16.21.21:

Ә.А. ДАНИЯР
Астана халықаралық университеті
(e-mail: ahmediyakyzy.95@gmail.com)

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІ: «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ» ЖӘНЕ «СӨЗДІЛ» ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі сабақтарында «Төртеу түгел» және «Сөзділ» платформалары білім алушының белсенді әрекетіне негізделген интерактивті цифрлық орта ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында геймификация құралдарының оқытудағы маңызы және аталған екі цифрлық платформаның құрылымы, функционалдық ерекшеліктері және оларды қазақ тілі сабақтарында оқытудың цифрлық әдісі ретінде қолдану жолдары сипатталады. Зерттеуде ойын элементтерінің сөздік қорды дамытуға, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге, білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына және оқу үдерісіне қызығушылығын арттыруға ықпалы талданады. Сонымен қатар ойын элементтерінің сөздік қорды дамытуға, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге, білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуына және оқу үдерісіне қызығушылығын арттыруға ықпалы талданады. Ойын элементтері білім алушыларды оқу үдерісіне саналы әрі қызығушылықпен қатысуға ынталандырып, қазақ тілін меңгерудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Геймификация білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, оқу материалын жүйелі қайталауға және білім нәтижелерін тұрақты түрде бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ цифрлық платформалар жедел кері байланыс беріп, білім алушылардың жеке оқу қарқынына сәйкес жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Зерттеудің эмпирикалық бөлігінде жоғары оқу орнындағы қазақ тілінде білім алатын әртүрлі мамандықтардағы 60 студенттен сауалнама алынып, ойын платформаларын пайдалануға қатысты пікірлері мен тәжірибелері анықталды. Зерттеу нәтижесі «Төртеу түгел» және «Сөзділ» платформаларының қазақ тілін меңгеру үдерісінің тиімділігін арттырып, оқу мотивациясын күшейтуге, білімді бекітуге, цифрлық құзыреттілікті дамытуға және интерактивті оқыту ортасын қалыптастыруға оң әсері жоғары екенін көрсетті.

Түйін сөздер: геймификация құралдары, тілдік дағдылар, цифрлық білім беру, ойын технологиялары, оқу мотивациясы

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы цифрландыру үдерісі білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізіп жатыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту мазмұнын жаңартуға, білім беру әдістерін жетілдіруге және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген жаңа білім беру ресурстарының қалыптасуына ықпал етуде. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану оқу үдерісін интерактивті, қолжетімді және нәтижеге бағытталған ортаға айналдырып, білім алушылардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын арттыруға көмектеседі.

Интернет желісі мен заманауи технологиялардың көмегі арқылы оқу материалына қолжетімділік артып, білім алушылардың қажетті білім, білік және құзыреттерді тиімді меңгеруіне қолайлы жағдай қалыптасуда. Бүгінде білім беру тек дәстүрлі аудиториялық сабақтармен шектелмей, әртүрлі онлайн платформалар, мобильді қосымшалар және білім беру сервистері арқылы жүзеге асырылып келеді. Мұндай өзгерістер білім алушыларға оқу материалдарын кез келген уақытта және кез келген жерде меңгеруге, жеке оқу қарқынына сәйкес білім алуға, өздігінен ізденіп, білімін үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді.

Цифрлық платформалардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – геймификация элементтерін қолдану. Геймификация – ойынға тән механизмдер мен элементтерді ойыннан тыс ортада пайдалану арқылы білім алушылардың қызығушылығын, белсенділігін және ішкі уәжін арттыруға бағытталған әдіс. Білім беру саласында бұл тәсіл ұпай жинау, деңгейден өту, марапаттар, жетістік белгілері, рейтингтік жүйе, уақытпен жарысу және тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау сияқты элементтер арқылы жүзеге асырылады. Мұндай әдістер оқу үдерісін қызықтырып қана қоймай, білім алушылардың пәнге деген оң көзқарасын қалыптастырып, олардың тұрақты оқу әрекетіне ынталануына ықпал етеді.

Білім беру үдерістерінде геймификацияны қолдануды және білім алушылардың мотивациясын арттыру үшін ойын әдістерін әзірлеуді Л.Л. Отарбаева, Г.К. Утепбергенова, А.С. Муханова сынды ғалымдардың зерттеулерінде сөз етіледі [1]. Оған қоса, оқу процесіндегі геймификацияның әдістемелік жағынан жетілдіру бойынша Н.Л. Караваев пен Е.В Соболеваның [2] зерттеу монографиясы бар. Геймификация элементтері арқылы білім алушылардың белсенділігін анықтауды А.Н. Токжигитова, М.А. Ермаганбетова, Н.К. Токжигитова зерттеген [3]. Ал Г.Ж. Ниязова мен С.Ф. Алханов – геймификация модельдері және оның білім берудегі әлеуеті саласында зерттеулер жүргізеді [4].

Педагогикада геймификация терминін американдық ғалымдар М.Поренский, К. Капп танымал етті. К. Капп Пенсильвания штатындағы Блумсбург

университетінің ойын конвергенциясы бойынша ғалымы және сарапшысы өзінің «Оқыту мен оқытуды геймификациялау: оқыту мен тәрбиелеудің ойын әдістері мен стратегиялары» кітабында геймификация ұғымына келесі анықтама береді: «ойын механикасы, эстетика және ойын ойнау, адамдарды тарту, әрекетке ынталандыру, оқуды ынталандыру және мәселелерді шешу» [5, 10].

Оқытуды геймификациялау – оқушылардың мотивациясын және белсенділігін арттыру үшін білім беру үдерістерінде ойын элементтері мен әдістерін пайдалану [6]. Осы орайда қазақ тілі сабақтарында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, көптеген бағдарламалық білім беру ресурстары мен платформаларды қолданудың маңызы зор екенін айтқанымыз жөн. Себебі бұл ойын платформасы бірнеше функцияны қамтиды.

«Білім беруде жаңа инновациялық технологияларды қолдану – заман талабы. Әр мұғалім өз сабағын түрлендіріп өткізгісі келеді. Себебі қазіргі инновациялық технологияларды өз дәрежесінде пайдалану – білім сапасын арттырудың кепілі» [7, 1]. Осы орайда, қазіргі білім беру саласында цифрлық лингводидактика ұғымы да таралып келеді. «Цифрлық лингводидактиканың негізгі тенденцияларының бірі – репродуктивті оқыту моделінен конструктивистік модельге көшу» – деп анықтайды зерттеушілер [8, 290]. Жалғастыра келе, «Мұндай құралдар қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту үдерісін анағұрлым қызықты және нәтижелі етеді», - деп топшылайды [8, 292].

Қазақстандық зерттеулерде де цифрлық технологиялардың мемлекеттік тілді оқытудағы тиімділігіне ерекше назар аударылып келеді. Соның бір мысалы ретінде А. Ораздың докторлық диссертациясы аясында жүргізілген зерттеу нәтижелерін атауға болады. Ғалымның әріптестерімен бірлесіп жариялаған «The Effects of Voice Blogging on Upper Secondary Students' L2 Kazakh Speaking Performance» атты мақаласында дауыстық блог жүргізу әдісінің қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін жоғары сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларына әсері эксперименттік тұрғыдан зерттелген [9]. Зерттеу нәтижелері аудиоблог жүргізу технологиясының білім алушылардың ауызша тілдік қатысымын дамытуға, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға және оқу үдерісіндегі белсенділігін арттыруға оң ықпал ететінін көрсетті. Кей зерттеушілердің пікірінше, білім беру ойындарын әзірлеуде жобалық тапсырмаларға негізделген оқыту, білім алушыларды зерттеушілік әрекетке тарту, тәжірибе арқылы үйрету, командалық жұмысты ұйымдастыру және тұлғалық құндылықтарды дамыту сияқты қағидаттар басшылыққа алынуы тиіс [10, 2]. Аталған ерекшеліктердің басым бөлігі қазақ тілін оқытуға арналған «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойын платформаларында да көрініс тапқан.

Дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырып қарағанда ойын элементтері білім

алушылардың өзара әрекеттесуін күшейтіп, топтық және жеке жұмыс дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар сыни ойлау, шығармашылық, коммуникация, көшбасшылық, шешім қабылдау, уақытты тиімді басқару және ынтымақтастық сияқты XXI ғасыр дағдыларының дамуына мүмкіндік береді. Сандық ойын платформалары білім алушылардың өздігінен білім алуына, оқу материалын бірнеше рет қайталауына, жіберген қателерін өзара талдауға және бірден кері байланыс алуына жағдай жасайды. Осы ерекшеліктер білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, алған білімін есте сақтауға ықпал етеді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – цифрлық және дәстүрлі білім беруде бұл екі ойын платформаларының құрылымын, қызметін анықтап, олардың қазақ тілі сабақтарында қолданудың лингводидактикалық әлеуетін анықтау. Осы арқылы білім алушылардың оқу мотивациясын, сыни және шығармашыл ойлау жүйесін дамыту, іздену, логикалық байланысты тез табу сынды қабілет-қасиеттерін арттырудағы үлесін де көрсетуге болады. Жалпы, бұл ойындардың функционалдық ерекшеліктері мен лингводидактикалық әлеуеті сараланады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Соңғы жылдары мемлекеттік тілді оқытуда сандық ресурстарды қолдану кеңінен таралып, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған жаңа платформалар пайда болды. Мұндай платформалар тілдік материалды көрнекі, қызықты және тәжірибеге бағытталған түрде ұсынуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар олар оқу материалының жүйелі қайталануына, жедел кері байланыс алуға және білім нәтижесін тұрақты бақылауға мүмкіндік береді. Бұл ретте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында лингво-танымдық «Төртеу түгел» (Connection-нің қазақша нұсқасы), «Сөзділ» (Wordle-дің қазақша нұсқасы) секілді цифрлық платформалары геймификация элементтері әртүрлі деңгейде қолданылып келе жатқанын атап өткен жөн. Аталмыш платформалардың мектептегі жоғары сынып оқушылары үшін де, жоғары оқу орнындағы білім алушылар үшін де маңызы бар. Сондықтан қазақ тілін оқытудағы цифрлық ресурстардың мүмкіндіктерін анықтау және геймификация элементтерінің рөлін бағалау қазіргі цифрлық дәуірде, атап айтқанда, ЖИ заманында өзекті ғылыми мәселелердің біріне айналды.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын цифрлық геймификация құралдарының тәжірибесін зерделеу негізінде оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған әдістемелік тәсілдерді дамыту қажеттілігі туындайды. Зерттеу нысаны ретінде «Төртеу түгел» және «Сөзділ» платформалары таңдалды, өйткені олар қазақ тілін оқытуға арналған отандық цифрлық ресурстардың біріне жатады және геймификация элементтерін қолдану арқылы лексикалық және грамматикалық материалдарды меңгеруге мүмкіндік береді. Олардың ерекшелігі – сөздер

қорының үнемі жаңартылып отыруы және білім алушының оқу қажеттілігіне бейімделуі. Атап айтқанда, «Төртеу түгел» платформасында ойын авторлары тарапынан күн сайын (кезекпен) төрт санат бойынша 16 жаңа сөз енгізіліп тұрады. Ал «Сөзділ» платформасында пайдаланушы өзінің де қажетті сөздерін ұсына алатын мүмкіндік қарастырылған. Сондықтан меңгерілетін сөздердің нақты саны тұрақты көрсеткіш емес, ол сабақтың апталық жиілігіне, платформаларды пайдалану қарқындылығына және білім алушының жеке оқу траекториясына байланысты өзгереді.

Зерттеу жұмысында теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды және бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде геймификация, цифрлық білім беру платформалары және қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Бұл кезеңде ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу және жинақтау әдістері қолданылып, зерттеудің теориялық негізі айқындала түсті.

Екінші кезеңде зерттеу нысаны ретінде таңдалған «Төртеу түгел» және «Сөзділ» платформаларының құрылымы, функционалдық мүмкіндіктері және оқу мазмұны сипаттамалық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы зерделенді. Платформалардағы геймификация элементтері, ұсынатын лексикалық және грамматикалық материалдары, интерактивті тапсырма түрлері және білім алушыға беретін мүмкіндіктері салыстырылып, түсіндірілді.

Үшінші кезеңде қазақ тілінде білім алатын 60 студент арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама білім алушылардың цифрлық платформаларды пайдалану тәжірибесін, оларды қолдану жиілігін, оқу үдерісіндегі тиімділігіне қатысты пікірлерін және геймификация элементтеріне көзқарасын анықтауға бағытталды.

Төртінші кезеңде сауалнама нәтижелері өңделіп, жауаптар пайыздық көрсеткіштер арқылы сандық талдаудан өткізілді. Алынған деректер салыстырмалы талдау және пікірлерді қорыту әдістері негізінде интерпретацияланып, зерттеу мақсатына сәйкес қорытындыланды.

Талқылау

«Төртеу түгел» және «Сөзділ» платформалары жөнінде қысқаша мәлімет беріп өтейік. «Сөзділ» – қазақ тілінде бар сөздерді енгізіп, жауабын табу керек ойынның бір түрі. Ойын шарты келесі: 6 рет байқап/талпынып, сөзді табыңыз. Әр талпыныстан кейін шаршы түсі өзгеріп, жауапқа қанша жақын екеніңізді көрсетеді. Бір күнде бір сөз. Алматы уақыты (GMT/UTC+5) бойынша, күн сайын жаңа сөз шығып тұрады [11]. Мысал ретінде «ҚАЗАН» сөзі жасырылған болсын. Егер ойыншы алғашқы әрекетте «ҚАЛАМ» сөзін енгізсе, жүйе әріптердің дұрыстығына қарай түрлі түспен белгі береді: жасыл түс – әріптің орны мен өзі дұрыс екенін, сары түс – әріптің сөзде бар, бірақ басқа

орында тұрғанын, ал сұр түс – мұндай әріптің жасырылған сөзде жоқ екенін көрсетеді (Сурет 1). Осы кері байланысқа сүйене отырып, білім алушы келесі нұсқаларын ұсынады (мысалы, «ҚАУЫН», «ҚАДАМ», «ҚАЗАН») және логикалық ойлау арқылы дұрыс жауапқа жетеді.



Сурет 1 – «Сөзділ»-дің ережесі

Жалпы бұл ойын ағылшынша Wordle ойынының қазақша нұсқасы. Қазақша нұсқа авторлары: Данияр Муханов, Ильяс Жолдасбай және Ержан Торғаев. «Жастар Wordle-дың қазақша нұсқасын құрастырып қана қойған жоқ, атауын да Сөзділ деп қазақшалады. Бұл туралы Ілияс Жолдасбай былай дейді: «Wordle сөзінің түбірі word болғандықтан, біздің нұсқаның да түбірі сөз болуы орынды көрінді» [12, 1]. Демек, бұл ойын білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, олардың орфографиялық сауаттылығын, логикалық талдау жасау қабілетін, зейінін және жаңа сөздердің мағынасын есте сақтау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Сөзділ»-ді сөздік қорды жүйелі түрде байытуға және қазақ тілінің лексикалық қорын меңгеруге ықпал ететін тиімді лингводидактикалық ресурс ретінде бағалауға болады. Ойын барысында пайдаланушы әріптердің сөздегі орнын анықтау арқылы жасырылған сөзді табуға тырысады, бұл оның тілдік интуициясы мен аналитикалық ойлауын қатар дамытады. Берілген ойын соңында, яғни ойын аяқталған соң, «Сөз мағынасын көру» деген батырма бар, сол арқы¬лы «Сөздікқор» сайтына бағытталады және жа¬сырылған сөздің мағынасымен терең танысуға болады.



Сурет 2 – «Сөзділ»-ді жеңіспен аяқтағандағы көрініс

Әлеуметтік желіде, атап айтқанда, TikTok желісінде жастар өздерінің «Сөзділ» ойнап жатқан сәттерін, яғни сөз тапқанға, ойын аяқталғанға дейінгі кездерін салып отыратынын байқадық. Олар ойынның жасырын сөзін табуға тырысқан сәттерін, әріптерді іріктеу жолдарын, жеңіске жеткен немесе қиындыққа тап болған кезеңдерін қысқа бейнероликтер арқылы бөліседі. Мұндай жарияланымдар ойынның танымалдылығын арттырып қана қоймай, қолданушылар арасында қызығушылық пен бәсекелестік ортасын қалыптастырады. Бір жағынан, бұл жастардың бос уақытын мазмұнды әрі пайдалы өткізуге ұмтылысын көрсетсе, екінші жағынан, қазақ тіліндегі интеллектуалдық ойындарды кең аудиторияға насихаттаудың тиімді құралына айналып отыр. Оны төмендегі суреттермен дәйектей аламыз (Сурет 3):



Сурет 3 – Сөзділ-ді ойнауды әлеуметтік желіде көрсету

«Төртеу түгел» ойыны 2025 жылы жазда іске қосылды. Жалпы бұл ойынның атауына қатысты ойымызды айтар болсақ, қазақтың «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; *Төртеу түгел болса, төбедегі келеді»* деген мақал-мәтеліндегі «төртеу түгел» бөлігінен мағыналық жағынан ойын мақсатына сай алынды деп топшылаймыз. Себебі ойын барысында шашыраңқы берілген сөздерді белгілі бір логикалық байланысқа негіздеп, төрт топқа дұрыс біріктіру қажет. Бұл білім алушының тілдік білімін ғана емес, ойлау жүйесін, салыстыру, талдау және жинақтау қабілеттерін де дамытады. Ойын авторлары – Бибарыс Сейтақ, Данияр Муханов, Анель Талғат, Орынбасар Елтайұлы және Ұлбосын Дауылбайұлы. Бұл – әлемге танымал Connections ойынының қазақ тіліндегі бейімделген нұсқасы. Платформада күн сайын жаңа тапсырма жарияланып отырады. Ойынның шарты бойынша білім алушыға ұсынылған 16 сөзді мағыналық немесе құрылымдық ұқсастығына қарай төрт санатқа бөліп орналастыру қажет. Мәселен, *қасқыр, түлкі, қоян, аю, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, қызыл, көк, жасыл, сары, домбыра, қобыз, сырнай, жетіген* сөздері беріледі. Оларды былай топтастырамыз: *жабайы аңдар:* қасқыр, түлкі, қоян, аю; апта күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі; түстер: қызыл, көк, жасыл, сары; ұлттық аспаптар: домбыра, қобыз, сырнай, жетіген.

Қате жауап беру мүмкіндігі төртеумен шектелгендіктен, әрбір шешімді мұқият саралап қабылдау талап етіледі. Сөздер тақырыптық ұқсастығына, түбірлес болуына, қосымшалардың ерекшеліктеріне немесе басқа да тілдік заңдылықтарға сәйкес топтастырылады (Сурет 4).



Сурет 4 – «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ»-дің басты беті және дұрыс жауабы

Сурет 5 – «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ»-ді ойнап болғандағы көрінісі

5-суретте көрсетілгендей, ойын соңында сөздердің топтасуына байланысты әртүрлі түсті белгілер экранға шығады, ойынмен бөлісуге және «Сөзділ» ойынына көшуге болады. Осы ойынның кей қызықтарын платформа авторларының бірі – Бибарыс Сейтақ qazaqbubble-дің (сапалы қазақша ғылыми контент) телеграм каналында жариялап, талқыға салып отырады. Сондай-ақ

«Төртеу түгел» ойыны бойынша да TikTok желісінде жастардың ойнап жатқан процесін, яғни топтастыру, жауап іздеу, сөз дұрыс тапқанға дейінгі сәттерін жарияланғанын көруге болады.

Нәтижелер

Бұл зерттеуде сауалнама арқылы қазақ тілі сабақтарында танымдық, лингво-дидактикалық тұрғыдан студенттердің «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойын платформалары туралы хабардарлық деңгейін, оларды пайдалану тәжірибесін, оқу үдерісіндегі тиімділігіне қатысты көзқарастарын және аталған платформалардың тілдік дағдыларды дамытудағы ықтимал мүмкіндіктерін біле алдық. Сонымен қатар сауалнама нәтижелері студенттердің ойын платформаларымен таныстығын, қолдану жиілігін, оларға қызығушылық тудыратын факторларды және оларды қазақ тілі сабақтарына енгізуге қатысты ұсыныстарын айқындап көрдік.

Зерттеуімізде жүргізілген сауалнамамызға жоғары оқу орнындағы қазақ тілінде білім алатын 60 студент қатысты. Респонденттердің 80%-ын (48 адам) әйелдер, 20%-ын (12 адам) ерлер құрады. Бұл зерттеуде әйел студенттердің үлесі басым екенін байқауға болады. Жас ерекшелігі бойынша барлық қатысушылар 17-25 жас аралығын қамтыды. Демек, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алатын жастардың пікірлері негізінде алынған. Төменде студенттердің жауаптары бойынша құрылған диаграммаларға назар салайық.



Диаграмма 1 – Студенттердің «Төртеу түгел» және «Сөзділ» платформаларын пайдалану тәжірибесі

Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің 36,7%-ы «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойын платформаларын бұрын қолданып көргенін, ал 63,3%-ы бұл платформаларды қолданбағанын көрсетті. Бұл көрсеткіш аталған ойын платформалардың студенттер арасында әлі кеңінен таралмағанын және олар-

ды қазақ тілін оқыту үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін кеңінен таныстыру қажеттігін аңғартады.



Диаграмма 2 – Студенттердің «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойындарын ойнау жиілігі

Бұл диаграмма бойынша талдау нәтижесі: респонденттердің 68,3%-ы «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойын платформаларын мүлде ойнап көрмегенін көрсеткен. Ал 16,7%-ы бұл платформаларды айына бір-екі рет пайдаланатынын айтқан. Қалған қатысушылар платформаларды күніне бір рет, аптасына екі-үш рет, жылына бір рет, естеріне түскенде немесе өте сирек қолданатынын көрсеткен. Бұл нәтижелер аталған ойын платформаларының студенттер арасында тұрақты қолданылу деңгейінің төмен екенін және оларды қазақ тілін оқыту үдерісінде жүйелі енгізу қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты қалай аталмыш ойын платформаларын қазақ тілі сабақтарында қай кезеңде және қалай пайдалануға болатыны жөнінде мынадай ұсыныс бар:

1. Сабақтың кіріспесінде, яғни жаңа сабақ басталмас бұрын сергіту түрінде экранға шығарып, бірге табу, тапқан жауап бойынша тілдік немесе мазмұндық талдау жүргізу, пікір алмасу.

2. Оқытушы немесе мұғалім сабақ барысында немесе үй тапсырмасы ретінде осы ойындардың мазмұн желісінде, ойынның барлық шартын қамтитын жаңа ойын құрастырып ұсынады.

3. Білім алушылар өздері ойынның мазмұн желісінде жаңа ойын нұсқасын құрастырып, қалған студенттерге/оқушыларға жасырады. Бұл аталғандар ойын платформаларын қазақ тілі сабақтарына жүйелі кіріктіру білім алушылардың оқу уәжділігін арттырып қана қоймай, олардың сөздік қорын байытуға, тілдік дағдыларын кешенді дамытуға, шығармашылық тапсырмалар орындауына және жаңа білімді тәжірибе жүзінде қолдануына жағдай жасайды.

Келесі диаграммада (Диаграмма 3) ойын платформаларымен таныс білім алушылардың ойынға қызығушылық себептерін көре аламыз.

Диаграмма 3 – Студенттердің аталмыш ойын платформаларына қызығушылық таныту себептері

Сауалнаманың соңғы «Бұл ойын сізге несімен қызықты?» деген сұрағына ойынды ойнап көрген студенттердің жауаптары бойынша мынадай нәтиже көрсете аламыз: Респонденттердің 31,7%-ы бұл платформалардың логикалық ойлауды дамытуға ықпал ететінін атап өткен. Жалғастыра келе, жауап берушілердің 25%-ы сөздік қорды байытуға, 21,7%-ы зейінді шоғырландыруға, 20%-ы қызықты ақпараттармен танысуға мүмкіндік беретінін таңдаған. Ал 18,3%-ы зияткерлік-танымдық қабілеттердің дамуына әсер ететінін, 16,7%-ы қазақ тілін тереңірек меңгеруге көмектесетінін және 15%-ы уақытты тиімді өткізу құралы ретінде бағалаған. Респонденттердің «білмеймін» деп жауап берген 53,3%-ы, алдыңғы сұраққа сәйкес, бұл зияткерлік ойындарды ойнап көрмегенін көрсетеді. Дегенмен, зерттеу сауалнамамыз арқылы аталмыш екі ойынмен олардың да танысатынына сеніміміз бар.

Осыған байланысты, алдағы уақытта «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойын платформаларын қазақ тілі сабақтарында кеңінен қолдану тәжірибесін және тілдік әлеуетін студенттерге таныстыруды арттыру керек деген ойдамыз. Себебі қазақ тіліндегі заманауи цифрлық платформаларды пайдалану білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, тілдік дағдыларын жетілдіруге және оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері цифрлық ойын платформаларының қазақ тілін оқытуда тек қосымша құрал емес, білім алушылардың оқу белсенділігін арттыратын тиімді дидактикалық ресурс екенін айқындады. Геймификация элементтері оқу тапсырмаларын қызықты форматта ұсыну арқылы білім алушылардың

ішкі уәжін күшейтіп, тілдік материалды қайталау мен бекітуді табиғи әрекетке айналдырады. Мұндай платформаларды жүйелі пайдалану білім алушылардың лексикалық қорын байытуға, тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан алдағы уақытта қазақ тілін оқыту тәжірибесінде осындай цифрлық ойын платформаларының санын көбейтіп, олардың мазмұнын оқу бағдарламасына сәйкес жетілдіру, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыру қазақ тілін оқытудың тиімділігін одан әрі арттыра түседі.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытуда геймификация элементтеріне негізделген «Төртеу түгел» және «Сөзділ» ойын платформаларының маңызды лингводидактикалық әлеуетке ие екенін көрсетті. Аталған платформалар ойын технологияларын оқу мазмұнымен ұштастыра отырып, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу мотивациясын күшейтуге, логикалық ойлауын дамытуға және сөздік қорын кеңейтуге мүмкіндік береді. Олар қазақ тілін меңгеру үдерісін интерактивті әрі қызықты ұйымдастыруға ықпал ете алады. Десек те, сауалнама нәтижелері студенттердің басым бөлігінің (63,3%) бұл платформалармен таныс еместігін анықтады. Алайда ойындарды қолданып көрген респонденттердің пікірлері олардың қазақ тілін үйренуге оң әсер ететінін атап өтті. Дегенмен бұл бағалаулар қатысушылардың субъективті пікірлеріне негізделгендіктен, платформалардың оқу жетістіктеріне нақты әсері туралы қорытынды жасауға негіз болмайды. Осыған байланысты, алынған нәтижелер ойын платформаларының қазақ тілін оқытудағы әлеуетін сипаттайтын сауалнамалық деректер ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында «Төртеу түгел» мен «Сөзділ» платформаларының өзара кіріктірілген жүйе ретінде жұмыс істейтінін де байқадық. Атап айтқанда, «Төртеу түгел» ойынын аяқтағаннан кейін пайдаланушының «Сөзділ» платформасына өту мүмкіндігі қарастырылған. Ал «Сөзділ» платформасында жасырылған сөзді тапқаннан кейін «Сөз мағынасын көру» батырмасы арқылы пайдаланушы «Сөздікқор» сайтына бағытталып, сөздің мағынасы, қолданысы және тілдік ерекшеліктері жөнінде қосымша ақпарат ала алады. Мұндай өзара байланыс ойын элементтерін лексикалық біліммен ұштастырып, білім алушылардың сөздік қорын жүйелі түрде кеңейтуге және жаңа сөздердің семантикасын тереңірек меңгеруіне ықпал ететіні сөзсіз. Алдағы уақытта бұл ойындарды әлеуметтік желілерде, білім беру ордаларында кеңінен насихаттап, жоғары сыныптағы мектеп оқушылары мен қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасында оқитын студенттердің тіл мен әдебиет сабақтарында, сабақтан тыс уақыттарда да аталмыш платформаларды жиірек пайдаланып, тілдік мазмұн тұрғыдан талдап, өзара пікір алмасады деген үміттеміз.

Әдебиеттер

1. Отарбаева, Л.Л., Утепбергенова, Г.К., Муханова, А.С. (2020). Геймификация как интерактивное средство обучения в образовательном процессе. Методическое пособие. Актобе.

2. Караваев, Н.Л., Соболева, Е.В. (2019). Совершенствование методологии геймификации учебного процесса в цифровой образовательной среде. Киров: Вятский государственный университет.

3. Токжигитова, А.Н., Ермаганбетова, М.А., Токжигитова, Н.К. (2023). Геймификация элементтері арқылы білім алушылардың белсенділігін анықтау. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 3(144), 253-261.

4. Ниязова, Г.Ж., Алханов, С.Ф. (2023). Геймификация модельдері және оның білім берудегі әлеуеті. Молодой ученый, 10 (457), 250-255.

5. Kapp, K., Blair, L., Mesch, R. (2013). The Gamification of Learning and Instruction Fieldbook: Ideas into Practice. San Francisco: Wiley.

6. Сыдыков, Б.Д., Сман, Г.Т. (2022). Геймификация білім беруді ұйымдастырудың құралы ретінде. Молодой ученый, 9(404), 251-255.

7. Электрондық ресурс: Тіл әлемі. (2018). Жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану. https://tilalemi.kz/kz/contemplation/janaynnovasyyaliq-adister-men-oqitu-texnologyyalarin-qoldanu.html

8. Серікқызы, Ж., Саткенова, Ш., Тлеубаев, С., Атаханова, Н. (2026). Цифрлық лингводидактика – білім берудің жаңа формасы. Eurasian Journal of Philology Science and Education, 202(2), 288-298. https://doi.org/10.26577/EJPh2022202624

9. Oraz A., Malikov K., Abenova G., Sametova Z., Almautova A.The effects of voice blogging on upper secondary students'L2 Kazakh speaking performance // International Journal of Education and Practice. 2024. T. 12. No. 3. – C. 1040-1053.

10. Ковтонюк, П.И., Столбов, А.А., Новиков, М.Ю. (2022). Использование цифровых образовательных игр в учебном процессе школьников. Международный научно-исследовательский журнал, 8(122), 44.

11. Электрондық ресурс: Wordle.kz. https://wordle.kz/

12. Электрондық ресурс: Egemen Qazaqstan. (2022). Wordle-ды қазақша сөйлеткен жастар. https://egemen.kz/article/319843-wordle-dy-qazaqsha-soyletkendgastar

А.А. ДАНИЯР
Международный университет Астана

ГЕЙМИФИКАЦИЯ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ: ОПЫТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПЛАТФОРМ «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ» И «СӨЗДІЛ»

Аннотация. В статье платформы «Төртеу түгел» и «Сөзділ» рассматриваются как интерактивная цифровая образовательная среда, основанная на активной деятельности обучающихся при изучении казахского языка. В ходе исследования раскрывается значение геймификации в образовательном процессе, а также описываются структура, функциональные особенности и способы использования данных цифровых платформ в качестве цифрового инструмента обучения казахскому языку. Кроме того, анализируется влияние игровых элементов на развитие словарного запаса, совершенствование логического мышления, повышение активности обучающихся на занятиях и их интереса к учебному процессу. Игровые элементы мотивируют обучающихся к осознанному и заинтересованному участию в учебном процессе, что способствует повышению эффективности овладения казахским языком. Геймификация также способствует формированию навыков самостоятельного обучения, систематическому повторению учебного материала и постоянному контролю образовательных результатов. Кроме того, цифровые платформы обеспечивают оперативную обратную связь и создают условия для обучения в индивидуальном темпе в соответствии с образовательными потребностями каждого обучающегося. Эмпирическая часть исследования основана на результатах анкетирования 60 студентов различных специальностей, обучающихся на казахском языке в высшем учебном заведении. В ходе опроса были выявлены их мнения и опыт использования игровых образовательных платформ. Результаты исследования показали, что платформы «Төртеу түгел» и «Сөзділ» оказывают значительное положительное влияние на эффективность процесса изучения казахского языка, способствуют повышению учебной мотивации, закреплению знаний, развитию цифровых компетенций и формированию интерактивной образовательной среды.

Ключевые слова: геймификация, языковые навыки, цифровое образование, игровые технологии, учебная мотивация.

A.A. DANIYAR
Astana International University

GAMIFICATION IN KAZAKH LANGUAGE TEACHING: EXPERIENCES AND LINGUODIDACTIC POTENTIAL OF THE "TORTEU TUGEL" AND "SOZDIL" PLATFORMS

Abstract. In the article, the platforms "Torteu Tugel" and "Sozdil" are considered as an interactive digital educational environment based on the active activity of students in learning the Kazakh language. The study reveals the importance of gamification in the educational process, as well as describes the structure, functional features and ways of using these digital platforms as a digital tool for teaching the Kazakh language. In addition, the influence of game elements on vocabulary development, improvement of logical thinking, increased activity of students in the classroom and their interest in the learning process is analyzed. Game elements motivate students to participate consciously and actively in the learning process, which helps to increase the effectiveness of mastering the Kazakh language. Gamification also contributes to the formation of independent learning skills, the systematic repetition of educational material and the constant monitoring of educational outcomes. In addition, digital platforms provide prompt feedback and create conditions for learning at an individual pace in accordance with the educational needs of each student. The empirical part of the study is based on the results of a survey of 60 students of various specialties studying in Kazakh at a higher educational institution. The survey revealed their opinions and experiences of using gaming educational platforms. The results of the study showed that the platforms "Torteu Tugel" and "Sozdil" have a significant positive impact on the effectiveness of the Kazakh language learning process, contribute to increased learning motivation, consolidation of knowledge, development of digital competencies and the formation of an interactive educational environment.

Keywords: gamification, language skills, digital education, game-based learning, learning motivation.

Reference

1. Otarbaeva, L.L., Utepbergenova, G.K., Mukhanova, A.S. (2020). Gamification as an Interactive Teaching Tool in the Educational Process. Methodological Guide. Aktobe.

2. Karavaev, N.L., Soboleva, E.V. (2019). Improving the Methodology of

Gamification of the Educational Process in a Digital Educational Environment. Kirov: Vyatka State University.

3. Tokzhigitova, A.N., Yermaganbetova, M.A., Tokzhigitova, N.K. (2023). Determining Students' Engagement through Gamification Elements. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series, 3(144), 253-261.

4. Niyazova, G.Zh., Alkhanov, S. F. (2023). Gamification Models and Their Potential in Education. Young Scientist, 10(457), 250-255.

5. Kapp, K., Blair, L., Mesch, R. (2013). The Gamification of Learning and Instruction Fieldbook: Ideas into Practice. San Francisco: Wiley.

6. Sydykov, B.D., Sman, G.T. (2022). Gamification as a Tool for Organizing Education. Young Scientist, 9(404), 251-255.

7. Til Alemi. (2018). Application of Innovative Methods and Teaching Technologies. https://tilalemi.kz/kz/contemplation/jana-ynnovasyyaliq-adister-men-oqitu-texnologyyalarin-qoldanu.html

8. Serikkyzy, Zh., Satkenova, Sh., Tleubaev, S., Atakhanova, N. (2026). Digital Linguodidactics as a New Form of Education. Eurasian Journal of Philology Science and Education, 202(2), 288-298. https://doi.org/10.26577/EJPh2022202624

9. Oraz A., Malikov K., Abenova G., Sametova Z., Almautova A.The effects of voice blogging on upper secondary students'L2 Kazakh speaking performance // International Journal of Education and Practice. 2024. T. 12. No. 3. – C. 1040-1053.

10. Kovtonyuk, P.I., Stolbov, A.A., Novikov, M.Yu. (2022). The Use of Digital Educational Games in the Educational Process of School Students. International Research Journal, 8(122), 44.

11. Wordle.kz. (n.d.). Wordle.kz. https://wordle.kz/

12. Egemen Qazaqstan. (2022). Young People Who Made Wordle Speak Kazakh. https://egemen.kz/article/319843-wordle-dy-qazaqsha-soyletken-dgastar

Автор туралы мәлімет:

Данияр Әлия Ахмедияқызы – PhD, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан;

Данияр Алия Ахмедияновна – PhD, старший преподаватель, Международный университет Астана, Казахстан, Астана;

Daniyar Aliya Ahmediyakyzy – PhD, senior lecturer, Astana International University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАХР 14.25.09
DOI

Ф.С. МҰХТАРОВА
Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы
(e-mail: farizamm97@gmail.com)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЛЕКСИКАНЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі этнографиялық лексиканы меңгертудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – этнографиялық бірліктерді мағыналық, контекстік және лингвомәдени тұрғыдан игертетін тиімді әдістер мен тапсырмалар жүйесін ұсыну. Зерттеуде қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған еңбектер, нормативтік құжаттар, түсіндірме және фразеологиялық сөздіктер, цифрлық платформалар пайдаланылды. Теориялық талдау, жинақтау, сипаттау, лексика-семантикалық және контекстік талдау, салыстыру, жіктеу, әдістемелік модельдеу тәсілдері қолданылды. Нәтижесінде этнографиялық лексиканы меңгертудің бастапқы, орта және жоғары деңгейлері айқындалып, әр деңгейге сәйкес сөздікпен жұмыс, мәтіндік талдау, жоба, кросс-мәдени салыстыру, «киіз үй», «басқатырғыш» әдістері жүйеленді. Тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылымды кіріктіретін тапсырмалар кешені ұсынылды. Ұсынылған жүйе оқушылардың сөздік қорын кеңейтіп, этномәдени танымын, коммуникативтік белсенділігін және ұлттық құндылықтарды тіл арқылы пайымдау қабілетін дамытуға бағытталған. Оның практикалық маңызы ұсынылған тапсырмаларды қазақ тілі сабақтарында, таңдау курстарында және оқушылардың өзіндік жұмысында жүйелі қолдану мүмкіндігімен және мұғалім тәжірибесін жетілдірумен айқындалады.

Түйін сөздер: этнографиялық лексика, қазақ тілін оқыту әдістемесі, лингвомәдени құзыреттілік, тілдік дағдылар, инновациялық әдістер, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану, цифрландыру және ақпарат ағынының күшеюі жағдайында жас ұрпақтың ұлттық мәдени кодты тіл арқылы тануы айрықша мәнге ие. Этнографиялық лексика халықтың дәстүрлі дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын, қолөнерін, киім-кешегін, тағам мәдениетін, әдет-ғұрпы мен рухани құндылықтарын танытатын тілдік бірліктер жүйесі. Сондықтан мұндай атауларды меңгерту тек оқушының сөздік қорын толықты-

румен шектелмей, оның тарихи жады мен ұлттық-мәдени танымын қалыптастыруға да қызмет етеді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі этнографиялық лексиканы меңгертудің тиімді әдістерін жүйелеу және лингвомәдени құзыреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар кешенін ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес этнографиялық бірліктерді меңгертудің деңгейлерін айқындау, әр деңгейге сәйкес дәстүрлі, интербелсенді және инновациялық тәсілдерді іріктеу, көркем мәтін, сөздік және цифрлық ресурстар негізіндегі тапсырмаларды жүйелеу, жасанды интеллект құралдарын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктерін көрсету міндеттері қойылды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін антропоөзектік, лингвомәдени, қатысымдық-әрекеттік, құзыреттілік және тұлғаға бағдарланған ұстанымдар құрайды. Этнографиялық лексиканы оқыту әдістерін іріктеуде А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Әбілқаев, Ә. Исабаев еңбектеріндегі түсіндіру, талдау, салыстыру, көрнекілік, әңгімелеу, кітаппен жұмыс істеу туралы тұжырымдар [1], сондай-ақ этнографиялық бірліктерді ұлттық және мәдени кодтың тілдік көрінісі ретінде танытатын А. Салқынбай мен Н. Уәли пікірлері [2] басшылыққа алынды.

Зерттеу материалдары бірнеше дереккөзден жинақталды. Біріншіден, қазақ тілін оқыту әдістемесі, педагогикалық инноватика, лингвомәдениеттану және этнолингвистика салаларындағы ғылыми еңбектер мен оқу-әдістемелік әдебиеттер қарастырылды. Екіншіден, білім беру мен тіл саясатына қатысты нормативтік құжаттар, жалпыға міндетті білім беру стандарттары пайдаланылды. Үшіншіден, түсіндірме, фразеологиялық және этнографиялық сөздіктердегі атаулар, «Қыз Жібек» жыры мен І. Есенберлин шығармаларынан алынған мәтін үзінділері талдау материалы ретінде ұсынылды. Төртіншіден, QR-код арқылы берілген материалдар, цифрлық платформалар әдістемелік материал ретінде қолданылды.

Жұмыста өзара сабақтас бірнеше зерттеу әдісі қолданылды. Теориялық талдау мен жинақтау әдістері этнографиялық лексиканы оқытуға қатысты ғылыми тұжырымдарды саралауға мүмкіндік берді. Сипаттамалы және лексика-семантикалық талдау арқылы атаулардың мағынасы, тақырыптық топтары мен этномәдени мазмұны анықталды. Контекстік талдау этнографизмдердің фольклорлық және көркем мәтіндегі қызметін, фразеологиялық тіркестер құрамындағы мәнін ашуға бағытталды. Салыстырмалы және кросс-мәдени тәсіл туыстас және өзге мәдениеттердегі баламаларды салыстыру үшін, ал жіктеу мен жүйелеу әдістері тапсырмаларды күрделілік деңгейі мен тілдік әрекет түрлері бойынша топтастыру үшін пайдаланылды.

Талқылау

Этнографиялық лексиканы меңгертудің деңгейлік сатылары анықталып, әр деңгейге сәйкес келетін әдістемелік тәсілдерді нақтылауда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы [3], «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [4], «2025–2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат [5] басшылыққа алынды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы негіз болды [6].

Бастапқы деңгей. Бұл кезеңде оқушыларға этнографиялық атаулардың негізгі мағынасын түсіндіруге басымдық беріледі. Осы мақсатта визуалды әдістер кеңінен қолданылады. Мысалы, сурет бойынша атауын табу, этнографиялық терминнің мағынасын визуалды түрде түсіндіру.

Жалпы қазіргі білім беру жүйесіндегі олқылықтардың бірі – тіліміздегі сөздік құраммен байланысты. Білім алушылар этнографиялық бірліктердің мән-мағынасын түсінбей жатады, көркем мәтінмен жұмыс істегенде кей сөздердің төркінін білмейді немесе ауызша, жазбаша тапсырма орындағанда, эссе жазу, тақырыпқа қатысты диалог құрарда этнографиялық лексиканы, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді орынды қолдана алмайтын жағдайлар жиі орын алады. Бұл оқушылардың мәдени кодты аша алмауының, білмеуінің салдарынан болады. Сондықтан тұлғаның жеке қасиеттері мен қабілетін ескере отырып, оқушының танымдық мотивациясын қалыптастыру барысында *сөздікпен жұмыс әдісін* ұсынамыз.

Сөздікпен жұмыс әдісі. «Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі» атты оқулықта тұлғаның тілін дамыту үшін сөздік жұмыстарын жиі әрі жүйелі жүргізу керек екенін атап өтеді. Осы орайда жаңа сөздерді табу, мағынасын түсіну, эмоциялық-экспрессивтік мәніне назар аудару, оларды дұрыс қолдана білу, синонимдік, антонимдік қатарын табу, фразеологизмдердің мағынасын ашу секілді жұмыстар жүргізіледі [7, б. 132].

Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың тиімді үлгілерін көрсеткен ғалым Қ.О. Бітібаева әдебиетті оқытуда көрнекілік, зерттеу, сөздік әдістерінің маңызына тоқталады. Соның ішінде сөздік әдісі кез келген сабақтың негізі. Ғалымның пайымдауынша, оқушыларға жаңа ұғымдарды жеткізуде сөздік әдісі қолданылады. Берілетін білім теориялық, ақпараттық сипатта болғанда сөздік әдісін міндетті түрде қолданған дұрыс деген тұжырым келтіреді [8].

Сөздікпен жұмыс әдісінде ұсынылатын жаттығуларды тілдік дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға арналған жаттығулар (лексикалық, грамма-

тикалық) және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға арналған жаттығулар деп бөлеміз, яғни тапсырмаға негізделген оқыту (task-based learning).

Тілдік дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға арналған жаттығуларға:

1-тапсырма. Берілген этнографиялық бірліктерге анықтама беріңіз.

Мәсі, шапан, тақия, сәукеле, тон, күпі, ішік, шекпен.

2-тапсырма. Этнографиялық бірліктердің мағынасын сөздіктерден іздеңіз.

Келі, саба, торсық, күбі, ожау, кесеқап, қауға, жастық ағаш.

3-тапсырма. Этнографиялық атауларды олардың мағыналарымен сәйкестендіріңіз (1-кесте).

Кесте 1 – Этнографиялық атаулар мен олардың мағыналарын сәйкестендіру

Этнографиялық атау	**Мағынасы**
Уыз ірімшік	Жаңа төлдеген малдың төлі емгеннен кейінгі алғашқы сүтінен пісіріледі.
Қаспақ	Ұзақ сапарға арналған езілген құрттан жасалған әрі сусын, әрі қорек.
Уыз	Қой сүтіне езілген құрт қосып дайындалады.
Тұрнияз	Уыз сүттен жасалған ірімшік.
Ежегей	Пісірілген сүттің қазанға жабысқан тұнбасы.
Малта	Сүтке май, су, езген құрт, тары қосып қайнатқан соң бұқтырып желінетін ұлттық тағам.

4-тапсырма. Бос орынды толықтырыңыз.

А. Тәтті дәм беру үшін қант, бал, өрік немесе мейіз қосып пісілетін қымызды – ... деп атаймыз.

Ә. Бие сүтінің уыз дәмі тарамаған кезде ашытылған қымызды – ... деп атаймыз.

Б. Жаз ортасында шөп әбден піскен кезде көп шайқалып, көп пісілетін, ірімтігі жақсы жазылған, сарғылт түсті қымыз – ... деп атаймыз.

В. Қордың үстіне сүт құйып дайындалатын, бірнеше күн жинақталған мол қымызды – ... деп атаймыз.

5-тапсырма. «Шаңырақ» сөзімен байланысты тұрақты тіркестерді фразеологиялық сөздіктерден қараңыз, мағынасын дәптерге жазыңыз. Алтын шаңырақ, қара шаңырақ, шаңырақ көтерді, шаңырағы ортасына түсті, шаңырағы құлады.

2. Негізгі тілде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға арналған жаттығулар.

1-тапсырма. Сөйлеу әрекетіне негізделген жаттығулар. Оқушылардың этнографиялық бірліктерді бір-біріне түсіндіруі қажет.

2-тапсырма. Этнографиялық бірліктердің этимологиясын анықтаңыз. Оймақ, белбеу, ер-тұрман, түйреуіш, алқа, бойтұмар.

3-тапсырма. Берілген этнографиялық бірліктерді пайдаланып диалог құрастырыңыз.

Әшекей бұйымдар: жүзік, шашбау, алқа, сақина, білезік, шолпы, сырға.

Қару-жарақтар: алдаспан, дулыға, садақ, шоқпар, айбалта, кісе.

Аңшылыққа арналған құралдар: балдақ, томаға, тұғыр, оқшантай.

Тілді меңгеруде, оқушының сөздік қорын дамытуда бұл тапсырмалардың тигізер пайдасы зор. Оқу процесінде тілді дамытудағы негізгі мәселе білім алушының сөздік қорын үнемі байыту, себебі сөз, сөз тіркесі сөйлем тіл үйренушінің сөйлеуі үшін қызмет атқаратыны белгілі. Сөздік жұмыс сөйлеу барысында, мәтінде кездесетін көнерген, мағынасы күңгірт, өзге ұлт өкілдеріне түсініксіз этнографиялық бірліктерді түсіндіріп қана қоймай, эмоциялы сөздерге мән беру, тілдік бірліктердің өзге де мағыналарына тоқталуды жүзеге асырады.

Батыс елдерінің білім беру жүйесінде тараған әдістердің бірі – *«балық қаңқасы».* Бұл әдіс Жапонияда ойлап табылды. Оны 1952 жылы Toyota компаниясында жұмыс істеген әйгілі жапондық Каору Исикава жасаған. Балықтың басы зерттеуге жататын негізгі мәселені немесе нысанды білдіреді. Сәйкесінше балық қаңқасында зерттеу нысанына қатысты себептер келтіріледі, яғни «неге пайда болды?» сұрағы туындайды. Балық құйрығы соңғы кезең ретінде шешім-жауап ұсынады. Сызбасы: мәселе (нысан) – неге – қорытынды. Мұндай нақты талдау оқушыларға берілген зерттеу нысанын бөлшектерге бөліп талдауға және зерттелетін нысанды егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдісті түрлендіре отырып проблемалық оқыту негізінде этнографиялық бірліктерді талдаудың *«киіз үй»* әдісін ұсынбақпыз. Мысалы, кебіс этнографизмін алайық. Негізгі мәселе: кебіс сөзінің мағынасын талдау. Киіз үйдің уықтары бұл атаудың мағынасын жан-жақты көрсетеді. *Не мағына береді:* мәсінің сыртынан киюге арналған қонышсыз аяққиім; *Неден жасалады:* басын жұмсақ былғарыдан, табанын қатты ұлтаннан биік өкше етіп жасайды; *Бұл заттың ұлттық құндылығы неде:* оюлармен, күміспен әшекейлейді; *Кімдерге арналған:* ерлер мен қыз-келіншектерге т.б. Киіз үйдің керегесі бұл атаудың қазіргі таңдағы этномәдени сипатын анықтайды. Қазіргі таңда кебісті түрлендіріп, заманауи үлгіге үйлестіріп қолданады.

Текше әдісі. Бірінші жағы – сипаттау (түсі, пішіні, өлшемі, көлемі, яғни жалпы сипаты). Екінші жағы – салыстыру (ол неге ұқсайды? басты ерекшелігі неде?). Үшінші жағы – бейне (ассоциациялық тұрғыдан талдау жүргізу).

Төртінші жағы – талдау (бұл не үшін қажет? пайдасы неде?). Бесінші жағы – ұсыну (сіз оны қалай пайдалана аласыз?). Алтыншы жағы – тың деректер ұсыну, басқа қырларын ашу.

«Басқатырғыш» әдісі (пазл). Ойын негізінде құрылған инновациялық әдістердің бір түрі. Алдымен оқушыларды шағын топтарға бөлеміз. Әр топқа макротақырыптың құрамына кіретін микротақырыпшаларға қатысты этнографиялық атаулардың суреті бірнеше бөліктерге бөлініп беріледі. Білім алушылар берілген ұғымға қатысты ақпараттармен бөлісу арқылы берілген сурет бөлшектерін құрастыруы қажет. Мысалы, тұрғын үйдің ішкі бөліктері макротақырыбын алайық. Оқушыларды алты топқа бөлеміз. Топтарға (сықырлауық, сарнақ, шаңырақ, есік, күлдіреуіш, басқұр) секілді заттардың суретін төрт-төрт бөлікке бөліп үлестіреміз (себебі бір топта төрт адам). Әр топ оқушысы берілген атауға қатысты өз ойын жеткізе отырып суретті құрастырады.

«Түйе жасы – жұмбақ». Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз (1-сурет).

Сурет 1 – «Түйе жасы – жұмбақ» тапсырмасына арналған QR-код

2. Орта деңгей. Бұл деңгейде этнографиялық лексиканың мағынасын ғана емес, оның тілдік қолданыстағы ерекшеліктерін меңгерту маңызды. Осы мақсатта этнографиялық ұғымдардың фразеологиялық тіркестерде қолданылуы талданады. Мысалы, фразеологиялық сөз тіркестерімен жұмыс, контекстік талдау, яғни этнографиялық атаулардың мәтін ішіндегі мағынасын түсіну.

Кітаппен жұмыс істеу әдісі. Этнографиялық лексика халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, жазушылардың көркем шығармаларында, поэзияда жиі кездесетіндіктен кітаппен жұмыс істеу әдісін қолдану тиімді. Оқу үдерісі мен сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлауда білім алушылардың психологиясы мен жас ерекшелігіне қарай тапсырмалар беріледі. Біз нысан етіп алып отырған этнографиялық бірліктерді 9-сынып оқушыларына оқытуда ауыз әдебиеті үлгісінің бір түрі «Қыз Жібек» жырынан үзінділер алынды. Сабақ барысында оқушыларды «асық, ханталапай, ұлыстар, алаш зиялылары» секілді топқа бөлу әдістерін қолданып екі үлкен топқа бөлеміз.

Берілетін тапсырма: оқушылар берілген жыр үзінділерінен этнографиялық бірліктерді тауып, олардың мағынасын ашып, тақырыптық бөлінісін көрсетеді.

Мысалы:

Нұрдай болып шайқалып,
Сағымы жерде жайқалып,
Алтынды кебіс сартылдап,
Тебінгі, тоқым жарқылдап,
Сары ала қамшы қолында,
Маңызды, байсал бәйбіше
Кетіп барады найқалып («Қыз Жібек» жырынан үзінді, 115 б.)
Жел жетпейді шабысы,
Су төкпейді жүрісі.
Төлегенді іздеуге
Арнап жүрген осы аты.
Беренменен белдікпен,
Шұғаменен желдікпен,
Айылын баптап тартады,
Мақпалменен терліктеп.
Ер-тұрманы алтыннан,
Орнатып гауһар көздіктеп.
Бес қаруын бойына
Іліп алды беріктеп («Қыз Жібек» жырынан үзінді, 185 б.)

2 – тапсырма. Толық сынып оқушыларына нақты мәтін үзіндісін ұсыну. Бұл жерде «пікірталас, әңгіме, диалог, сұрақ-жауап» әдістері қолданылады. Мысалы, І.Есерберлиннің «Көшпенділер» романындағы мына үзіндіге назар аударсақ.

Хан шақыруынан қатты сезіктенген Жәнібек, бешпетінің ішінен қорасан болатынан жұқа етіп тоқыған шағын сауыт киді. Алдаспанын қамсыз қайрап, садақ жебесіне жаңадан сұңқар қауырсынын қадады.

Ханның аңға аттанатын күні жеткенде адыр басына керней-зурнайшылары шығып, бүкіл даланы басына көтере, барылдата тартып, аңшыларға «жиналыңдар» деп белгі берді. Оқшау төбелі мидай дала. Ат құлағы мен бүйра қымыздығы аралас біткен жасыл шалғын. Әлжуас сабақтары толығып ылдидағы қызғалдақ, сарғалдақтар көк майсадан жоғары көтеріліп, өрекпіп жеткен... Тұс-тұстан төбе басына сұлтан, әмір, бектер ағыла бастады. Кенет хан ордасы жағынан бір топ адам көрінді. Өзгеден сәл үздіктеу келе жатқан, жал-құйрығын түйіп тастаған күрең қасқа жүйрік ат мінген, үстінде аң аулауға деп арнап тіккен шолақ сауыт, зерлі күміс дулығасы

бар Әбілқайыр ханның өзі. Соңынан ергендері үзеңгілес батыр нөкерлері. Кілең жеңіл сауыт, ықшам киім киген. Аттарының бәрі жал-құйрығын түйіп тастаған, ауыздығымен алысқан жүйріктер. Үстіндеріндегі сауыттары, асынған қару-жарақтары күнмен шағылысқан осынау топтың ішінен үш-төрт әйел көзге түседі. Әсіресе, ортада келе жатқан, бүкіл Дешті Қыпшақ жеріне әйгілі «Ортеке» деп ат қойылған Күлсары сәйгүлік мінген жас әйел таңғажайып салтанатымен анадайдан-ақ көздің жауын алады. Астындағы сайгүлік жүйрігінің ат-әбзелі, жүген-құйысқаны, өмілдірігі – бәрі сары алтынмен апталған. Әйелдің үстінде алтын жіппен зерлеген сарғылт, дүрия қысқа шапан, басында сүйір ұшты құндыз бөрік. Шалбарының етегі де алтын оқамен әдіптелген («Алмаз қылыш», 10 б.)

Оқушылар берілген шығарма үзіндісінен этнографиялық бірліктерді теріп, олардың мағынасын сөздіктерден іздеуі тиіс. Жинақталған этнографиялық лексиканы мағыналық топтарға бөлу қажет. Қосымша тапсырмалар жиынтығы төмендегі QR-код арқылы беріледі (2-сурет).

Сурет 2 – Қосымша тапсырмаларға арналған QR-код

Тапсырма: Этнофразеологизмдерді берілген сөйлемдерден табыңыз.

Моланың көлеңкесіне малдас құрып отырды да үйінен ала шыққан сусынын жұтты (О.Б. б.18).

Түйе өркештенген адырлар бітіп, алдарынан далиып кең жазық ашылды (О.Б. б. 104).

Әр сөзі түйеден түскендей, сызылу, сыныксудан ада, ұрысқақ естіліп келеді (О.Б. б.230).

Жөн-жөн... әйтеуір қайда барсаң да бір-бірінен адасып жүрген ел, – деп кеудесін керіктей керіп, күрсінді де әдетінше шалқалап барып, шаңыраққа қарады (О.Б. б.274).

Мың да тоғыз жүз отыз бесінші жылы қапылыста айырылып қалған ұлымның өзі болмаса да – көзі, алтынымның бір сынығы, міне... қырық жылдан соң қара шаңырақты қыран құстай айналып тауып отыр (О.Б. б.325).

Асты-төк мол тамақтың қысымдап, шым-шымдап келген саран аузы сөгіліп, ит басына іркіт төгілгендей думанды кеш болды (О.Б. б.138).

Әңгіме әдісі. Сөйлесім – адамға тән әрекеттің бір түрі, қатысымдық сипат-

тағы дыбыс арқылы ойды сыртқа шығаратын әлеуметтік құбылыс. Тілдік қатынасқа байланысты бұл әрекет бес түрге бөлінеді. Олардың бірі оқылым әрекеті. Танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым, аналитикалық оқылым деген түрлерінің барлығы тіл үйренушіге жаңа ақпараттарды тез меңгеруге көмектеседі. Оқылым әрекеті өз кезегінде дауыстап оқу, іштей оқу деп екіге бөлінеді. Өзге әрекеттерге қарағанда күрделі, өз бойында фонемалық, графикалық, психологиялық және әдістемелік ерекшеліктерді қамтитын тілдік қатынастардың бірі – жазылым. Білім беру жүйесінде кеңінен тараған сөйлесім әрекетінің бір түрі – тыңдалым. Тыңдалым – аудирование сөзінің баламасы, тыңдау арқылы түсіну деген мағынаны білдіреді. Айтылым дегеніміз тұлғалар арасындағы коммуникацияны жүзеге асыратын әрекеттің бір түрі. Дәстүрлі білім беруде этнографиялық бірліктерді оқытуда оқушыларға төрт деңгейлік жүйе ұсыну тиімді. Алғашқы деңгейде «тыңдалым» тапсырмаларын ұсынамыз. Аудиомәтіндерде міндетті түрде этнографиялық лексика болуы шарт. Екінші деңгейде «оқылым» тапсырмаларын ұсынамыз. Шағын мәтіндерді оқытып, материалдық мәдениет лексикасына қатысты тілдік бірліктерді жинақтап, лексика-семантикалық топтарға бөлу керек. Мәтіннің соңында сұрақтарға жауап беру шарт. Үшінші деңгейде «жазылым» тапсырмасын ұсыну қажет. Берілген сөздер арқылы жазбаша мәтін құру. «Халқымыздың сарқылмас қазынасы» атты тақырыпта эссе жазу. Төртінші деңгей «айтылым» оқушылардың сұрақ-жауап алмасуы, өз пікірлерін білдіруі т.б. Айтылым әрекетіне арналған тапсырма үлгісі 2-кестеде ұсынылады. Кесте автордың зерттеуі негізінде құрастырылған.

Кесте 2 – «Қазақтың ұлттық киімдері» атты тақырыпта шағын әңгіме құраңыз

Ер адамның сырт киімдері	Әйел адамның сырт киімдері
Кебенек – жұқа басылған киізден тігілген, боранда жауын-шашында киетін сыртқы киім.	Кәзекей – жеңі жоқ, жағасы кеңірек ойылған, белден төмен түсетін, жеңіл, бағалы матадан тігілген киім.
Жадағай – астарсыз не жұқалап қой жүні салынып тігілген жеңіл сырт киім.	Белдемше – көйлек үстіне киілетін сәнді киімдердің бірі.
Шекпен – жүннен иіріліп, өрнектеп тоқылған сырт киім.	Ішік – қымбат бағалы аң терісінен тігілген жылы сырт киім.
Күпі – арасына жүн салып, тыстап тігілген қыстық сырт киім.	Қырмызы тон – қызыл матадан тігілген қаптал шапан.

Жоғары деңгей. Бұл кезеңде оқушылар этнографиялық бірліктерді мәдени-тарихи контексте терең талдау арқылы меңгереді. Мысалы, мәдени-тарихи

талдау – этнографиялық бірліктердің пайда болу себебі мен олардың семантикалық мазмұнын ғылыми тұрғыдан зерттейді. Кейстік әдіс – нақты оқиғалар мен тарихи деректерді қарастырып, сол контекстегі этнографиялық лексиканың рөлін талдау. Шығармашылық тапсырмалар алғашқы ғылыми мақала жазу тәжірибесін қалыптастырады.

Жоба арқылы оқыту. Барлық оқушыларға белгілі бір тақырыпты аяқтағанда немесе модуль соңында жоба үлгісіндегі тапсырмаларды ұсыну тиімді. Оқытудың бұл түрі жаңа мазмұнды игеруге, зерттеуге, оқушылардың өз бетінше ізденуіне, сыни тұрғыда ойланып өзгелермен жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Жоба арқылы оқытуда педагог – нұсқаушы, оқушы – басқарушы қызметін атқарады.

«Этно-ғылым» (этнографиялық зертхана). Этнографиялық өнімдердің ғылыми тұрғыдан пайдасын анықтауға негізделген тапсырма. Тапсырмалар:

1. Қымыз бен айран құрамындағы пайдалы бактерияларды анықтау.
2. Қазақ құртында қандай дәрумендер бар екенін зерттеу.
3. «Қымыз бен Red Bull: қайсысы күшті?». Оқушылар энергетикалық сусындар мен қымыздың айырмашылығын талдайды.

Бұл берілген тапсырмалар пәнаралық байланысқа негізделіп, оқушылардың этнографиялық бірліктерді биологиялық, химиялық тұрғыдан маңызын зерттеп, оны қазіргі өмірмен байланыстырады.

Этнографизмдерді оқу және оқыту барысында қалыптасатын басты қағидалардың бірі – материалдық және рухани мәдениеттің ара жігін ажырату. Этнография – бір халықтың ғана емес, жер бетіндегі туыстығы бар немесе ешқандай байланысы жоқ халықтардың мәдениеті мен болмысын, тұрмысын зерттейтін ғылым саласы болғандықтан, этнографиялық лексиканы оқытуда туыстас тілдермен салыстыру білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ғылыми көзқарасының қалыптасуына да оң әсерін тигізбек.

Қазіргі таңда инновация адам өмірі мен қызметінің, қоғам салаларының барлығына өз әсерін тигізіп отыр. Соның ішінде қазіргі білім беру жүйесінде жауапты, бастамашыл, жан-жақты қалыптасқан тұлға, болашақ маман даярлауда дұрыс тәсілдерді қолдану үлкен маңызға ие. Жалпы инновация ұғымы латын тілінен аударылғанда (innovation-инновация) өзгерту, жаңарту деген мағынаны білдіреді. Ол теориялық, технологиялық, педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы ретінде жаңа мазмұнды ұйымдастырады әрі нәтижені қамтамасыз етеді [9]. Экономикаға инновация ұғымын австриялық Й.Шумпетер мен неміс социологы В.Зомбарт XX ғасырдың 30-жылдары енгізген, білім берудегі инновация термині XX ғасырдың 50-жылдарында қолданыла бастады.

Оқытудың инновациялық әдістері оқу материалдарын меңгеру кезінде

(оқытушы-білім алушы) қатынасын орнатады. Оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін енгізу арқылы педагог оқу үдерісі мен жалпы білім берудің нақты реформасын жүзеге асырады. Оқушылардың оқу сапасының жақсаруы мен қызығушылығының артуы оқылатын пәнге, қолданылатын әдістер мен субъект-субъект қатынасына тікелей байланысты. Бұл әдістер шығармашылық іс-әрекеттің қалыптасуына мүмкіндік береді. Сол себепті олардың оқу процесіндегі тиімділігі зор. Ғалым Х.Е. Мейхнер педагогикалық эксперимент жүргізіп, инновациялық әдістердің басты артықшылықтарын көрсетеді. Мысалы, білім алушы оқыған мәліметтердің 10%, естіген ақпараттардың 20%, көрген, естіген мәліметтердің 50%, ал өздері айтып, ізденген, істеген әрекеттерінің 80-90% жадында сақтайды [10].

Дәстүрлі білім беру жүйесін сақтай отырып инновациялық әдістерді қолдану арқылы этнографиялық лексиканы жеңіл әрі тиімді түсіндіру маңызды. Сол себепті онлайн, офлайн форматта қолдануға тиімді этнографиялық лексиканы үйретуге арналған инновациялық тапсырмалар кешені ұсынылмақ.

1-қадам. Инфографикамен танысу және ChatGPT, Jasandy.com құралдарын пайдалану.

Графикалық мәтінді қарап шығыңыз. Инфографиканы ChatGPT-ке енгізіп, оны мәтіндік форматқа айналдырыңыз. 3-суретте берілген.

Jasandy.com платформасын қолданып, мәтіннің мағынасын түсінуге көмекші құрал ретінде пайдаланыңыз. Міндеттері:

Графикалық мәтіннен алынған ақпаратты мәтін түрінде жазыңыз.

Мәтін бойынша 3-4 сұрақ құрастырыңыз.

Сурет 3 – Этнографиялық лексиканы меңгертуге арналған инфографика

2-қадам. Салыстыр, ойлан, түсін: өз ойларыңызды берілген негізгі мәтінмен салыстырыңыз.

3-қадам. Sozdikqor.kz және Termincom.kz сайттарын пайдалану. Міндеттері:

Әр сөздің анықтамасын және қолдану мысалдарын дәптерге немесе Google Docs-та жазып алыңыз.

Осы сөздермен 2-3 сөйлем құрастырыңыз.

4-қадам. Fobizz платформасын пайдалану.

Инфографиканың мазмұнына сүйеніп, келесі сұрақтарды жасанды ботпен талқылаңыз.

Тіл мен мәдениет арасында қандай байланыс бар?

Этнография нені зерттейді?

Тіл арқылы мәдениетті қалай насихаттауға болады?

Этнографиялық зерттеулер не үшін маңызды?

Қазақ халқының қай дәстүрі сізді ерекше қызықтырады?

Егер сіз этнограф болсаңыз, қай халықтың мәдениетін зерттер едіңіз? Неге?

Міндеттері: платформадағы жауаптарды талдап, маңызды ақпаратты дәптерге немесе Google Docs-та жазыңыз.

Жасанды интеллектке негізделген этнографиялық лексиканы оқыту барысында fabula-ai.com (сурет генераторы), gamma.app (презентация жасау), prepai.io (мәтін және тест сұрақтарын құрастыру), gemini (ақпараттық чат-бот), roshi.ai (оқу материалдарын дайындау), to-teach.ai (сабақ жоспарын жасау, жұмыс парақшаларын дайындау) секілді онлайн цифрлық құралды қолдану тиімді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі этнографиялық лексиканы меңгертудің мазмұндық және әдістемелік жүйесі айқындалды. Біріншіден, этнографиялық бірліктерді игеру үдерісі бастапқы, орта және жоғары деңгейлерге жіктелді. Бастапқы деңгейде атаудың негізгі мағынасын тану, сөздік анықтамасын түсіну және оны заттық бейнемен сәйкестендіру көзделсе, орта деңгейде этнографизмдердің көркем мәтіндегі, фразеологиялық тіркестегі және сөйлеу жағдаятындағы қолданысын анықтау басымдық алды. Жоғары деңгейде атаулардың тарихи-мәдени негізін талдау, салыстыру, дереккөздермен жұмыс істеу және шағын зерттеу жүргізу әрекеттері белгіленді. Мұндай сатылы құрылым оқу тапсырмаларын білім алушының жас және танымдық ерекшелігіне қарай бірізді күрделендіруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, этнографиялық лексиканы меңгертетін әдістер мазмұндық қызметіне қарай жүйеленді. Сөздікпен және кітаппен жұмыс, контекстік және лексика-семантикалық талдау атаудың мағынасы мен қолданысын ашуға бағытталды. «Киіз үй», «текше», «басқатырғыш», салыстыру, кейс және жоба әдістері білім алушының ақпаратты талдауына, топтастыруына, дәлелдеуіне және шығармашылықпен ұсынуына негіз болды. Осы әдістер жеке-жеке емес, бір оқу мақсатына бағындырылған өзара сабақтас кешен ретінде қарастырылды.

Үшіншіден, тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым әрекеттерін кіріктіретін тапсырмалар жүйесі ұсынылды. Тапсырмалар этнографиялық атауды табу, мағынасын түсіндіру, тақырыптық топқа бөлу, тұрақты тіркестер құрамында талдау, диалог пен мәтін құрастыру және мәдени мазмұнын пайымдау кезеңдерін қамтыды. Бұл жүйе лексикалық білімді қатысымдық қолданыспен ұштастыруға бағытталған. Сонымен қатар тапсырмаларды бағалаудың мазмұнды түсіну, сөзді контексте дұрыс қолдану, мәдени ақпаратты түсіндіру және дерекке сүйеніп пікір білдіру сияқты өлшемдері нақтыланды.

Төртіншіден, цифрлық ресурстарды пайдаланудың әдістемелік үлгісі жасалды. ChatGPT, Jasandy.com, Sozdikqor.kz, Termincom.kz, Fobizz және өзге платформалар ақпаратты іздеу, салыстыру, визуализациялау және тапсырма құрастыру құралы ретінде ұсынылды. Сонымен бірге цифрлық жауаптарды сөздік және ғылыми дереккөздермен тексеру қажеттігі ескерілді. Зерттеу нәтижесінде мұғалімнің сабақ мазмұнына бейімдеп қолдануына болатын деңгейлік тапсырмалар кешені мен цифрлық сүйемелдеу тетіктері тұжырымдалды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, этнографиялық лексиканы меңгерту қазақ тілін оқытудың тек лексикалық бағытына жатпайды, ол тілдік білімді ұлттық тарихпен, дәстүрлі мәдениетпен және халықтың дүниетанымымен сабақтастыратын кешенді үдеріс. Зерттеу барысында этнографиялық атауды жеке сөз ретінде жаттатудан гөрі, оның мағынасын көркем мәтін, фразеологиялық тіркес, нақты жағдаят және мәдени-тарихи дерек аясында ашудың тиімді екені негізделді. Осындай контекстік ұстаным білім алушыға атаудың номинативтік мағынасын ғана емес, оның бағалауыштық, символдық және мәдени мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған деңгейлік жүйе этнографиялық бірліктерді қарапайым тану мен түсіндіруден бастап, оларды сөйлеуде қолдану, салыстыру, мәдени тұрғыдан түсіндіру және зерттеу әрекетіне дейін бірізді меңгертуді көздейді. Тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым әрекеттерінің кіріктірілуі этнографиялық лексиканы пассив сөздік қордан белсенді қолданысқа көшірудің әдістемелік алғышартын қалыптастырады.

Цифрлық платформалар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану материалды визуализациялауға, тапсырмаларды саралауға және қосымша дерек іздеуге мүмкіндік береді. Алайда мұндай құралдардың жауабы мұғалімнің әдістемелік бақылауынсыз және сенімді сөздіктер мен ғылыми еңбектер арқылы тексерусіз қолданылмауы тиіс. Сондықтан цифрлық технология дәстүрлі оқыту тәсілдерін алмастыратын емес, оларды толықтыратын құрал

ретінде қарастырылады. Зерттеудің практикалық маңызы ұсынылған тапсырмалар мен әдістерді қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында, таңдау курстарында, үйірме және өзіндік жұмыстарда қолдануға болатындығымен айқындалады.

Әдебиеттер

1. Әбдісүлейменова, Р. Қазақ тілін техникалық жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 192 б.

2. Уәли, Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 53 б.

3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (05.08.2024). https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

4. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (2023).

5. «2025–2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2025. – 104 б

6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қаралған күні: 30.07.2026).

7. Жусанбаева, С.Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 210 б.

8. Бітібаева, Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2012. – 314 б.

9. Сагдиева, И.Т. Инновационная деятельность в образовательной организации: региональный опыт // Инновации в образовании. – 2016. – №2. – С. 70-79.

10. Мынбаева, А.К. Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать: учеб. пос. – Алматы, 2007. – 284 с.

Ф.С. МУХТАРОВА

Школа-гимназия № 83 имени Ыбырая Алтынсарина

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОСВОЕНИЯ ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЛЕКСИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы обу-

чения этнографической лексике казахского языка. Цель исследования заключается в разработке системы эффективных методов и заданий, обеспечивающих освоение этнографических единиц в семантическом, контекстуальном и лингвокультурном аспектах. В качестве исследовательских материалов использованы научные труды по методике преподавания казахского языка, нормативные документы, толковые и фразеологические словари, а также цифровые образовательные платформы. В работе применены методы теоретического анализа, обобщения, описания, лексико-семантического и контекстуального анализа, сопоставления, классификации и методического моделирования. В результате определены начальный, средний и продвинутый уровни освоения этнографической лексики; в соответствии с каждым уровнем систематизированы работа со словарём, анализ текста, проектная деятельность, кросс-культурное сопоставление, а также методы «киіз үй», «пазл». Предложен комплекс заданий, интегрирующих аудирование, чтение, письмо и говорение. Разработанная система направлена на расширение словарного запаса учащихся, развитие их этнокультурного сознания, коммуникативной активности и способности осмысливать национальные ценности посредством языка. Практическая значимость исследования определяется возможностью систематического применения предложенных заданий на уроках казахского языка, элективных курсах и в самостоятельной работе учащихся, а также их использованием в целях совершенствования педагогической практики.

Ключевые слова: этнографическая лексика, методика преподавания казахского языка, лингвокультурная компетенция, речевые навыки, инновационные методы, цифровые технологии, искусственный интеллект.

F.S. MUKHTAROVA

Ybyrai Altynsarin School-Gymnasium №83

EFFECTIVE METHODS FOR TEACHING AND LEARNING KAZAKH ETHNOGRAPHIC VOCABULARY

Abstract. The article examines the scientific and methodological foundations for teaching ethnographic vocabulary in the Kazakh language. The study aims to develop a system of effective methods and tasks that facilitate the acquisition of ethnographic units from semantic, contextual, and linguocultural perspectives. The research draws on scholarly works in Kazakh language teaching methodology, regulatory documents, explanatory and phraseological dictionaries, as well as digital educational platforms. The methods employed include theoretical analysis,

synthesis, description, lexical-semantic and contextual analysis, comparison, classification, and methodological modelling. As a result, basic, intermediate, and advanced levels of ethnographic vocabulary acquisition were identified. Appropriate techniques were systematised for each level, including dictionary-based work, textual analysis, project-based learning, cross-cultural comparison, and the «kiiz ui» and «puzzle» methods. An integrated set of tasks incorporating listening, reading, writing, and speaking was also proposed. The developed system is intended to expand students' vocabulary, enhance their ethnocultural awareness and communicative engagement, and develop their ability to interpret national values through language. The practical significance of the study lies in the possibility of systematically applying the proposed tasks in Kazakh language lessons, elective courses, and students' independent work, as well as in using them to improve teaching practice.

Keywords: ethnographic vocabulary, Kazakh language teaching methodology, linguocultural competence, language skills, innovative methods, digital technologies, artificial intelligence.

References

1. Ábdisúleımenova, R. (2007). Qazaq tilin tehnıkalyq joǵary oqý oryndarynda oqytý ádistemesi (Methodology for teaching the Kazakh language at technical higher education institutions). Almaty: Sózdik-Slovar'. 192 p.

2. Ýáli, N. (2007). Qazaq sóz mádenıetiniń teorıalyq negizderi: 10.02.02: fılol. ǵyl. dok. ... avtoref. (Theoretical foundations of Kazakh speech culture: Abstract of a doctoral dissertation in philology, specialty 10.02.02). Almaty. 53 p.

3. «Birtutas tárbıe» baǵdarlamasy (The «Birtutas Tarbie» Unified Education Program). (2024, August 5). https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

4. Qazaqstan Respublikasynda til saıasatyn damytýdyń 2023–2029 jyldarǵa arnalǵan tujyrymdamasyn iske asyrý jónindegi is-qımyl jospary. Government of the Republic of Kazakhstan. (2023).

5. 2025–2026 oqý jylynda Qazaqstan Respublikasynyń jalpy bilim beretin mektepterinde bilim berý protsesin uıymdastyrýdyń erekshelikteri týraly: Ádistemelik nusqaý hat. Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education. 172 p. https://uba.edu.kz/storage/app/media/77777%20KZ%20%20KZ.pdf

6. Republic of Kazakhstan. (2007). Qazaqstan Respublikasynyń «Bilim týraly» Zańy (Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»), №319-III, 27 July 2007, as amended. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (Accessed: 30 July 2026).

7. Jýsanbaeva, S. B. (2016). Qazaq tilin oqytýdyń ınnovatsıalyq ádistemesi

(Innovative methodology for teaching the Kazakh language). Almaty: Qazaq ýnıversıteti. 210 p.

8. Bitibaeva, Q. O. (2012). Qazaq ádebıetin tereńdetip oqytýdyń ınnovatsıalyq ádistemesi men tehnologıasy (Innovative methodology and technology for advanced teaching of Kazakh literature). Almaty. 314 p.

9. Sagdieva, I. T. (2016). Innovatsionnaya deyatel'nost' v obrazovatel'noi organizatsii: regional'nyi opyt (Innovative activity in an educational organization: Regional experience). Innovatsii v obrazovanii (Innovations in Education), 2, pp. 70–79.

10. Mynbaeva, A. K., Sadvakasova, Z. M. (2007). Innovatsionnye metody obucheniya, ili kak interesno prepodavat': uchebnoe posobie (Innovative teaching methods, or how to make teaching engaging: A study guide). Almaty. 284 p.

Автор туралы мәлімет:

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы – PhD, Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, Астана, Қазақстан;

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы – PhD, Школа-гимназия № 83 имени Ыбырая Алтынсарина, Астана, Казахстан;

Fariza Seidakhmetkyzy Mukhtarova – PhD, Ybyrai Altynsarin School-Gymnasium №83, Astana, Kazakhstan.

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Мақалалардың мазмұны мен стиліне
авторлар жауапты.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **А. Қожахмет**
Жауапты редактор **Ж. Искакова**
Дизайнын және электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні: 27 .08.2026
Электронды нұсқаға қол қойылған күні: 14.09.2026
Пішімі 70х100 1/16 Шартты баспа табағы 10.32